

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ**

**Тлеубекова Ботакөз Тұрғамбайқызы  
Еділхан Өміртай  
Әубәкір Зәмзәгүл Молдыраманқызы**

# **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

*Филология мамандықтарының студенттеріне  
арналған оқу құралы*

АЛМАТЫ  
2019

ӘОЖ 821.512.122.0(075.8)  
КБЖ 83.3(5 Қаз) я73  
Т48

*Орталық Қазақстан Академиясының «Тіл және аударма»  
факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен басуға ұсынылды*

***Пікір жазғандар:***

Филология ғылымдарының докторы, профессор - **А.Е.Жартыбаев**;  
Филология ғылымдарының кандидаты - **О.М. Әбутәліп**

**Тлеубекова Б.Т., Еділхан Ө., Әубәкір З.М.**

**Т48 XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқу құралы** - Алматы,  
2019. -132 бет.

ISBN 978-601-332-538-5

Оқу құралында Ш.Құдайбердиев әдеби мұрасы, поэзиясы, А.Байтұрсынов шығармашылық өмрбаяны, қоғамдық қызметі, поэзиясы, М.Дулатов әдеби мұрасы, ақындығы, М.Жұмабаевтың табиғат лирикасы, поэмалары, Ж.Аймауытовтың романдары, Б.Майлиннің әңгімесі идеялық-көркемдік жағынан қарастырып, С.Сейфуллин өмір жолы, шығармашылығы қарастырылды. Кеңес дәуірі кезіндегі шығармаларға бүгінгі көзқараспен қайта баға беру, образдардың сомдалу ерекшеліктері, орыс әдебиеті шығармаларымен салыстыру жасау, жазушылық шеберлік, оның ішінде детальдарға, астарлы сөздерге көңіл аудару мәселелері сөз болады.

ӘОЖ 821.512.122.0(075.8)  
КБЖ 83.3(5 Қаз) я73

ISBN 978-601-332-538-5

© Тлеубекова Б.Т., Еділхан Ө.,  
Әубәкір З.М., 2019

## КІРІСПЕ

XX ғасырдағы қазақ романы - әдебиетіміздің үлкен табысы, классикалық үлгідегі шынайы көркем туындылар. Әдебиеттің негізгі басты объектісі – адам. Сондықтан әдебиет кезеңдерінің дамуы - адамның психологиялық көркем толысуы деуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда, көркем шығарманың қай түрі болса да, адамның іс-әрекетінің себеп-салдарын, сезім дүниесін өрбітеді, жан дүниесінің құбылыстарын көркем сөз құдіретімен өрнектеп, кейіпкердің өз заманына сай жай-күйін көрсетеді. Сыншы С.Қирабаев тарих пен әдебиеттің сабақтастығы жайлы «Көне замандардан бері әдебиет өзінің материалын тарихтан алып, оны көркем суретке айналдырып, өсіп, жетіліп келеді. Әдебиет өзінің зерттеу объектісі – адамды белгілі дәуірде, тарихи ортада алып суреттеу арқылы сол кезеңнің шындығын да, бейнесін де ашады. Адам тағдыры арқылы тарихи ой-сананың қалыптасуын көрсетіп, оқырманға өмір танытады, оны тәрбиелейді, адамгершілікке баулиды, тарихтың біз үшін эстетикалық сабағы да осында» - десе [1, 21], ғалым Р.Нұрғали XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қазақ қоғамындағы рухани құндылығы, шынайлығы тұрғысында «Саясаттан қашу, тоталитаризм құрығынан құтылу үшін қаламгерлер шыншыл сөз өткізудің сан алуан тәсілін тапты: бүгінгі тақырыптардан кетіп, тарих қойнауына сүңгіді: астарлы емеурін ой айту амалдарын меңгерді: сөз өнерінің табиғатына жат сарындардан безді. Көкейкесті сырларды бейнелі, суретті, ишара сырлы сөзбен айта білген үздік шығармалар халық махаббатына бөленді, ұлттың рухани игілігіне айналды: еліміздің тұрмыс-салтын, тарихын, мінез-құлқын өзге жұрттарға таныстырды», - деп пайымдау жасады [2, 8].

Роман – дүние жүзі әдебиетінде де жоғары бағаланатын күрделі жанр. Өмір құбылыстарын кеңінен көрсететін, қым-қиғаш әлеуметтік оқиғаларды адам тағдырымен байланыстыра суреттейтін роман – әдебиеттің нағыз шыңы, ең жоғарғы түрі. Роман жанры батыс елдерінде XIX ғасырда биік шыңға көтерілген еді.

XX ғасырда қазақ романы қалай қалыптасты, қалай дамыды? Реалистік роман жанрының мүмкіндігі де мол, стиль байлығы жөнінен де прозаның ең бір шоқтығы биік, күрделі түрі деуге болады. Ол өлеңге қарама-қарсы емес. Бірақ роман жанрында өлең фрагменттері де, тіпті өлеңмен жазылған роман да болады. Мысалы: А. С. Пушкин

«Евгений Онегин», С.Торайғыровтың «Қамар сұлуы», «Кім жазықты?» атты шығармалары осыған дәлел емес пе?!

Қазақ романы тақыр жерде, бір күнде пайда болған жоқ. Ол халықтың баяндау, әңгімелеу дәстүрінің бай үлгілері негізінде қалыптасқан. Ел өмірінің шынайы суреттерін бейнелеп, қоғамның әлеуметтік өмірінің әр қырынан сыр шертетін бұл шығармалар, әдебиет тарихынан лайықты орын алған туындылар деуге әбден негіз бар.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1910), Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» (1926-1928 ж.ж.) романдары – осы жанрдың жарқын үлгісі. Әдебиетіміздің кейінгі дәуірлердегі өркендеуіне жол көрсеткен, көркем прозаның дамуына өз дәрежесінде ықпал жасай білген, халықтың мәдени өміріндегі оң өзгерістердің алдыңғы сапында болған қаламгерлер шығармашылығының маңызы өте зор болды.

XX ғасырдың 20-жылдарында бүтін бір қазақ ұрпағының рухани, әдеби шамшырағы Абай еді.

М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М.Әуезов шығармалары – нағыз класикалық әдебиет туындылары: жекелей ерекшеліктері, стилі, көркемдік жағынан бір-біріне ұқсамайтын, хас шебердің қолынан шыққандай ерекше дүниелер. Әдебиетіміздің саны емес, сапасы жағынан жаңа белеске көтерілген кезеңі еді. Адам жаны, оның арман-мүддесі, не үшін өмір кешті, неден қиналды, неге ұмтылды, кейіпкердің іс-әрекеті неге солай болды, не сезінді, қандай күйді кешті деген сансыз сұрақтарға жауап берген осы шығармалар арада жылдар өтіп халқымен қайта қауышты. Бұл – қайта оралған әдебиет. Бұл - шыншылдығымен, сыршылдығымен, сөз кестесінің әсемдігімен, көркем бояуымен сәтті шыққан дүниелер. Көркемдік стильдік ерекшелігімен, сөзімен ғана есте қалмайды, адами құндылықтардың мәселесімен есте қалады, бағасы да сонымен өлшенеді.

Қайта оралған жазушылардың стилі де бір күнде пайда болған жоқ. Қазақ прозасының жанрлық және стильдік дамуы ғасырлар бойы дайындалған, сұрыпталған, яғни бұдан бұрынғы қазақ эпостық жанрының дамуымен байланыста қалыптасқан. XX ғасырдағы қазақ прозасын жаңа белеске көтерген қаламгер Ж. Аймауытов шығармашылығы әдебиетіміздегі психологиялық роман жанрының бастапқы үлгілерінің негізін қалайды.

Ғасыр басындағы шиеленісті күрделі оқиғаларды игеруге талпыныс жасаған роман - ұлт-азаттық көтерілістің қазақ даласын дүр

сілкіндіруін ғана емес, халықтың рухани дүниесінің жаңғыруын бейнелеген шығарма.

Жаңа заманның жаңа кейіпкерлерін бейнелеуде роман жанрының мол мүмкіндіктері бар еді.

«Қазіргі қазақ әдебиеті» оқу құралында бағдарлама бойынша студенттерге өтілетін ақын-жазушылар шығармаларына тоқталуды мақсат еттік. Бұл еңбекте М.Жұмабаевтың табиғат лирикасы, поэмалары, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа» романдары, Б.Майлиннің «Қара шелек» әңгімесі идеялық-көркемдік жағынан қарастырылды. Кеңес дәуірі кезіндегі шығармаларға бүгінгі көзқараспен қайта баға беру, образдардың сомдалу ерекшеліктері, орыс әдебиеті шығармаларымен салыстыру жасау, жазушылық шеберлік, оның ішінде детальдарға, астарлы сөздерге көңіл аудару мәселелері сөз болады. XX ғасырдың басынан бергі әр түрлі сын, зерттеулерге де орын берілді.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВ (1858-1931)

Шәкәрім шығармашылығы – қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі құбылыс. Ш.Құдайбердиев 1858 жылы 11 шілдеде Шыңғыс тау бөктерінде, қазіргі Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысының Абай ауданында дүниеге келген. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасынан хат таниды. Ол 1866 жылы әкесі дүние салады. Шығыс, Батыс классиктерінің шығармашылығын жете танып, мұсылмандық білімді де еркін меңгерген. Түркі халықтары тарихын терең білетін, діни, тарихи тақырыптарға еңбектер жазған («Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық»). Араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білді, орыс тіліне жетік болды. Ағасы Абайға берген уәдесін орындап, 1905-06 жылы қажыға барып қайтады. Сапардағы уақытын Стамбул, Бағдат, Мысыр кітапханаларында өткізеді. Шәкірім 1917 жылғы ақпан төңкерісін қуанышпен қарсы алды. «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» деген өлеңдерін жазады. Осы кезде «Алаш» партиясы құрылып, Шәкәрім партия съездеріне қатысты. Жетпіс екі жасқа қарағанда Шәкәрім тағы да Шыңғыс тауына кетіп қалуы арқылы ГПУ мүшелеріне сезік тудырады да, аң аулап жүрген кезінде ГПУ адамдары 1931-жылы 20-қазанда атып кетеді.

Халықтық арна Абайдан кейінгі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Шәкәрімнің шығармашылығының да негізгі идеялық – көркемдік нысанасына айналды. Оның реализмі, әсіресе саяси, азаматтық лирикада айқын көрінеді. Азаматтық пафос оның өлеңдерінің қазығына айналды. Қоғамның басындағы нақты жағдайды көре білді, кемшілік – кеселдердің тамырына балта жабудың жолдарын іздеді. Халық тағдыры – Шәкәрімнің жырындағы көкейкесті тақырып. Ақын реализмінің күші өз қоғамындағы әлеуметтік жағдайларды, теңсіздікті көре білуінде, соны әшкерелей білуінде. Бұны ақын жеке адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынаудан бастайды. «Ескіден қалған сөз теріп» өлеңінде осы жағдай нақты көрініс тапқан. Адам баласына тұсау болып отырған жаман әдеттер – Шәкәрімнің басты дұшпаны. Сондықтан да жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттер адалдық пен әділдік, білімділік пен еңбекқорлық, парасаттылық пен зиялылық мәселелерін жырлауда Шәкәрімге жетер ақын жоқ. «Насихат» өлеңінде ақын:

Адалдық жолы болар заман бар ма,

Жем болдық шын жексұрын надандарға.

Адастың деп отырмын айғай салып,

Бар тапқаным сол болды, амал бар ма... - деп күйінеді. Ол надандық торлаған қазақ даласына адалдық келіп, әділет жолбасшы болар күнді армандайды. Ақын осынау надандықтың түп тамыры адамдардың бойындағы сауатсыздық пен қараңғылықта, жалқаулық пен бойкүйездікте жатқанын жақсы біледі. Шәкәрімнің азаматтық ірі мақсатының бірі – ұлтының бойына пәле болып жабысқан жағымсыз қасиеттерден арылу. Шәкәрім Абайдағы өнер-ғылымға үндеудің арнасын отаршылдықтың езгісіндегі ұлтының бостандығы жолындағы күреске бұруға ұмтылып, ол жолдағы ел мен ер бірлігінің атқарар міндетін айқындауды шығармашылығының негізгі өзегіне айналдырады. Шәкәрім шығармашылығында таза ағартушылық тақырыптың да орны ерекше. Шәкәрім жәй оқуға шақырушы емес, Шәкәрім үшін оқу-білім – ғылым жолы. Оның бұл ойлары «Сен ғылымға», «Сынатарсың өзіңді», «Ғылымсыз адам хайуан» т.б өлеңдерінде анық та, нақты көрініс тапқан. Ол әйтеуір оқудың жоқшысы емес, сол оқу апарар танымның жолбасшысы.

Оның қаламынан көркемдік бояуы өзгеше «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» тәрізді эпикалық сипаттағы шығармалар туды. Шәкәрім өз поэмаларында қазақтың өткен өміріндегі оқиғаларды арқау етті. Кейіпкерлері – тарихта болған адамдар, жер-су аттары нақты. Бұлардың ішінде «Нартайлақ пен Айсұлуды» Шәкәрімнің өзі көркемдік деңгейі төмен беп бағалаған. Бұл шығарманың тақырыбы – бір сөзбен айтқанда әйел теңсіздігі. Қ.Мұхаметхановтың пікірінше, «Қалқаман – Мамыр» 1888 жылы, «Еңлік – Кебек» 1891 жылы жазылған.

«Қалқаман – Мамыр» дастанын Шәкәрімнің өзі «тарихи хикая» деп атаған. Ақын махаббат мұңлықтарының басындағы трагедия мен ел, қоғам басындағы трагедияны асқан шеберлікпен, ақындық көрегендікпен ұштастырады. Жанрлық жағынан алғанда поэма элеуметтік сипаты терең лиро-эпикалық дастан үлгісінде. Поэма қазақ даласына жасалған жоңғар шапқыншылығы қарсаңындағы халық тұрмысын қамтиды. Ағайындас екі жас Қалқаман мен Мамыр бір – біріне ғашық болады. Бұған Мамырдың немере ағасы Көкенай қарсы болып, Мамырды атып өлтіреді. Қалқаманның жақыны Әнет бабадан оны ұстап беруді сұрайды. Ақыры Қалқаманды Көкенайға атуды бұйырады, бірақ ол өлмей қалады да, еліне ренжіп нағашы жұртына кетіп қалады. Поэмадағы махаббат мәселесі Шәкәрімнің жалпы адамгер-

шілік, азаматтық көзқарасының негізі ретінде көрініп, оның бостандық сүйгіш бағытын анықтайды. Дастанды ақын екі жас арасындағы махаббатты бейнелей отырып, сол дәуірдегі адам санасын, қоғамдық - әлеуметтік өмірді, ондағы қайшылықтарды кең көлемде көрсетуге бағыттаған.

Шәкәрім «Еңлік – Кебекті» тікелей Абай тапсырысымен жазған. Поэманың жанрын - әлеуметтік дастан деп қарастырған орынды. Матай мен Тобықты арасындағы жерге байланысты тартыс толастаған кезде Тобықтының жас батыры Кебек Еңлік сұлуға ғашық болып, тағдырын қосып, елден жырақ тұрып жатады. Осы тұста Матай елі қалыңын төлеп, айттырып қойған қызды қайтарып, Кебекті жазалауды сұрап, Тобықты еліне кісі салады. Еларасы тағы бұзылатын болады. Осыны сезген Тобықты басшы Кеңгірбай Матайларға қашқындарды өздері ұстап, жаға қолдануға рұқсат береді. Олар Кебек пен Еңлікті жасырын жатқан жерінен ұстап алып, өлім жазасына кеседі. Сөйтіп екі жас қазаға ұшырайды. Поэмада махаббат мәселесі өте қысқа сөз болады. Шәкәрім «Еңлік – Кебек» арқылы қазақ поэзиясындағы психологиялық поэманың негізін қалады.

Шәкәрім поэмаларында әр түрлі дәрежеде болса да халық бейнесі кездесіп отырады. «Еңлік – Кебек» поэмасы өткен тарихи оқиғаға өзіндік көзқарасымен, кейіпкерлерін жаңаша сомдаумен, көркем тілімен қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтеріп, поэма жанрын дамытуға Шәкәрім ақынның ең үлкен табысының бірі болып табылады.

Ш.Құдайбердиев өлең өлкесінде ғана еңбек етіп қоймай, қазақ прозасына да едәуір үлес қосты. Прозалық туындылары – «Мұсылман шарты», «Бәйшешек бақшасы» әңгімелер топтамасы, «Қайғылы роман» деп аталатын шығармасы, «Мәңгі сөздер» атты афоризмдер топтамасы, «Шын бақтың айнасы», «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» тағы басқа толғамдары қосылады. Шәкәрімнің баспа бетін көрген әңгімелері көп емес. Бірнешеуі кейін жарияланды. Көлемді шығармасы «Әділ Марияға» қарағанда, әңгімелері шығыстық мазмұнда, халық ауыз әдебиеті үлгісімен ғибраттық – дидактикалық сарында жазылған. Бұлар – идеясы мен мазмұны үндес, бір қолдан шыққан дүниелер. Шәкәрімнің қай әңгімесін алсақ та өзіндік бір ерекшелік – шағын ғана оқиға, аз сөзден ғибраттық үлгі алатын қорытынды жасап отыруы. Қара сөзді шығармаларының ішінде көлемі жағынан да, көтерген мәселесі жағынан да ауқымдысы - «Әділ Мария» романы. Автор шығармасын «Қайғылы роман» деп те атаған. Романды алпыс екі жасында жазған. Романда ескі қазақ өмірі, сол кездегі әлеуметтік



теңсіздік, сүйгеніне қосылса да зорлық пен әділетсіздіктің құрбаны болған әйел тағдыры шындықпен суреттеледі. Шығарманың бас кейіпкерлері - Әділ мен Мария арасында оқиға өмірде болған. Роман алғаш рет «Жұлдыз» журналының 1988 жылғы №11 санында жарияланған.

Шәкәрім шығармалары жан – жақтылығымен ерекшеленеді. Өлеңдері, поэмалары, аудармалары, әңгімелері, мақалалары, қара сөздері – Шәкәрім қалдырған өлмес туындылар.

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЙ** **(1893-1938)**

**Мағжан Жұмабай (Әбілмағжан) Бекенұлы** (25 маусым 1893, Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасықкөл жағасы – 19 наурыз 1938, Алматы) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызды өкілі. Атасы – Жұмабай қажы. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасының есімі – Гүлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905 – 1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Нәйям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді. Баспадан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды. 1910 -1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С.Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады. Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. «Садақ» журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды.

1913 –1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. «Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып,

«Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялайды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитеті құрамына сайланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпы қазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпы қазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1918 – 1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. 1919–1923 жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады. 1923 -1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 жылы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Жұмабайұлының 1922 жылы қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылы 14 ақпандағы санында басылды. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын «Сәлем хат» деген өлең жазды. Ол «Тілші» газетінде жарияланды. «Еңбекқазақ» газетінің 1924 жылы 19 желтоқсанындағы санында С. Мұқановтың «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына» деген ескертпемен «Сәлемге сәлем» деген жауап өлеңі басылды. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбаса да, «уралап айқайламадың» деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемедің деген айыппен Жұмабайұлы қатаң сынға алынды. Жұмабайұлы 1927 – 1929 жылы Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 жылы Жұмабайұлы «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы

М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 жылы наурызда Жұмабайұлы Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

### **Мағжан Жұмабаев шығармалары**

Ақын тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны “хакім” деп атады, ұлы ақынның “мың жыл жұтса дәмі кетпес” сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты, Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты. Жұмабайұлы ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді (“Шын сорлы”), халқын өнер-білімге шақырды (“Ләззат қайда?”, “Жазғы таң”, “Өнер-білім қайтсе табылар”, “Балалық шақ”, “Қазағым”, “Қарағым”, “Осы күнгі күй”, “Мен сорлы”). Бірқатар өлеңдерін махаббат тақырыбына арнады (“Жас келін”, “Зарлы сұлу”, “Сүйгеніме”, “Алданған сұлу”). Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін Жұмабайұлы ұлт азаттық тақырыбын үзбей толғанды, оны өз поэзиясының өзегі етті. Бүкіл халықты тап, топқа жіктемей, Қазақ елін әлемдік мәдени жетістіктерге қол жеткізуге қандай күш кедергі деген сауал қойып, оған басты кедергі – отаршылдық деген шешімге келді. Бастапқы кезде бұл тақырып туған жердің табиғатын тамашалаудан барып қайран жердің ендігі күні не болады деген уайым-қайғыға ұласады, ақыры келіп кіндік қаны тамған нулы, сулы өлкені жаулап жатқан қара шекпенді отаршылдыққа қарсы наразылық оты болып тұтанды (“Туған жерім – Сасықкөл”). Ақын халқымен бірге күйзелді, осыдан келіп романтикалық әуенге бөленген жорық идеясы туды (“Жарыма”, “Есімде... тек таң атсын”, “Жаралы жан”, “Мен жастарға сенемін”, т.б.). Жұмабайұлы шығармаларындағы романтикалық сарын, әсіресе, оның символистік арнада жазған өлеңдерінен айқын көрінеді. Ақын символизмі болашақ пердесін ашатын жаңа мифология туғызды, келешек суретін салу саясатшылардың емес, ақындардың қолында деген сенімге айналды (“От”, “Пайғамбар”, “Күншығыс”, “Жаралы жан”, “Айға”, т.б.). Ақын дыбыс-буынның

соны үндестіктерін тауып, қазақ жырын байыта түсті (“Шолпы”). Жұмабайұлы поэзиясындағы құнарлы арнаның бірі – түркі тақырыбы. Түркі халықтарының бірлігі тақырыбы Жұмабайұлы поэзиясының әуелден қалыптасқан алтын арқауы іспетті. Ақын дүниетанымына Қызылжардағы Бегішев медресесінде оқуы көп ықпал етті. Ол жас өрен жүрегіне түрікке деген бауырмалдық сезім туғызды. “Шолпан” жинағындағы “Орал тауы” өлеңінде:

“Қосылып батыр түрік балалары,  
Таптатпа, жолын кесіп тізгінге орал”

– деп жазды. Ерекше атап өтетін бір жәйт – Жұмабайұлының түрік халқының шет ел басқыншыларына қарсы азаттық қозғалысына үн қосуы. Мұнда реалистік, романтикалық сарындар бір-бірімен астасып, бірге өріліп отырады. Түрік тақырыбы қазақ халқының ұлт-азаттық тақырыбына ұласып, отаршылдыққа қарсы күреске алып келді (“Орал тауы”, “Алыстағы бауырыма”, “Жер жүзінде”, “Қазақ тілі”, “Тез барам!”, “Түркістан”, “Орал”). Сондай-ақ, Жұмабайұлы “Пайғамбар” өлеңінде “Ғұн – түріктің арғы атасы” десе, “Түркістан” атты өлеңінде “Түркістан – ер түріктің бесігі ғой” деп асқақ рухпен жырлады. Түрікшілдік сезімі 1919 – 1923 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік халқының азаттық соғысына арналған “Алыстағы бауырыма” атты өлеңінде айрықша байқалады. Оның бұл өлеңін Мұстафа Шоқай “Яш Түркістан” журналында (1930, №1) жариялай отырып, оны түрікшілдік күресі үшін ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп бағалады.

### **Мағжанның табиғат лирикасы**

Бұл тақырыпта біршама ғалымдар пікір білдірді. М. Базарбаев Мағжанның «Жазғы жолда», «Қысқы жолда», «Жел», «Айға» өлеңдеріне тоқталып, былай дейді. «Ақын тау туралы толғансын, не дарқан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл, немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінімі, ішкі жан күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді» [3, 15 б.].

Рымғали Нұрғали «Әуезов және алаш» кітабында:

«Ақын шыққан аса биік эстетикалық тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы, халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы

классикалық тәжірибелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады», – деп, «Толқын» өлеңіне тоқталады [4, 98 б.].

М. Әлімбаев «Толқыннан толқын туады» кітабында «Еділде» деген өлеңнің көркемдігін саралай келе: «Жұмабайұлы Мағжанның мектеп оқулықтарына бүгін де өзі сұранып тұрған өлеңдері аз емес. Өйткені уақыт озғанымен, өлең тозбаған. Бұл әсіресе табиғат жайындағы туындыларына тән!», – деп, «Жаз келеді», «Жазғытұрым» өлеңдерін атайды.

Ал Бақыткамал Қанарбаева «Жырымен жұртын оятқан» атты Мағжан туралы монографиясында табиғат лирикасына қысқаша түйіндеу жасай кетеді. «Гете тәрізді Мағжан да табиғатқа жан бітіріп жырлайды. Оны «Күзді күні» өлеңіндегі табиғатты адам тәрізді жылатып, сыбырластырып сырластыруынан, «Сең» өлеңіндегі сары аяз бен қардың ғашық жардай қыс кезінде құшақтасып бірге жүргенімен, көктем шығып жер ери бастағанда күннің қызуына шыдай алмай еріп кетуін жанды суреттеуінен білеміз. «Жиіленді қара орман» өлеңінде аппақ қар жамылып жатқан орманды түс көріп жатқан адамға балауы да осы ойымызды нығыздай түседі. Аймауытов айтқандай, қазақ әдебиетінде табиғатқа жан бітіріп суреттеуде Мағжанға жетер ақынның жоғы рас» [5, 41 б.].

Қуандық Мәшһүр-Жүсіп «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» монографиясында Мағжанның табиғат лирикасы туралы былай дейді: «Табиғатты бейнелегенде де, белгілі бір алқаптың нақты бір көрінісін алудан безіну, – яғни сол кездегі қазақ даласының, өзенкөлі, теңізінің көшірмесін жасаумен шектелмеу, қайта сол арқылы сездірілген жұмбағы мол лирикалық қаһарман жан дүниесін әспеттеу талабы жүзеге асады», – деп, мұның дәлелі ретінде «Толқын» өлеңіне талдау жасайды, Табиғатты әрі айрықша, әрі шартты қалыпта алып бейнелеу романтизмнің бір ерекшелігі десек, соның бір көрінісі – Мағжанның «Жиіленді қара орман» өлеңі» [6, 194 б.].

Мағжан мен Абай табиғат лирикаларының қаншалықты алшақтағанын сараласақ, М.Әуезовтің мына пікірінен аңғарамыз: «Тегінде, пейзаждың өзін суреттеуде көп ақын өздерінің стильдік өзгешелігін анық аңғартады. Шығыс ақындарының ескі дәстүрін алсақ дәл таудың таулық, шындық қалпын суреттемей, салыстыру үшін әр алуан түспалдарға бейімдеп көрсететін. Тауы кейде тауға ұқсаса, кейде қиялап, шұбарлап, әсірелеп айтқан тұманды, жұмбақты бір көріністерге ауысып кетер еді.

Орыс поэзиясының, әсіресе Пушкиннен бері қарайғы классик реалист стильге ауысқан үлгісін ескерсек, оның аса айқын бір өзгешелігі – әрдайым дәлшілдігі, шындыққа жақындығы оқшау тұрады. Абай да осы сияқты суреттейін деп отырған жайын және барлық күйлерін, сол орыс поэзиясындағы дәлшілдік негізге құрады [7, 105 б.].

Мағжан кезінде Абайдан соңғы күшті ақын саналды. 1918 ж. «Абай» журналының №5 санындағы Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтың «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында былай баға берілген: «Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт әм Ахмет Мәметовтыкі. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар, жүрегінің сезімін суреттейтін, нәрсемен жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар».

Мағжан өлеңдерінде қасірет те, реализм де бар. Қай тақырыптағы өлеңдерін алсақ та, ешкімге ұқсамас ерекшелігін көреміз. Мысалы, «Жазғы жолда»:

Дала. Дала. Сар дала!  
Жапан түзде бір қара.  
Келем жалғыз, жаяумын.  
Жаныма ерген жолдас жоқ.  
Төрт жағым дала – жер де көк.  
Жылауға да таяумын.

Шілде. Оттай ыстық күн.  
Дала -өлік. Жоқ бір үн.  
Жер де жатыр тұншығып.  
Жол жыландай иірілед,  
Шаң ерініп, үйірілед.  
Ешбір леп жоқ, тып-тыныш.

Көкте жалғыз бұлт жоқ.  
Көктің түсі қызғылт көк.  
Дүниені тылсым билеген.  
Ыңыранғандай әлдекім,  
Жылай ма екен әлде жын?  
Перілер ме екен күйлеген?  
Жел жыландай иірілед,

Шаң ерініп үйірілед.  
Ешбір леп жоқ, тып-тымық,  
Аңсап есім жия алмай  
Өлсем екен тұншығып!

Бұл өлеңінде романтизм бар. Өз сезімі арқылы, жан дүниесімен байланыстырып табиғатты суреттейді. Шыжыған шілдеде даладағы жалғыз жолаушы сағым арасында есінен адасып келе жатқандай. Сағым оған біресе пері, жын, біресе қалың әскер боп көрінеді. Абайдың «Жаздыгүн шілде болғанда» өлеңі нақты өмірді сипаттайды. Әдемі жаз бен көшті бірыңғай жеңіл ырғаққа түсіріп, бірыңғай әдемі бояумен суреттейді. Ал Мағжан өлеңінде тылсым дүние қоршауындағы лирикалық кейіпкердің аласұруы асқақ түрде беріледі. «Қысқы жол» өлеңінде:

Ызғарлы жел долданып,  
Екі иінінен дем алып,  
Ішін тартып осқырып,  
Кейде қатты ысқырып,  
Аңдай ұлып бір мезгіл,  
Екі санын шапақтап,  
Біресе сақ-сақ күледі.

Кейде кенет баяулап,  
Жер бауырлап жаяулап.  
Аузы-басы жыбырлап,  
Асып-сасып сыбырлап,  
Жерді жапқан кебінді.  
Сүйіп ақырын құшақтап,  
«Әпсүн» оқып үреді.

Бұл – қысқы боранның суреті. Мұнда да лирикалық кейіпкер қысқы түнде жалғыз өзі жолаушылап келе жатады.

Барады үдеп бұл боран  
Жанымда жоқ тірі жан.  
Тоңазыды денем де.  
Адаспай дұрыс келем бе?  
Қорқып жүрек ойнайды,

Көз алдыма елестеп,  
Әлде нелер келеді.  
Боранын тәңір ашпады,  
Жол білінбей бастады.  
Көрінген бір жарық жоқ,  
Босаңсиды Қаракөк...  
Сар далада адасып,  
Суық кебін жамылып  
Қаларын кім біледі?-

деп күдікпен аяқтайды. Бұл өлең де жоғарыдағы «Жазғы жолда» өлеңіне ұқсас. Екеуінде де жалғыз жолаушы табиғатпен алысып, өліммен де арпалысқандай. Абайдың табиғат лирикасында лирикалық кейіпкерлер бірнешеу, көпшілік болса, Мағжанда жалғыз «мен». Бұл – Мағжанның табиғат лирикасының бір ерекшелігі. Осы екі өлең туралы Ш. Елеукенов «Жаңа жолдан» (1989) кітабында былай деп еді: «Мағжан Жұмабаев нақтылы өмірден әлдебір мистикалық, сиқырлы дүниеге ауытқуға әуестенеді. Одан бірде өзі қорықса, бірде жайнап тұрған табиғаттың арасында тұрып, жын-пері іздеп, солармен сұхбаттасқысы келеді, осының бәрі кенет «өлсем екен тұншығып» деген тілекпен бітеді» [8, 58 б.].

Ал Әуезов керісінше, Абайды сүйетінін айта келіп, «Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы аулында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезгендей боламын» – дейді. [9, 407 б.].

«Қысқы жолда» боран бейнесі кейіптеу арқылы жасалған, Абай дәстүрін жалғастыра отырып, өз ерекшелігін танытады. Боран бірнеше қимылда беріледі. Әуелі ол ызғарлы, екі иінінен дем алып, ішін тартып осырады, кейде қатты ысырады, одан соң, андай ұлиды, біресе екі санын шапақтап кенет сақ-сақ күледі. Жалғыз жолаушыға күлгендей. Сонан соң баяулап, аузы-басы жыбырлап, өпik секілді кебін жамылған жердің иманын үйіріп, «Әпсүн» оқиды. Желдің ақырын ұйтқи соғып, қарды әлсін-әлсін үрлеуі молданың «Әпсүн» оқығанына ұқсайтынын ақын шеберлікпен көз алдымызға елестетеді. Демек, жолаушы мерт бола қалса, оған да боран «Әпсүн» оқиды дегенді байкатады. Қарды кебінмен алмастырып, жерді өлген адамға ұқсатады. Бұл да – Мағжанның жаңалығы. Лирикалық қаһарман сезімі



де боранмен бірге өзгеріп отырады, жүрегі қорқып ойнайды, әлденелер елестейді.

«Жазғытұрым» өлеңі де кейіптеу тәсілімен ойнақы жазылған. Абайдың «Жазғытұры өлеңінде» күн – күйеу, жер қалыңдық боп алынса, Мағжан күнді – ана, жерді бала етіп басқа қырынан келеді. Абай әуелі көктемді суреттеп алып, кейін күн мен жерге көшеді. Ал Мағжан бірден Күннен бастайды.

М.Әуезов: «Күнді – күйеу, жерді – қалыңдық етіп, осындай образбен теңеу мәдениетті әдебиетінің үлгі дәстүрінен ескіріп қалған, мифтік теңеу болады», – дейді [7, 155 б.].

«Болды, міне, дәл алты ай,  
Жаттың ұйықтап, еркетай  
Ұйқың қанды, тұр қозым,  
Аш көзіңді, жұлдызым!»  
Деп маңдайдан ақырын.  
Жұмсақ жылы сәулемен.  
Сипап жерді Күн күлер.  
Аяқтарын көсіліп,  
Еркеленіп, есінеп.  
Жер – нәресте жас бала.  
Жаңа оянып жатқанда  
Жұмсақ, ыстық бетінен  
Тәтті ғана сүйсем деп,  
Күбірлеп жылы жер жүрер.  
Дамыл алмай жылар қар,  
Ақ шымылдық ашылар.  
Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,  
Бірдеңе деп былдырлап,  
Көрінгеннен сүйінші  
Сұрайтын жас баладай,  
Асығып сулар жүгірер.  
Керіліп ерке жер тұрар,  
Мөлдір сумен жуынар,  
Үлде менен бүлдеге,  
Түрлі түсті гүлдерге,  
Ши жібекке оранып,  
Қарағанда көз тоймас,  
Бүлдіршіндей киінер.

Көріп сұлу баласын,  
Көз ішінде қарасын,  
Қуанып, тасып жүрегі.  
Қысып ыстық сүйеді.  
Ұзын күнде ару жоқ,  
Періштем деп айналып,  
Алтын ана Күн жүрер.  
Мұны көріп бұлттар,  
Күңіреніп етер зар:  
«Біздерде алтын ана жоқ,  
Тұрақ та жоқ белгілі» –  
Деп тұнжырап күрсініп,  
Әлсін-әлсін жас төгер.

Ақын мұнда ана мен бала арасындағы махаббатты тұтас табиғатқа ауыстырған. Негізі Жер-Ана деген ұғым ақын-жазушыларда көп қолданылады. Ш. Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» повесін мысалға келтіруге болады. Мағжан болса, нақты тақырыбына қарай, көктемнің шығуы Күнге байланысты болғандықтан, өмірде де анасыз бала тумайдындықтан Жерді – бала, Күнді – ана етіп алған. Атаулары Күн, Жер болғанымен, әрекеттері кәдімгі ана мейірімін, бала еркелігін сипаттап отырған секілді. Күн – Ана әуелі ұйықтап жатқан жер – нәрестесін «қозым», «жұлдызым» деп еркелетіп, жылы сәулесімен сипап оятып алады. Жер – бала аяқтарын көсіліп, есінеп, еркелеп жатқанда жел де оны сүйгісі келеді.

Бұларға қарама-қарсы қар жылайды, еридi деп алмаған, себебі бастан-аяқ бәрі адам кейпінде болу керек. Сулардың аққанын сүйінші сұрап жүгірген жас баладай деп, ұлттық өрнек береді. Төртінші шумақта жер керіледі. Ақын адамның ұйқыдан тұрғаннан кейінгі қимылдарының реттілігін сақтаған. Шынында, адам әуелі көсіліп, есінеп, кейін керіледі. Содан соң жуынып, киінеді. Мұндағы жердің жуынуы – қардың еруі, киінуі – түрлі гүлдерге оралуы. Ең соңында осыларға қызығып, бізде ана да, тұрақты жер де жоқ деп бұлттар жылап алады. Бұлттың жас төгуі – жаңбырдың жаууы. Ақын өлең шартына қарай әрқайсысын бір-бір рөлге салып, әрі көктемдегі заңды құбылысты сақтаған: күн жылынады, қар еридi, жер көгеріп, гүлдейдi, жаңбыр жауады. Өлең құрылысы жинақы, ықшам.

«Жаз келеді» өлеңінде шыншылдық пен кейіптеу аралас келтірілген. Үзінді келтірелік:

Төл үйдегі үйшікті  
Таста бала белді бу.  
Белден батып күртікке  
Енді ізде қызыл су.  
Қара көз таста кестенді,  
Үйде отырып қуарма!  
Тысқа шығып-кіргенде  
Екі беті – екі алма.  
Дертін болса жүректе,  
Төкпе жасың, аһ ұрма.  
Жеткізер анық тілекке,  
Шық та жазға сыбырла.  
Күн батқан соң қатқақ боп  
Қуанғанда ессіз қар,  
«Жаз келеді, жаз, жаз!» – деп,  
Жымыңдайды жұлдыздар.

Бұл өлеңге адам сезімін, қыс бойы дертті боп үйде отырған қара көз бейнесін қосады. Дертін болса, оған дауа жаз келді дейді.

«Сең» өлеңінде табиғатқа тағы да ғашықтық, тастап кету, соған ызалану секілді сезімдерді береді

Сары аяз – сүйген жар  
Қайрылмай кеткен соң,  
Қайратсыз қалың қар  
Жылаумен біткен соң,  
Жел сипап, күн күліп,  
Мазақ қып сүйген соң,  
Боларын бір сұмдық  
Ішінен түйген соң.  
Қалың мұз кәрленіп,  
Қара көк түс алды.  
Еруге арланып,  
Кетпекке ойланды.  
Бұзыла – жарыла  
Антұрған аптықты.  
Өзеннің жарына  
Асығып соқтықты.  
Өткен соң жаз алты ай,  
Ашуын жимақшы,

Өзенді еркетай  
Ойыннан тыймақшы.  
Барады шамасы  
Суыққа қашпақшы.  
Мұз теңіз – анасы  
Құшағын ашпақшы.  
Қалың мұз қара көк,  
Ойлама құр бекер  
Суыққа жетем деп,  
Ыстық күн ерітер.

Мұнда сары аяз сүйген жар қарамай кеткен соң қалың қар жылаумен жоқ болды, ал қалың мұз жел мен күн мазақ қылған соң, кәрленіп, қара көк түске енеді, бір сұмдықтың боларын ішінен түйіп, кетуге ойланады, анасы – мұз теңізге жетпекші. Мұндағы бейнелер: сары аяз, қалың қар, жел, күн, қалың мұз, мұз теңіз, ерке өзен. Ақын оған суыққа жете алмайсың, ыстық күн ерітеді деп, өзі де өлеңге сегізінші бейне боп қосылады.

Көп уақыт жатқан мұздың қара көк түске айналатыны белгілі. Ақын осыны мұздың кәрленуімен байланыстырып, адамдардың да ашуланғанда түтігіп, көгеріп кететінін есімізге түсіреді. Суреткер табиғи көріністен адам кейпін дәл байқаған, әрі өлеңдегі мұздың рөліне де бұл сипаттау тура келіп тұр.

Жоғарыдағы «Жазғы жолда», «Қысқы жолда» өлеңдерінде лирикалық кейіпкер біреу ғана болатын. Ал «Жазғытұрым», «Сең» өлеңдерінде кейіпкерлер бірнешеу болып, табиғаттағы тұрақты болып тұратын құбылыстар мен адамдар арасында болып жататын әртүрлі әрекеттер, сезімдер, қарым-қатынастар ұқсастығына қарай бір-бірімен қабысып жатады. Мысалы, «Сең» өлеңіндегі табиғат құбылысы адамдарда болатын махаббаттағы тұрақсыздықты, алданып қалуды көрсетеді. Мағжанның табиғатындағы кейіптеу көбінесе адамдар сезіміне, махаббатқа арналады. Бұл – Мағжанның табиғат лирикасының екінші бір ерекшелігі. «Толқын» өлеңінде толқындар жар кейпінде бейнеленеді:

Толқынға толқын еркелеп  
Меруерт көбікке оранып  
Жыландай жүзге бұралып  
Жарға жетер ентелеп.  
Күміс кәусар суымен

Суының алтын буымен  
Жарының бетін жуады.  
Мөлдіретіп көз жасын  
Жасымен жуып жартасын  
Сүйіп сылқ-сылқ күледі.  
Сылдыр-сылдыр, сылдырлап  
Бірінің сырын бірі ұрлап  
Толқынды толқын қуады.  
Жарына бал береді.  
Береді де өледі.  
Өледі толқын – тынады.

Мұндағы жартас – толқындардың жары. Ақын кәдімгі күнде болып жататын табиғаттың заңды құбылысының өзінен адам тіршілігін, адамға тән әр түрлі қарым-қатынасты көре білген. Ақын қиялының соншалықты байлығына, нағыз суреткерлігіне тәнті боламыз. Орыс ақыны Бальмонттың «Белый пожар» атты өлеңі де толқынды сипаттайды:

Я стою на побережье, в пожаре прибоя,  
И волна, проблистав белизной в вышине,  
Точно конь, распаленный от бега и боя,  
В напряженье предсмертном домчалась ко мне.

И за нею другие, как белые кони,  
Разметав свои гривы, несутся, бегут,  
Замирают от ужаса дикой погони,  
И себя торопливостью жадною жгут.

Опрокинулись, вспыхнули, вправо и влево, –  
И, пред смертью вздохнув и блеснувши полней,  
На песке умирают в дрожании гнева  
Языки обессиленных белых огней. (1901)

Бальмонт толқынды шауып келе жатқан ақ аттарға, ақ жалынға ұқсатады. Ол да толқынның соңында жоқ болуын «өледі» деген сөзбен береді. Бальмонттың лирикалық кейіпкері үшін жай ат емес, соғыстан келе жатқан ақ ат, ақ жалын маңызды. Толқынның түсі ақ болатындықтан, оның аты мен жалынының да түстері ақ. Бальмонт басқа өлеңдерінде отты ең әдемі құбылыс деп санайды. Толқын мен

жалынның қимылдары бір-біріне ұқсас болғандықтан да ақ жалын деген метафораны қолданған.

«Батқан күн, атқан таңның жыры» өлеңі азамат лирикасына жатса да, мұндағы табиғат көрінісі де жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі:

Алтын күн батып барады  
Алтын күн ақырын өледі.  
Сұр бұлттар – сорлы жар,  
Қан жылап күнді көмеді.  
Күн өлді. Көк күңіренді.  
Жер жамылды қарасын...  
Жер жарынан айрылып,  
Жамылды қара басына...

Бұл өлеңнен де жар бейнесіндегі бұлт пен жерді көреміз. Жай ғана кейіптей салмайды. Күнде қайталанатын күннің батуын, қараңғылық түсуін, күн батып бара жатқандағы бұлттардың қызыл шапакқа бөленуін тұтас, бір-бірімен байланысты әрекет етіп бейнелеген. Былай қарағанда, күннің батуы мен содан кейінгі болатын өзгерістер жарынан айрылып, қара жамылған адам әрекетінен аумайды.

Қорыта айтқанда Мағжанның табиғат лирикасы ақынның стилін айғақтай түседі. Табиғат лирикасына ақынның өз бояуын қосқаны, ешкімге ұқсамайтын суреткерлік бай қиялы аңғарылады. Табиғат жұмбағы мол тылсым дүние болса, Мағжанның табиғат лирикасы да сол табиғаттың өзі секілді. Бұл салада қазақ әдебиетіне Мағжанның жаңалық қосқаны даусыз.

### **«Батыр Баян» поэмасы**

Мағжан өмір сүрген кездегі қазақ әдебиеті айтысты-тартысты болды. Соған орай ақын шығармалары әр түрлі бағаланып жатты. Ташкентте оның «Батыр Баян» поэмасына бірінші болып Жүсіпбек Аймауытов пікір білдірді. Ол Ташкентте оқып жүрген қазақ жастары үшін Мағжан және оның жаңа поэмасы туралы кең көлемді баяндама жасады. Кейін оны мақала қылып бастырды. Мұнда Жүсіпбек ақын шығармаларын жан-жақты талдап, ғылыми түсінік берді. Ол белгілі орыс әдебиетшісі, мемлекет қайраткері А.В.Луначарскийдің мына пікірін әдейі келтірген: «Нағыз сырлы әдебиет бар, мәселен Лермонтовты, Шекспирді алайық. Олар белгілі бір үгіт айтқан ба?

Таптың жырын жырлаған ба? Жоқ, оларға сырлы, көркем сөз шығару, айқын перне түсіру мақсұт болған. Олар бір әдемі суретті, болмаса адамда болатын бір сезімді, болмаса белгілі адамдардың жанында болған тартысты алады да, қиялына келген нәрсені суреттейді» [9, 365 б.].

Жүсіпбектің мұны айтып отырған себебі: төңкерістің алғашқы жылдарында Мағжан Қызылжардан қуылды. Өйткені оның өлеңдері Кеңес өкіметінің талап-тілегіне қайшы келді, ақын түрікшіл деп бағаланды. Жүсіпбек жоғарыдағы Луначарский пікірін арнаулы мақсатта пайдаланып, жаңа өкіметтің, оның саясатын насихаттаушы марксшіл большевиктердің ақынға деген көзқарасы да осындай деп түйіндейді. Демек, сыншы Мағжан неге бір таптың жыршысы болу керек, ол неге ой мен өнер еркіндігі үшін қудалануы керек деген сұрақ туындатып отыр.

Луначарскийден дәйектеме келтіре отырып, өз ғылыми тұжырымын өткізуге тырысады. Лениннің 1905 жылғы «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген еңбегінде көрсетілген: «Әдебиет ісі – жалпы пролетарлық істің бір бөлшегі, барлық жұмысшы табының саналы алдыңғы тобын, бір тұтас, ұлы социал-демократиялық механизмін қозғалысқа келтіретін «доңғалақша мен кішкене бұранда» дегеніне қарсы шығады.

Анығын айту керек, қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында әдебиет туралы осы лениндік ілімді жоққа шығарған жалғыз ғана Жүсіпбек Аймауытов болды. Оның бұл батыл теріске шығаруын қолдаушы табылмады. Керісінше, күні кешеге дейін әдебиетші ғалымдардың бәрі «әдебиеттің таптығы», «әдебиеттің партиялығы» деген лениндік жалған қисынды алаңсыз қабылдады. Сөйтіп, әр партияның өз әдебиеті болады, әр таптың өз әдебиеті бар дегенге өздері де сенді, өзгелерді де сендіруге әрекеттенді.

Жоғарыда аталған мақаласында сыншы:

Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті, –

деп суреттейді Мағжан. «Мұндай суреттер толып жатыр. Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінде Мағжанымен мақтануында сөз жоқ. Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі, суретшілдігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан «сөз патшасы» «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, биге – бише, батырға – батырша, ханға ханша баға беріп, әр-

қайсысының аузына өздеріне лайық сөз салуы, сұлуды, махаббатты, батырды, соғысты, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. «Баян» – қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс [9, 394 б.]» .

А.Луначарский көрсеткендей, орыс әдебиеті Лермонтовымен, ағылшын әдебиеті Шекспірімен мақтанса, қазақ әдебиеті өзінің Мағжанымен мақтануға әбден құқылы.

Мағжан ақындығын және оның «Батыр Баянын» қуана қабылдаушының бірі Ахмет Байтұрсынов болды. Ол «Әдебиет танытқышында (1926) Мағжан шығармаларынан көптеген мысалдар алды, оларды ақындық өнердің үлгі-өнегесі ретінде талдады.

Башқұрт ақыны Сайфи Құдаш 1968 жылы Мәскеуде орыс тілінде шыққан «Жастық шақ ізімен» атты кітабында әлі тұтқында жатқан Мағжан есімін қорықпай атады, ол туралы қазақтардың әлі өздері айтпаған жылы лебіз білдірді.

Әдебиетке жиі араласып жүретін қоғам қайраткері Ы.Мұстанбаев ұлтшыл атанғандарды жақтай отырып, Абай, Мағжан, Жүсіпбектерді үлгі тұтады. «Біздің жас жазушыларымызға, кедейшіл ақындарға айтарымыз – жалпы саяси тілек бөлек. Бірақ «Батыр Баян», «Қартқожаны» оқы! Үлгі ал!», – деп жазады [10, 179 б.]

Ғаббас Тоғжанов әдебиетке таптық тұрғыдан қараса да, 1928 жылғы 6 мамырда Мәскеудегі әдеби айтыста былай дейді: «...мен әлі де айтам – Мағжан көркемдік жағынан артық. Сондай көркемдікті біздің жалпы жазушыларымыз да үйренуі керек. Мағжаннан үйренуге несіне арланады» [8, 180 б.]

Ал С.Сейфуллин «Жыл құсы» журналының 1928 жылғы 2-санында «Жұмабайұлы Мағжанның пролетариат бағытына қарсы өлеңдерін, арам, жұмбақ, шүбәлі, тіпті көркемдігі жоқ ертектерін де дәріптеп басып шығарып жүрмеді ме», – дейді [10, 183 б.]

1924 жылдың басында Орынборда әдеби «сот» өтеді. Басты айыптаушы – С.Мұқанов, қорғаушы – Жәкен Сәрсембин. Мұнда «Мағжан – Совет өкіметінің жауы, оның шығармалары оқытылмасын, жарияланбасын» деген қаулы алынады.

Сол жылдың қараша айында Мәскеуде Мағжан шығармалары бойынша әдеби айтыс өтеді. Айтыста екі түрлі пікір жарысы туады. Бірінші топ «Мағжанның саяси қатесі болғанымен, ол – үлкен ақын» деді, екінші топ «Мағжанды буржуазияшыл – ұлтшыл, бізге жат ақын» деді. Соңғы пікір бойынша қаулы алынады [10, 177 б.]

1930 жылы Мәскеудегі «Әдеби энциклопедияда» Әбдірахман Байділдин Мағжанды әдеби тұрғыдан емес, саяси тұрғыдан айыптай



келе былай дейді: «Ақынның саяси бағыты «Шығыс», «Тәңірі», «Бостандық», «От», «Жаралы жан», «Жолдасқа» деген өлеңдері мен «Ертегі», «Батыр Баян», «Қорқыт», т.б. поэмаларында айқын көрінген. Мұнда Жұмабаев қазақ халқының өткен күнін, ескі тұрмысын үлгі тұтады, Шығысты идеал көріп, Батысқа қарсы қояды» [10, 185 б.].

Төңкерісшіл ағаларының ықпалында болған Ә.Тәжібаев:

Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,  
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.  
Кезбеймін есуас боп ен даланы,  
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.  
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,  
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін, –

деп жазды. Кеңес өкіметі кезінде ақын-жазушылардың бәрі бірдей Ә.Тәжібаев секілді бағытты ұстанған жоқ, Ғ.Мүсірепов секілді дұрыс көзқарасынан айнымағандар да болған. Ғ.Мүсіреповтің күнделігінде Мағжан туралы жазбалар бар.

«Батыр Баян» поэмасының жазылуына байланысты Ш.Елеуқенов мынадай орынды пікір айтады: Шоқан жазбаларында Абылай ханның қол жинап, Баяндармен бірге аттанғаны туралы дерек бар. Мүмкін, Мағжан Шоқанның осы жазбасын оқыған болар, Шоқан «Исторические предания о батырах XVIII века» деген очерк жазды, солардың деректерін пайдаланған болар деген пікір айтады. Мүмкін. Тарихи очерк атап отырған осы еңбегін Шоқан аңыз деп атаған ғой. Онда қалмақтар ақ киіз үй береміз деп шақырғанда Баян ханның бармағанын қалаған. Хан тыңдамаған. Шоқан Баян қалмақтарды қуды, жете алмады, кейін қайтқанда жолда әскері де, өзі де қалмақтар улап кеткен судан өлді дейді. Мағжан бұларды шығармашылықпен біраз өзгерте пайдаланған. Тек Шоқанда Ноян деген бала батыр аталмайды. Ондай адам, шындығында, болған емес. Ол – ақынның қоспасы. Дегенмен, мұның түбінде де ақиқат жылты бар. Баянның ағайындарының бірі Сары дегеннің Қыстаубай деген баласы қалмақтың Лағыл деген қызымен қашып кеткенде әкесі қуып жетіп өлтіруге Баянды жұмсайды. Алайда Баян екі жасты өлтірмейді, киімдерін қозы қанына малып алып келеді. Сонда осы аңыздар негізінде Ноян Мағжан қиялынан туған.

Ақын Баян өлімін де басқаша алған. Өмір шындығын көркем шындыққа айналдырған. Олай етпегенде «Батыр Баян» көркем шы-

ғарма болмас еді. Қалай дегенде де аңыз-әңгімелер поэмаға жанама өзек болған. Ақынға Ш.Елеуқенов жазған Шоқан жадығаттары ел аңызы бойынша да белгілі болуы мүмкін.

Поэманың басты қаһарманы – Баян батыр, ішкі дүниесі түгел ашылып, күрес-тартысы кең көрінетін романтикалық бейне. Абылай ханның өз сипаттауынша да Баян тегін батыр емес.

Көп жаудың албастысы, ел еркесі,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Баянның әруақты құр атынан  
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян.  
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат  
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!  
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,  
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!

Басқа батырларды санамалай келе, ақын Баянды даралап, ерекше, өршіл, ауыспалы мағыналы «албасты», «ел еркесі», «наркескен», «қайтпас болат», «қандыбалақ» сияқты сөздермен бейнелейді. Жорыққа шығу үшін де Баян керек, қалмақтарды қояндай бұқтыру үшін де Баян керек, Абылайдың хандық қаһары үшін де Баян керек. Осыдан келіп Баян – поэманың басты тірегі, оқиға иесі болады.

Баян басын жеке көрсетуде ақын өз атынан емес, хан атынан сөйлейді. Баянды бағалаушы, батырлығын дәріптеуші – Абылай хан. Абылай сөзі – халық сөзі. Оған ден қойсақ, Баян басында, Абай айтқан, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – түгел бар.

Мағжан поэманың құрылымына лайықтап, Баянның батырлығын сипаттап алады, сонан соң оқиға желісін біртіндеп өрбіту арқылы батырдың ішкі дүниесін көрсетуге ауысады. Тіпті батырдың туған жерін, өскен ортасын, руы мен тегін де таныстырып өтеді.

Баян көп жорықтың бірінде қалмақ сұлуын олжалап алып келеді.

Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан,  
Еліне сол сұлуды естен танбай!

Қыз, шынында да, көз тоқтата қараған жанды естен тандырарлықтай әрі ақылды, әрі сұлу болуы керек. Оны тегін қыз деп ешкім айта алмас. Бірақ Баян тек батыр емес, ақылды батыр, жүрек сезімін тізгіндей біледі, бірден қыз құрығына түспейді. Шыдам мен сырды бұғаулай отырып, қызға қарындасынша қарайды. Алайда ол батырды

билеп кете алмайды. Осылайша Баянның жан дүниесі, сезім әрекеті бірте-бірте ашыла түседі.

Ауыл ақсақалдарының бір сұм іс болып қалды деп естіртуі Баян намысын қоздырады. Інісі Ноянның қалмақ қызымен кетіп қалғанын естігендегі батырдың күй-жайы былайша баяндалған:

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,  
Жаралы жолбарыстай күңіренді.  
Қорғасын миын, ойын төмен басып,  
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.  
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,  
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.  
Ақырда ашу ерді билеп кетіп,  
Жалп етіп, сөнген шамдай ақыл өлді.  
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,  
Боз үйден оқ жыландай шыға келді.

Жан күйзелтердей жағымсыз хабар батырға жайсыз тиеді. Бір мезет батырды ашу билеп кетеді. Бұл тұсты «ақыл өлді» деген кейіп-теумен түсіндіреді. Ашу үстінде ажары от шашқан көріністі «сұм жүрек қанды өзіне жинай берді» деп баяндайды. Ақын сұмдықтың бәрін «сұм жүректен» көріп, өзі қалаған қаһарманына араша болады. «Сұм жүрек» – эпитеттік тіркес. Негізгі мағынасы – жаманатты сезу. Батырдың басына түскен сын сағаты жүрек тебіренісіне байланысты. Осы жерде батыр басында өкініш те, қызғаныш та, өзімшілдік те бар. Оның қызға деген ғашықтық сезімі бұрын сыртына теппеген еді, енді інісінің жау қызы үшін туған ағаға опасыздық етуі, елін, жерін тастай қашуы өзгеше күйге салады. Махаббатын, ғашықтық отын үрлейді, жауға наразы ыза-кегін өршітеді. Қызды аярға, інісін жауға балайды.

Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, құр екпін боп,  
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.  
Қыз түгілі қаны бірге өз бауырын  
Танымай қалғандай да болды Баян.

Ғажап психологизм! Барлық дүние бірінші тармақта безбенге түскен. Өз бауырын танымас адам болмас. Батырдың ішкі жан-дүниесі қопарыла қозғалып, қызғаныш сезімі өн денесін оттай шарпығанда ғана көзі қарайып, тынысы тарылады; буыны босап, белгісіз, қауіпті қаракеттер құлына айналады. Жоғарыдағы шумақ – сондай сәттің куәсі. Осы екпінмен інісі мен қызды өлтіріп жібереді.

Ашу белең алғанда ақыл кейін келеді. Есін жиған соң барып, Баян екі жасты құшақтап, өкініш жасына булығыады. Кезеп ашу тарап кетіп, қорқақ ақыл: «Мұның не?» – деп, шыға келеді. Батыр өзіне-өзі сот құрады. Ішінде аласапыран басталады, жаны арпалысады. Батыр әуелі өзін аяусыз айыптайды. Бауырмалдық, туыстық сезімі оянады. Жайшылықта Ноянды өлтірмек түгілі оның табанына кірген шөңге менің маңдайыма қадалсын деген ниеті қайта оралады. Енді жау қызын неге алып келіп едім деген өкініші жанын жейді. Өйткені барлық оқиғаға, өлімге себепші – сол жау қызы. Батырдың көз алдына артынан қуып жеткен ағасына арсалаңдап күліп еркелегені сурет болып тұрып алады. Бұл жай батырдың өзін-өзі кешірмеуіне, өзін-өзі кінәлауына әкеліп соғады. Ол шіріп қалғыр саусағын да, сұлуға түскен көр болғыр көзін де, сынбай қалған садағын да, кемуді көрмеген күшін де – бәрін де қарғайды. Енді бір сәт: «Інімді алты алаштың намысы үшін өлтірдім бе?» – деген оймен жұбанбақ болады. Сол бойда ол ақылынан қайтып: «Жоқ, бұл оймен тартқан жоқпын садақты, ғашықтықтан, қызғаншақтықтан өлтірдім», – деп, айыбын қалыңдата түседі. Туыстық сезім мен ғашықтық күйік екеуі бірдей батырдың екі иінінен жаншып, ар соты алдында тізе бүктіреді, ар-намысын оятып, ерекше жанкешті күйге салады. Баян ең соңғы тоқтамында жау қолынан өлуді қалайды. Бір емес, екі адамның, ең қымбат адамдардың қанын жүктегендіктен алаш намысы үшін өлтірдім дей алмайды. Шындығында, інісі мен қалмақ қызының соңынан қуа жөнелгенде ол бірден қара басының қамын ойлаған жоқ. Халықты, оның жау алдындағы ары мен абыройын алға тартты. Батыр бойындағы әр түрлі сезім толқын секілді бірін-бірі қуалап, бірінен-бірі балалап, батып-шығып жағаға жеткендей. Ел бетіне қарауға хұқысыз, ханға қадірлі болу амалын тауысқан. Жаумен жағаласып өлуден басқа жол таппады. Сөйтіп, кінәсінен тазармақ.

Баян басындағы осы тайталас хал, ақтық шешім бәрібір оның басқа батырлардың көбінен қадірлі, ақылы кемел, ерлігі теңдессіз, жеме-жемде жүректі халық батыры екендігін дәлелдейді.

Мағжан – ауыл ақыны емес, еуропалық түсініктегі жоғары мәдениетті жазба ақын. Олай дейтініміз ол Омбы семинариясында орыс әдебиетінің үлгілерімен емін-еркін танысты. Мәскеуде Брюсов атындағы әдебиет институтында әлемдік әдебиет классикасының таңдаулы шығармаларының бәрін дерлік оқып білді, орыс тіліндегі түпнұсқаны да, аудармаларды да меңгере зерттеді.

Біздің ойымызша ақын Н.Гогольдің «Тарас Бульбасын» қызыға оқып, туған әдебиетінен соған ұқсас оқиға желілерін де іздеген сияқты. Бірақ сыртқы кейбір ұқсастықтар демесе Баян батыр – Тарас бейнесімен ұлттық ұқсастығы жоқ өзге бейне. Тарас қызға отанын айырбастаған баласы Андрийді саналы түрде өлтірді. Мұндағы шиеленіс пен өз баласын өлтірудің бірден-бір себебі: сатқындық, опасыздық. «Батыр Баяндағы» махаббат, қызғаныш, ағаның арын таптау атымен жоқ. «Я тебя породил, я тебя и убью!» – деп, атып салады. Баласының денесін де көмбестен айқасқа кірісіп кетеді. Баянда қаталдығымен қоса, жанашырлық, туыстық, қимастық көрініп отырса, Тараста ондай сезім мен қасиет байқалмайды.

Елеуенов айтқан «Баяндағы» жан диалектикасы Тараста көрінбейді. Себебі Андрий: «Мен үшін отан да, әке де, бауыр да жоқ. Маған тек сен керексің», – дейді поляк қызына. Өз отандастарына қарсы шауып келе жатқанда оның көзі алдында қыздың сұлу иығы мен оны жапқан бұйра шашынан басқа түк көрінбейді. Әкесі атқалы жатқанда да оның аузына не шешесінің, не ағасының аты түспейді. Тек қыздың атын атап күбірлейді. Тарас өлер алдындағы баласының тұлғасына тағы бір көз жүгіртіп, қай казактан кем еді, түрі де, тұлғасы да, күші де бар еді деп өкінішті аяушылық білдіреді. Ал Баян жау оғына ұшып, есі кіресілі-шығасылы жатқанда да көз алдына Ноян мен қалмақ қызы елестейді.

Сонымен Баян ел-жұрты үшін өз інісі мен тұтқын қызды, өзін де халық жолына құрбан қылған батыр болып қалады.

Ноян – Баян емес, әлі жас, жалпыұлттық ар-намыс биігіне жжеткен жоқ.

Ноянның бар ақылы білегінде,  
Билеген асау жүрек, қайнаған қан, –

деп, – таныстырады ақын. Оның қайраттылығына күмәнданбайсыз, жүректілігіне сенесіз. Ноянның сезімінде басымдылық бар. Бірақ Ноян Андрий емес. Ол ағасын шексіз жақсы көреді, бірақ сұлу қыз тұтқынына түсіп қалды. Қуып жеткен ағасын көргенде-ақ қатесін ұқты, сол үшін қанға бөкті. Баян ол үшін аға ғана емес, бүкіл халқы, елі, жері. Ол қалмақтың сұңғыла қызының сұм ойын аңғармады, аңғалдық – балалық істеді. Ел алдындағы борыш пен парыз дегенді ұмытып кетеді. Қыз жігіттің жастығын, бостығын пайдаланады. Он бестегі Ноян, батырлар ағасы болып қалған Баян емес, оны қалай илеуге де болатынын түсінді.

Қалмақ қызының көркем бейнелік салмағы әлдеқайда басым. Он төртте болғанына қарамастан сұм, сұңғыла. Ақын қыз келбетін ұмытылмастай суреттеген.

Сол сұлу – сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,  
Сөздері су сылдырлап құйылғандай.  
Бір улап көзқарасы бір айнытқан,  
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.  
Лебізі – жібек желі, жұмақ желі,  
Кәусердей татқан адам қалар қанбай.

Қалмақ қызы қанша әсерлі, Баян мен Ноянның белгісіз арманын тудырған тылсым десек те, оның бойында батырлар андамаған, ақылға салмаған құпия бар.

Қалмақтың қайсар қызы қайрылмаған,  
Болаттай жасу білмей, майрылмаған.  
Жап-жас қыз сұмдығы мол сыр бермейді,  
Жандай-ақ ойдан аулақ қайғырмаған.  
Алаштың аруы боп кетсе-дағы,  
Жанымен өз жұртынан айрылмаған.

Қыз құпиясының кілті – өз елінің алдындағы перзенттік борышына адалдығы. Сондықтан қыз батыр Баяннан өз бойын аулақ ұстайды да, жас Ноянды өзі бастап қолға түсіреді. Өйткені қыз есебі бойынша Баян қазақ халқының қалтқысыз батыры, бұл жолда ол айнымайды. Ал Ноян әлі жас, оған өз қызығы қымбатырақ. Қыз оны өз еліне қайтар жолдағы жан серігіндей көреді.

Қазақ әдебиетінде тұтқын болған қалмақ қыздары кездесе береді. Әр қайсысы әр түрлі сипатталады. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы қалмақ қызы Мағжанның «Батыр Баянындағы» қалмақ қызымен сырттай ұқсас. Екеуі де тұтқын, екеуі де ақылды. Айырмашылықтары: Мағжан қызы әріден ойлайтын сұм. Сәкен қызы өзгеше, ақылы қулық-сұмдық үшін емес, өз тағдырын да, өзге тағдырын да қан төгіссіз, асқындырмай шешу үшін әрекеттенеді.

Мағжан поэмасындағы қалмақ қызының сұмдығының сыры мынау:

Сорлы анам көкірегін көкке сауып,  
Қан жылап менен бір ант алған еді.

Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін  
Бір көрмей, қызым, ерге барма!» – деді.  
Анама сөзім анау, өзім мынау,  
Жас Ноян жүгінемін ер деп сені.

Қалмақ қызының сертіне беріктігін, туған еліне, анасына адалдығын теріске шығаруға болмайды. Әркімнің де солай болғанын құптау керек. Барлық мәселе Ноянның қыз сөзіне имандай елтіп, қалмақ елін өз елінен артық санағандығыда болып отыр. Баянды алдаған, Ноянды арбаған қалмақ қызы қайткенде де қазақ батырларының адал жары бола алмайды.

Көркем бейне тарихи тұлға көшірмесі емес. Суреткер тарихи шындықты әдеби шындыққа айналдырғанда артық та кете алады, кем де түсе алады. Мағжан поэмада әдеби Абылайды Сәкенге қарамақарсы қазақтың біртуар азаматы етіп бейнелейді. Оның елге аңыз болған ұлылығын алады да, пендешілігін жауып қояды. Бұл тәсіл ақынның мақсат-мүддесіне сай келеді.

Ертеде Абылайға орда болған ағаш,  
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың  
Меккедей тәуеп қылған тәмам алаш.

Халық кезінде Абылайды әулиедей көріп, оның ордасына іздеп барып, Меккеге сиынғандай тәуеп еткен. Поэма хан Абылайды да, адам Абылайды да жұртына қадірлі болды дейді. Поэмада бір шумақтан бір шумаққа ауысқанда Абылай бейнесі биіктей береді.

Сәкен «Көкшетау» поэмасында шу дегенде Абылай бейнесін былай береді:

Әйтеуір, расы сол: Көкшетауды  
Ел шапқыш хан Абылай мекен еткен...  
Хан деген жерге тамған қанға құмар,  
Дірілдеп өлім күткен жанға құмар.  
Жазықсыз бейпіл жатқан елді шауып,  
Типыл ғып жер күңіrentкен даңға құмар.

Сәкен Абылай туралы ымырасыз көзқараста. Ол ханды бірыңғай әулие түрінде бейнелеген ақындарға қарсы. Оларды сынап отырады.

Біреулер батыр мен би, ханды мақтап,  
Бұрынғы надан, шірік заңды мақтап,  
Сарнайды, жыр қылады сөзін сырлап,  
Бақсыдай жын шақырған сандырақтап, –

деп, атын атамаса да Мағжанды түйреп өтеді.

Мағжанның да Абылайға кейде сынай қарайтын жерлері бар. Абылай Баян ақылын алмай, алдап шақырған қалмақтар қолына өзі барып түседі. Ол қалмақтарды әрі алдап, әрі сыйлықтарын олжа қырмақ. Мағжанның Абылайы қазақ даласына ықпалды, алашты атаға бөлмей тұтас қараған, данагөй, ақылды басшы болып сипатталған. Ол – батырлардың батыры.

Әдебиеттегі Абылайға байланысты ала-құла бейнелеу тәсіліне қарамастан Мағжан – ханның халқымыздың тарихындағы орнын өз тарапынан әділ бағалаған.

Поэма мұраты не деген сұрақ туады. Демек, Мағжан алдына қандай мақсат қойды?

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін тарихи сын заманы болды. Ел болып қалу екіталай еді. Екі тау соқтығысса арасында шыбын өлетіні сияқты, қазақ даласында Шығыста Қытай, Батыста Ресей мүдделері түйісті. Қазақ жеріне жету үшін Қытай жолында қалмақтар жатты. Орыс патшалығы ХVIII ғасыр басынан бастап, қазақ жерінің терістігінде отаршылдық қазығын қаға бастады. Екі ірі патшалық арасында қалмақтар мен қазақтар қақтығысы осылай туды. Әйтпесе бұлар бұрын қыз алып, қыз берісіп отырған елдер болатын. Ресей үшін қазақтардың әлсірегені, Қытай үшін қалмақтардың әлсірегені пайдалы еді. Міне, осы заманда елді қорғайтын батыр, жерді қорғайтын хан керек болды. Оларды мадақтау, болашақ ұрпақ алдында үлгі тұту – поэма мұраты. Сонымен қатар поэманың жазылу әдісінде біраз өзгешеліктер бар. Оны бізге дейін зерттеушілер де аңғарды, әділ бағалады.

Ә.Тәжібаев бұл шығарманы симфониялық жыр деп атады. Ш.Елеукенов психологиялық поэма деді. Біз өз тарапымыздан психологиялық-лирикалық тәсілге құрылған шығарма деп ұғамыз. Бірақ бұл айтылғандардың бірі екіншісін жоққа шығармайды.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл қолым емес кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.  
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол баяғыға.

Бұл – ақын басындағы қасірет. Ол заманына риза емес. Анығы – Кеңес өкіметін ол қабылдамайды. «Зарлымын», «жаралымын», «кі-



сендеулімін», «жаным күйді», «қажыдым» дегендері – шындығы. Әйтпесе «Батыр Баян» поэмасының орнына біздің заманымыз туралы шығарма туған болар еді. Ақын өзінің заманымен оппозицияда екендігін бүкпесіз ашық жазып отыр. Басындағы күйініш, қасіретін жыр қылып төгеді. Осы тәсіл өне бойы ұмытылмайды. Сөз жоқ, мұның аты психологиялық лиризм.

Поэмада батырлық рухымен қатар жарысып отыратын екінші өзек – махаббат мәселесі. Бұлай дегенде Баян – тұтқын қыз, Ноян – тұтқын қыз желісін аламыз. Тап осы тұста ақын поэма жадығаты етіп, өз басына танымал хал-жай хикаясын еркін пайдаланады.

Поэманың құрылымы жинақы, ықшам: артық шарықтау, қосалқы көріністерге ұрыну кездеспейді. Көркемдігі жоғары.

Поэма Мағжан ақынның барлық зор табысы ретінде бағаланып жүр. Шынында солай. Осы поэмадан оның ақындық ерекшелігін толық зерттеп шығуға, поэтикалық тілі мен көркемдік амалдарын саралап тануға болады.

Ақын қолданған көркемдегіш құралдарға тоқталсақ, мынадай кейіптеу бар:

Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті.

Осындағы «қомағай», «бүлкіл қағып», «асығып» сөздері бірден көзімізге түседі. «Қомағай» эпитеті жердің адам өліміне тойымсыздығын көрсетсе, «бүлкіл қағып», «асығып» сөздері екі жастың қанға боялғандығын білдіреді. Бір жағынан қорқау қасқырға тән қимылдар болғандықтан екі жастың өлтірілу суреті соншалықты қанық бояулы болып шыққан.

Жүрегі тас болса да шыдай алмай,  
Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.  
Молайтып минут сайын қасірет жырын  
Жанында өксіп-өксіп жылады жел.

Мұнда жерді «тас жүрек» деп алып, тас жүрек жердің өзін жылату арқылы Баянның қайғысын зорайта түседі. Табиғат та екі жасты өлімге қимайтындай.

Алаштың ардагері батыр Баян  
Бір қырда қала берді топырақ қауып.  
Жаудан да мейірімді боп жылады жел  
Күңіреніп, ер денесін құммен жауып.  
Іленің толқындары әлі күнге,

Айтады ерге жырау ауық-ауық.

Мұнда да Баян өліміне бүкіл табиғат қайғырып, адамнан мейірімді боп жылауы әсерлі, жан тебіренерліктей. Жел оқырманның мұңдасына айналып кеткендей.

Күміс таң жерге күміс сәуле шашты,  
Сәуле мен қараңғылық араласты.  
Алыспас адал, арам бекерге ұзақ,  
Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты!

Күндізді адал деп, түнді арам деп, екеуін айқастырып, түнді жеңіліп қашқан жау секілді кейіптейді. Мағжан – шығыс, орыс, батыс әдебиетінен сусыны қанған ақын. Түркі халықтарының ежелгі әдебиетімен де жақсы таныс. Низамидің «Жеті ару» поэмасында таң атты деп жай хабарлай салмай «шығыс сұлтаны өзінің тағына отырды» деп суреттейді. Жалпы Низамиде құбылыс, табиғат өз атымен сирек аталады. Мағжан да сол дәстүрмен таң атуын бейнелілікпен береді.

Бұлтымен құшақтады Көкшені көк  
Керілді ерке Көкше күміс Айға:  
Сәуленді, сәулем, көбірек, – деп, төкші, төк!  
Бетінде Бурабайдың ерке толқын  
Бір тынбай, күліп жарды сүйді шөп-шөп.  
Бұлт қашқан мәңгі мең-зең Көкшетауға  
Бөлектау «Ой, бауырым!» дер анадайда.

Ақын өлеңдеріндегі табиғатты сипаттау әдісі мұнда да кездеседі. Жер сұлуы Көкшетау көк кереметі айға ғашық. Ал екі тау бірге туған бауырлардай. Көкшетау болмаса, Бөлектау бауырынан айрылып қалған жандай жалғызсырайды.

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,  
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.  
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған,  
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.  
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас.

Мұнда да табиғат – ерлердің анасы секілді ең жақыны, басқалар ұмытса да ұмытпайтын айнымас, берік.

Сонымен «Батыр Баян» ерекше сезімді бейнелерімен, өршіл мұрат, шебер тілімен, терең психологизмімен қазақ әдебиетінен орын алады.

### «Қойлыбайдың қобызы» поэмасы

«Қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаңалық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе Еуропа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыраққа батыл да еркін ендірген Мағжан эпикалық жанрда поэманың ықшам формаларын қалыптастырды. Бір қарағанда, тақырыптық тұрғыдан алғанда, алып-жұлып, әкетіп бара жатқан ерекшелік көрінбейтін секілді: «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Түркістан», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян» – аңыз, тарихи белгілі оқиғаларға, «Жүсіп хан», «Өтірік ертең» – шығыстық сюжет, мысал, тұспалға құрылған. халықтық аңыз, тарихи дерек үлкен көркемдік идея тұрғысынан қайта құйылып, ежелгі әңгіме, миф сарындары өзге құбылып, жаңа сипаттағы эстетикалық игіліктер жасалды [4, 102б.].

Мағжан өлең болсын, поэма болсын, көбіне өткен заманды аңсап отырады. «Қойлыбайдың қобызы» поэмасында да Қойлыбай бақсының өнерін сүйсіне жырлайды. Қазақтың бақсысына дейін ардақ тұтады.

Қалың Найман ішінде Бағаналы,  
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.  
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,  
Алдында жорғалаған шашты шайтан.

Қойлыбайды осылай таныстырып алып, оның қасиеті паш болған бір астан әңгіме қозғайды.

Бір асқа жиылыпты Найман таман,  
Бай, биі, батырлары балпаң басқан.  
Бәйгеге екі жүздей ат жіберіп,  
Күрес сап жиылған жұрт ұрандасқан.  
Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:  
«Бәйгеге қобызың қос» деп сұрасқан.  
Қолқасы қалың Найман қалаған соң,  
Қойлыбайың бәйгеге қобыз қосқан.

Екі жүздей жүйрік атпен бірге шабатын ол не қылған қобыз?

Бас болып батыр Барақ қалаған соң,  
Қойлыбай сонда айтады, шақырып ап,  
Ыңғайлы бір бозбаланы өз қасына.  
«Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар  
Жарып өскен жапанның жартасына.  
Қобызды сексеуілге байлап таста,  
Мен сенем жын Қақаман жолдасыма».

Қобыз сексеуілге байланды. Оны сексеуілмен қоса жұлып алып келетін – бақсының жын-шайтан жолдастары. Олар: жалғыз көзді жынның пері Қақаман, аға жын – Нәдір пері, шайтанның шу асауы – Шайлан.

Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,  
Боз бала ат алдынан шауып кетті.  
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды,  
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті,  
Аузынан қанды көбік бұрқ-бұрқ етіп,  
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.  
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,  
Сарыны сар даланы күңіретті.  
Бір мезгіл екпіндетіп, долдандырып,  
Бір мезгіл жыны буып күбірлетті.  
Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,  
Қызыл жел құйындатып, дірілдетті.  
Жан-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,  
Шапқылап жын-перілер дүбірлетті.

Бұл – Қойлыбайдың бақсылық қасиеті толық көрінетін тұс. Жай көз алдаушы емес, шын бақсылық өнердің жұрт алдында дәлелденуі. Негізі, қазақ ұлтында осы секілді аңыз әңгімелер көп кездеседі. Қойлыбай бақсы секілділер көп болған. Бұл – соның бір мысалы. Ислам діні талабы бойынша жындармен жұмыс істеуге тыйым салынған. Діннен хабары жоқтар ондай адамдарға қасиеті бар деп табынуы мүмкін.

Сол кезде ат келетін құба жонды,  
Түтіндей будақ-будақ бір шаң жапты.  
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл.  
Ербендеп, ойнақ салып келе жатты.

Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,  
Сабалап қырды жол ғып жаралапты.  
Байланған сексеуілге қобыз берік,  
Көз ашқанша жиынға келіп қапты.  
Сексеуілді қопарып алып келіп,  
Қақаман жұбатады ерке қартты.

Қойлыбай жын жолдастарының көмегімен қобызын бәйгеден оздырды. Поэма соңын Мағжан былай аяқтайды:

Ертеде ел бар екен қалың Найман,  
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан...  
Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,  
Алыста елестейсің заман қайран!..  
Құдай-ау, албастының ойнағындай,  
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?  
Шіркін-ай кер заманды күл қылар ем,  
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан.

Осылайша ақын Қойлыбай бақсыны еске алып, бұрынғы заманды сағынады, бүгінгісінен түңіледі. Бұл сарын Мағжанның басқа поэмаларында, өлеңдерінде де кездеседі.

Қойлыбай бақсының өмірде болған, болмағаны туралы Б.Қанарбаева Ә.Марғұланның «Ежелгі жыр-аңыздар» кітабынан бірнеше деректер келтіреді.

«Қазақ сахарасында ежелгі заманның асқан данасы, Қорқыттың толғау айту дәстүрін, оның күйін, дарынын, нақыл сөздерін мұра етіп, біздің заманымызға жеткізген жыраулар, ойшыл адамдар аз болмаған. Солардың бірі – Қойлыбай» [5, 196 б.].

«Ежелгі жыр-аңыздар» кітабында Қойлыбай қобызын тартатын өзен «Қойлыбай өзені» деп аталып кеткендігін автор айта кетеді. Сонымен бірге сол кітаптан Ә.Марғұланның Қойлыбай туралы аңызын келтіреді. «Қойлыбай бақсы қобызын ат бәйгесіне қосуды тілек етеді. Барлығы 300 сәйгүлік, ылғи атақты жүйрік, асқан тұлпар қосылады. Бірақ атсайысшылар Қойлыбайдың қобызын жаратпайды. Қобызды ұстап алып, бір жуан терекке арқанмен байлап қояды... Сол кезде сұрапыл боран соғып, қобыз ағашты түбімен жұлып ала жөнеледі. Қайтарында бәйгенің алдынан келеді» [5, 197 б.].

Екінші аңыз бойынша, Қойлыбай өзінің жындарының көмегімен алты қанат ақ орданы жерден көтерген.

Үшінші – 1924 жылы Ташкенттен шыққан «Тарту» жинағындағы «Бақсы» деп аталатын аңыз. Бұл екінші аңызға ұқсайды.

Төртінші аңыз – С.Сейфуллиннің шығармалар жинағының 6-томындағы «Бақсы сарыны». Онда Қорқыттың жындарын шақыратыны, дәу перілердің дастарқаннан нан алып, отырғандарға үлестіретіні, Қорқыттан кейінгі үлкен бақсы Қойлыбай екені айтылады. Бірақ Қойлыбайдың бәйгеге қобыз қосқаны айтылмайды.

Бесінші аңыз Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағының екінші томында бар. Мағжан поэмасындағы сюжет осы нұсқамен сәйкес келеді.

### **«Қорқыт» поэмасы**

«Қорқыт» поэмасы бұрынғы өмір мен өлім тақырыбына жазылғанымен, ақын идеясы ол емес. Поэмада Қорқыттың өлімнен қашып, соңында әр өмірдің соңы өліммен аяқталатынын түсініп, қобызын сарнатып өткені айтылады.

«Қазақ аңыздарындағы терең философиялық маңызы бар сюжеттің бірі – Қорқыттың өліммен күресуі, оған көп заман жолықпай дауа іздеуі. Қорқыт тіршіліктің тұрақсыз өзгергіш түріне күйзелген. Өліммен күресу сюжеті әсіресе қазақ пен Алтай елінің аңызында өте жоғары сарынмен айтылады» [5, 192б.].

Аяңдап алдыменен тауға жүрді,  
Асқарға «Өмір не?» деп сұрау берді.  
Жаны тас, жүрегі тас тау не десін,  
Өзінен «Өмір не?» деп сұрады енді.  
Бұрылып таудан ақырын орман барды,  
Оған да «Өмір не?» деп сұрау салды.  
Ежелден ой білмеген меңіреу орман  
Қақиып қарағайы аң-таң қалды.  
Сұраса суға келіп: «Не, - деп, - өмір?» –  
Беті құр соғылғаннан жыбыр-жыбыр.  
Желге айтып еді, ол жынды не деуші еді,  
Басы жоқ, аяғы жоқ сыбыр-сыбыр.  
Күн анау ешбір үнсіз алас ұрған,  
Ай да бір - өгіз де бір аузын буған.  
Қылмындап қар қатындай көзін қысқан,  
Жұлдыздар тазарта ма жүректі удан.

Осылай Қорқыт табиғаттан жауап ала алмаған соң, Күншығысқа аттанады. Онда алдынан:

«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,  
Мынау көр – сенің көрің, Қорқыт жазған!»

деген жазуы бар көр шығады. Қорқыт батысқа бет бұрады. Онда да алдынан жаңағы сөз шығады. Аяғында күңіреніп Алтайына келсе:

Ел мынау баяғыдай малын баққан,  
Малындай алдындағы жусап жатқан:  
Қайғысы, қуанышы бәрі де ойсыз...  
Сиырдай бірі өкіріп, бірі шапқан.

Жұрттың өліммен жұмысы жоқ, тіршілік жүріп жатыр.

Өмірде жүрген жерін қанды орғып,  
Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.  
Жұбанды қолындағы қобызымен,  
Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.

Поэмада Қорқыт бейнесі осылай түйінделеді. Ол қарағайдан жасаған қобызына мұңын шағып өтті. Ал ақын мақсаты не? Ол Қорқыт секілді өлімнен қашайын деп отырған жоқ.

Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,  
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.  
Қиялы, жан жүрегі – ойнаған от.  
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.  
Жай адам қияға ондай қол сермей ме?!  
Ақынға аз нәрсе ауыр ой бермей ме?!  
Қиялмен арманға ұшқан, сағым құшқан  
Жүйрік жан алдында ылғи көр көрмей ме?!

Мұнда ақын «Жүйрік жан алдында ылғи көр көрмей ме?!» деуі арқылы сол кездегі заман құбылысын аңғартады. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дегендей, қазақ байғұс бодандықтан құтылмайтын болды-ау деген идеясын білдіреді.

«Қазақстанға Кеңес өкіметінің орнауы – білімде, ғылымда, өнерде т.б. табыстарға халқымыздың қолын жеткізді. Шеллинг қағидасы тұрғысынан қарасақ, бұл - әдемілік, орыс халқының қазақ халқына жасаған жақсылығы. Жақсылық – бостандыққа тән, бірақ керісінше қазақ халқын бостандығынан айыру арқылы келіп отыр.

Сондықтан ақын күңіренеді, күйзеледі. Қиялымен қазақ халқын бостандығынан айырмай, тарихын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттырмайтын, жақсылыққа кенелтетін, «өлтірмейтін» қоғам іздейді, Қорқыттың «мәңгілік ғұмыр іздеуін» шығармасына нысана етіп алуы Мағжан философиясының асқақтығын көрсетеді» [5, 195 б.].

Құшақтап қарағайын сарнаса ақын,  
Толғанып, жасын төгіп, зарланса ақын,  
Шеткерек тұрып біраз тыңдағайсың,  
Баспалап, төніп, жаншып келме жақын, -  
деп, өзінің не жайлы айтып отырғанын дұрыс ұғынуын сұрайды.

### **«Жүсіп хан» поэмасы**

«Жүсіп хан» поэмасы әзербайжан жазушысы С.Ф.Ахундовтың (1812-1878) «Алданған жұлдыздар» повесінің негізінде жазылған.

Поэмада екі ханның екі түрлі хандығы қарама-қарсы суреттеледі. Біріншісі – Аббас хан,

Елін бақпай, тақ баққан,  
Бар жұмысы – тек жатқан  
Алтын сарай ішінде.  
Әйел жиған үйірлеп,  
«Әйел» деген күбірлеп,  
Өңінде де, түсінде.  
Арамтамақ Аббас хан,  
Өз құлқына тап басқан,  
Уәзір жиған өзіндей.

Осы жолдардан Аббастың қандай адам екені белгілі. Сол Аббас ханға балшысы он күннен соң өлім кеп тұрғанын хабарлайды. Хан жұлдызшының басын алмақ болады. Жұлдызшы жұлдызды алдаудың, жолын ойлайық деп құтылады. Хан төңірегіндегілер амалын таба алмайды. Сонда жұлдызшы ханға орнына уақытша біреуді хан қоюды ұсынады. Уәзір, қазы, қолбасы, жендеттер әр түрлі сылтаумен бас тартады. Сонда балшы базарда ер жасайтын Жүсіп дегенді қояйық дейді. Жүсіптің хан болғандағы өмірі:

Үлде-бүлде киінді,  
Семірді, жеді, тойынды.  
Үйренді тақтың тәртібін.  
Көні кепкен сұр кедей,



Біраз күн сөйтіп ләм демей,  
Басқаннан соң қарқынын  
Бастады Жүкең бір істі:  
Ел билеуге кірісті.  
Жақтап жарлы, жалшыны.  
Сыпырғандай тезекті  
Өңшең залым кезептен  
Еңбекші елді аршыды.  
Уәзірді жер аударды.  
Қазының басын алдырды.  
Машайығын, молдасын,  
Қойқаңдаған қолбасын  
Абақтыға салдырды...  
Елді сорған сұмдардың  
Қырықтырды басын түймедей.  
Байларды айдап жиғызды,  
Тұмылдырық кигізді.

Жүсіп бұқара қамын ойлаушы болса да, оның мына қантөгісі құптарлық іс емес. Мағжан Жүсіп бейнесі арқылы сталинизм дәуірін әшкерелеп отыр. Поэманы жазған жылдары ақынның өзі ескішіл, байшыл ақын атанып, қуғынға ұшырай бастайды. 1924 жылы Мәскеуде қазақ жастары Мағжан шығармаларын теріске шығарған қаулы қабылдап, Қазақстанға жібереді. Қаулы 1925 жылы 14 қаңтарда «Еңбекшіл қазақ» газетінде жарияланады. «Жүсіп хан» поэмасы да сол жылы «Шын ертек» деген атпен осы газетке шығады.

Ақын Жүсіп бейнесі арқылы сол кездегі Кеңес өкіметі саясатын сынап отыр. Жүсіп кедей болса, Кеңес өкіметі де кедей, жұмысшылардан құрылды. Жүсіп байларды тұмылдырықтаса, елді сорғандардың басын түймедей қырықтырса, Кеңес өкіметі де қазақ байларын кәмпескелеп, жер аудартып, халыққа қарсы қойды, «халық жауы» деп талай азаматтарды құрбан қылды.

Сөйтіп, оныншы күні таңында Аббас хан маңындағылар Жүсіп ханды өлтіріп, Аббас хан қайтадан тағына отырады.

Р.Нұрғали: «...Жүсіпханда» тұлға мен тобыр, мансап пен ұждан диалектикасы бар», – дейді [4, 102 б.].

## «Тоқсанның тобы» дастаны

1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Тоқсанның тобы» поэмасы жарияланады.

М.Базарбаев: «Мағжанның ең соңғы ірі туындыларының бірі – «Тоқсанның тобы». Бұл поэмада ақын жаңа өмір жолына үңіле қарап, оған шын көңілімен ден қойғанын мойындайды. Бүкіл халықтың жаңа тұрмыс құруға бет алғанын, өзі де оған қосылатынын айтады. Тоқсан деп көпшілікті жүздіктің онын емес, тоқсанын қолдаймын дейді» [3, 30 б.].

1927 жылы поэмада қосымша ретінде Шаймерден Тоқжігітұлының «Тоқсан тобы туралы» деген мақаласы басылды. Онда Мағжанның бұрынғы жолы партия жолынан басқа болғанмен айта келіп, «Бір ғана «Тоқсан тобын» жазғанмен, Мағжанның тоқсан жағына шыққанын әйгілеп, жариялап айқайлауға да болмайды. Мағжан қазақ еңбекшілерінің ақын-жыршысы болды деп қуануға да болмайды», – деп түйіндейді [9, 412 б.]. Және бұл мақаланы партиялық тапсырмамен жазғанын да ескертеді. Бұдан сол кездегі көркем шығармадан бастап, мақалаға дейін партиялық нұсқаумен жазылып отырғанын аңғарамыз. Тіпті, Мағжанның бұл поэмасына Голощекиннің өзі де пікір білдіріпті. Оны Ш.Тоқжігітұлы мақаласында келтіреді: «Бұл туралы өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекин жолдас конференцияда не деді? «Қазақстанның октябрь мерекесіндегі күйі» деген кітабында не деп отыр: «Қазақ ақыны ұлтшыл Жұмабайұлы ауылда не боп жатқанын көргеннен кейін «Тоқсан тобы» деген өлеңді былай жазады:

Тоқсаннан сонау он аулақ,  
Сонау оннан мен аулақ,  
Мен тоқсанмен біргемін.

Мінекей, Октябрь төңкерісінің екпіні, Кеңес құрылысының күйімен патшалық дәуірдің тепкісінде езіліп, шала-жансар боп қалған қазақ жұртының көзге түскен халге жетуі, өсуі қандай сыңар езу байшыл ақындарды да ойға түсіріп, бағытын өзгертіп отыр» [9, 416 б.].

Осы секілді пікірлерден жиырмасыншы жылдардағы әдеби сынның саясат құралы болғанын аңғарамыз. Мағжанның «Тоқсанның тобы» поэмасы социалистік реализм әдісімен жазылған. Ақын амалсыз кедейге жатпайтын ондарды былай бейнелейді:

Кімдер жоқтан бастайын,  
Қысқа қайырып саспайын,  
Танаудан тізіп санайын.  
Жалпы айтқанда, жоқ жауыз,  
Жатып сорар жалмауыз,  
Еңбекші момын маңайын.  
Пара алатын арбалар,  
Атымен обыр ұлық жоқ.

Мұндағы жалмауыз бен ұлық – ақ патша және оның ел билеушілері.

Сары обырдың серігі:  
Жеті басты жебірі,  
Қарғылы құтпан болыс жоқ.  
Буаз бие қарынды,  
Пара алмаса, арынды,  
Баяғының биі жоқ.  
Ұлыққа тамақ табатын,  
Арсалаңдап шабатын,  
Ауылнай атты күшік жоқ.  
Үйірлеп малай жалдайтын,  
Жалдамайтын, жалмайтын,  
Еңбексіз обыр сасық жоқ.  
Көлемі күйек сәлделі  
Ишан атты пасық жоқ.  
Түкірік жағып көзіне  
Жұртты улайтын сөзімен  
Өгіз көзді молда жоқ, –

деп бүкіл би-болыс, бай, молдаларды ұнамсыз етіп көрсетеді.  
Алдыңғы өлең, поэмаларына бұл шығармасы қарама-қайшы келеді.  
Мысалы, «Қойлыбайдың қобызы» поэмасында:

Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,  
Алыста елестейсің заман қайран, –деген болатын. Ал тоқсан дегені – кедейлер қауымы.  
Бұл жиында кімдер бар?  
Жалпы еңбекші, жарлы бар.  
Тап талтүсте таланып,  
Тірі күйі тоналып,  
Соғым болған сорлы бар.

Сөйтіп, Мағжан да қолдан «үстем тап» пен «езілуші тап» жасайды. Өзінің көпшілік жағында екенін білдіреді.

Ұзын сөздің түйіні –  
Бұл тоқсанның жиыны.  
Жүзден тоқсан түгел бар.  
Жүзден тоқсан – еңбекші.  
Он тоқсанға көнбекші.  
Көнбесе жаныштар жігер бар,  
Жырладым елді жалпылап.  
Жасырман, жүзді жоқтадым,  
Тоқсанға енді тоқтадым,  
Толғанып, ойлап талқылап, –  
деп, бұрынғы жолдан шығып, заман ыңғайына бейімделгені,  
мойынсұнғаны аңғарылады.

### «Өтірік ертеке» поэмасы

«Өтірік ертеке» поэмасын Мағжан суретші Арлаудың «Мысық, тышқан» деген он төрт суреті бойынша жазғанын ескертіп кеткен. «Өтірік ертеке» мысал, түспал әдісімен берілген әлеуметтік тартыстар сыры бар» [4, 102 б.].

Мұнда да ел билеуші және көпшілік, тізе батырушылық негізгі мәселе болады.

Тышқандарды жеп жүрген мысық бір күні қарны ашқанда мешітке барып қулық істейді.

Мейірімі мол, тәңірі ие,  
Мынау мешіт үйінде.  
Ант ішемін атыңмен,  
Тіпті арамдық етпен деп,  
Тұмсығына шертпен деп,  
Енді тышқан затының!  
Сүттей аппақ ниетпен  
Бір өзіңе ант берем:  
Енді өмірімде ет жемен!  
Ұшыраса аш тышқан  
Етімнен кесіп ет берем.

Мысықтың осы сөзіне сенген тышқандар той жасап, елшілер мысыққа достықтың белгісі деп тарту апарғанда, мысық оларды қырып салады. Мағжан мысық арқылы сол кездегі қазақ елін жарылқаймыз деп, артынан зобалаң салған қызыл империяны көрсетіп отыр.

Сөйтіп, тышқандар мысықпен соғысып, мысықты хандары зынданға салдырады. Ертеңіне дарға аспақ болғанда мысық құтылып кетеді. Көпшілік ханның ақымақтығынан көреді.

Хан қырағы данам деп,  
Ханның тілін алам деп,  
Қырылды ғой ел бейбақ!  
Қой, хан деуді қоялық!  
Ханның көзін жоялық!  
Мысық та жау, хан да жау.  
Біреуі оның тыстан жау,  
Біреуі оның іштен жау;  
Жаудың ісі – ел талау...

Осылай жұрт ақылдасып, мысықпен тағы соғысып, жеңіп, ханмен бірге қосақтап айдайды.

Мағжан сыртқы жау, ішкі жау деп сол кездегі қазаққа ниеті дұрыс еместерді әдейі астарлап айтып отыр. Қазақтың ішінен шыққан жаулар репрессия кезінде талайлардың өліміне себепкер болды.

Соныменен хан, мысық,  
Кетті қаңғып қан құсып,  
Қуанышта қалың жұрт  
Деп: «Бұғаудан босандық!»  
«Жасасын, – деп, бостандық!»  
Қол соғылды шарт та шұрт.

Мағжанның айтайын дегені осы жолдардан көрінеді. Поэманың идеясы – бостандық.

Екі жауын осынау  
Қылған кейін қанталау  
Қалың тышқан – қалың ел, –  
деп поэмасын аяқтайды. Көпшілік жұмылып, бірлесе қимылдаса, талаушы, қанаушыдан құтылуға болады дегенді айтқысы келді.

## «Оқжетпестің қиясында» поэмасы

«Оқжетпестің қиясында» поэмасы 1923 жылы жазылған. Поэма Кенесарыға арналған.

Арқада Бурабайға жер жетпесе,  
Алашта Кенекеме ер жетпейді.  
Көкшеде күңіренген Кенем қайда?!  
Дәриға, жүрегімді дерт өртейді.

«Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» поэмасының тууына Көкшетаудағы «Кенесары үңгірі» деп аталатын жер аты себепкер болса керек. Екіншіден, Мағжан Кенесарының ұрпақтарымен қоян-қолтық араласқан адам». [5, 175 б.].

Мағжан да сол үңгір туралы айта кетеді:  
Алашта талай-талай ерлер өткен,  
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?  
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,  
Ер емес «ершіктер» ол елді еңіреткен, –  
деп, шен-шекпенге елін сатқан «ершіктер» болғанын ескертіп,  
ары қарай:

Жалғыз-ақ Кенекем ғой қайрат қылған,  
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен...  
Бір кезде Кенекемді ойлар билеп,  
Бір өзі Бурабайда кезіп кеткен,  
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар,  
Сол тауда бірнеше күн мекен еткен, –  
деп, Кенесарыны ардақ тұтады. Кенесары көтерілісіне әділ баға береді. Ал, С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында Кенесарыны ел талаушы етіп көрсеткен.

Сол құзда жатқан мошап үйілісіп,  
«Жат болған» Көкшетауға күйінісіп.  
Шаппақ боп, дуан менен таудағы елін,  
Күштерін жиып, тастай түйінісіп, –  
деп, Кенесары орыстардың қолында бекініске айналған Көкшетау дуанын тартып алу үшін қол жиды дегенді айтады. Кенесары көтерілісін халық бостандығы үшін деп бағаламайды.

Кенесарының ел талау жағына келсек, Б.Қанарбаева мынадай деректерге сүйенеді: «Көтерілісті терең зерттеп жазған тарихшы,

профессор Е.Бекмахановтың пікірінше оның өзіндік себептері болған. Мәселен, көтерілісті қазақ руларының бәрі бірдей қолдамаған.

Екіншіден, үнемі ат үстінде жүрген Кененің қолын азық-түлік, қару-жарақпен жасақтайтын тегеурінді тылы болмағандықтан, елден зекет жинаған, оны бермегендердің аулын да, малын да шауып алып отырған. Кенесарының қолында болып қайтқан тыңшылардың бірі орыстарға берген мәліметінде «Кенесарының қолы тым жүдеу, арам өлген жылқының етімен қоректенеді» дейді» [5, 177 б.].

Сонда, Кенесары қарақшылықпен айналысқан жоқ, ел мүддесі үшін жүргендіктен, елге сүйенеді, бермеген соң тартып алуға мәжбүр болады.

Поэмадағы қария – аруақ, пір. Мағжан Кенесары бейнесін ашу үшін және идеясын жеткізу үшін әдейі кірістірген. Ол Кенесарыға былай деп тіл қатады:

Кенежан, берірек кел, сырттан балам,  
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам.  
Сақтайтын көзден-тілден сендей ерді,  
Ата – пір, қасиетті мен қарт бабаң.  
Өз қолыммен төменнен тартып алдым,  
Қияда күтіп сені сансыз заман.

Мағжанның аруақты алып отырғаны: бұрынғы кезде қазақ аруаққа, пірлерге қатты сиынған. Олар туралы неше түрлі аңыздар да бар. Пір Кенеге тағы былай дейді:

Алаштың алдын кара тұман жапқан,  
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.  
Заман азған шағында адам азбақ,  
Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.  
Кенежан, елің қалды жау қолында,  
Алып кет алашыңды осы жақтан.  
Жау қалың: азғантай ел, азғантай сияқ,  
Болғай ед аруақ жар, құдай панаң.  
Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,  
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.  
Алашта тағы сендей ер тууын,  
Төбеде тас боп шөгіп күтіп қалам».

Мағжан қазақ елінің тағы да отарлануын пірге айтқызып отыр. Оқиға XIX ғасырда болғанымен, Мағжан өз заманынан жақсылық күтпейді.

Арыстан Алатауда мерт болғанда,  
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.  
Содан бері бірталай заман өтті,  
Алашты улай-улай жаман өтті.  
Тұлпар-тулақ, ел арып, аруақ боп,  
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.  
Жолбарыстар жортатын сар далада,  
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.  
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында,  
Шөккен қарт Күншығысқа түзеп бетті,  
Көп заман талмай-тозбай тау басында,  
Алаштан Кенекемдей бір ер күтті.  
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,  
Кенедей енді неге ер тумайды?!  
Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,  
Дәриға, жүрегімді дерт улайды, –

деп, Кеңес өкіметі кезінде Мағжан осылай түңілді. Қашан Кеңесарыдай ер туып, қазақ бодандықтан құтылады деп армандады. Мағжан осы поэмасын жазып, зарлағаннан кейін 63 жылдан соң желтоқсан оқиғасы бұрқ етті.

## **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ** **(1889-1931)**

**Жүсіпбек Аймауытов** — қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақты абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат



табады. 1911-1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады. Оны 1918 жылы аяқтап шығады. Мұнан соң алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ.Сәтбаевпен, М.Әуезовпен танысады. Кейін Алашордадан бөлініп, Коммунистік партия қатарына өтеді (1919). Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып тағайындалады (1920). Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы. Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922-1924), Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі (1924-1926), Шымкент педагогикалық техникумының директоры (1926-1929) қызметтерін атқарады. 1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған. Шымкенттегі педагогика техникумының директорлығы - міне, мұның бәрі Аймауытовтың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 ж. басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек 1931 ж. атылған. Астанкестең ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеуметтік төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген Аймауытов өзінің осы қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгірді. Ол В. Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстой шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді аударды, педагогика, психология, методика, эстетик. тәрбие туралы зерттеулер тудырды; әдебиет, эстетика, сын саласына араласты; сан алуан публицистик. мақалалар жазды; «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» еңбектері - күрделі таланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалар. 1918-19 ж. Семей қаласындағы М. Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. Осы журналда «Екеу» деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3) деген мақалалар жазды. Бұл мақалаларда Абай өмірінің бірталай қыры сөз болып, оның поэтик, мұрасының аса құндылығы көрсетіліп, кейінгі ақындардың ұлы ұстаздан үйренуі шарт екендігі нұсқалды, Пушкин орыс әдебиетінде қандай тарихи қызмет атқарса, Абай да қазақ әдебиеті үшін

сондай тарихи іс тындырғаны орнықты дәлелденген. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, оның поэтикалық мәдениетінің ержетуіне Абай шығармаларының қаншалықты әсері барлығын көрсеткен. Абай поэзиясының ұлттық дәстүрмен қоса Шығыс, Батыс әдебиеттерімен байланысы қарастырылған. Аймауытов - қазақ әдебиетінде Абайдың шығармашылық мұраттарын ілгері жалғастырған ең ірі тұлғалардың бірі.

### **Ж. Аймауытов шығармалары**

Жүсіпбектің қаламынан туған мол мұраны М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зердеден өткізіп, 1996-1999 жылдары бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде қайта табысты. Ол қазақ әдебиетінде көркем прозада алғаш лиризм әкелген, сондай-ақ пейзаждың үздік үлгісін, психологизмнің терең иірімдерін тамыршыдай дәл басқан нәзік стилист суреткер. 1918 -1919ж. М.Әуезовпен бірге Семейде «Абай»журналын шығарып, «Екеу» деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, №2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, №3) деген мақалалар жазды. А-тың көркем шығармалары эстет. бояуының қашықтығымен, көркемдік қуатымен, стильдік даралығымен қазақ әдебиетінде соны бағыт қалыптастырды. А. пед. оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Оның пед., псих. және методика саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші»(1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) т.б. бұл бағыттағы ғылымның бастауында тұрған ірі ғылыми еңбектер Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар жинағында оның өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансап қорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, балаларға арналған ертеңкілері, сын мақалалары мен аудармалары енген.

Бұлардың сыртында «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.), т.б. ірі ғылыми еңбектері бар. Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист

суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігіне кепіл болмақ.

## **Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы**

### **Роман тақырыбы, идеясы.**

«Ақбілек» романы – кезінде жеке кітап болып басылып үлгермеген шығарма.

Романда азамат соғысы кезіндегі қазақ даласындағы аласапыран жағдай, әлеуметтік тартыстар, жеке адамдар тағдыры сөз болады. «Мұнда феодалдық-рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының жаңа заман шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы, тең құқылы азамат болуы бейнеленеді», – дейді С. Қирабаев [11, 14 б.].

Ақтар қашып, қызылдар қуып, қазақ елі тыныштықтан айрылған заманда көптеген қиянат, зорлық-зомбылықтар болып жатты. Әсіресе қазақ қызының бұрын болмаған қорлыққа ұшырауы – ауыр сын. Оны жеңіп шығу үшін қайрат-жігер, төзім керек болады. Романдағы басты кейіпкер өмір ауыртпалығын осындай қасиеттері мен білім арқасында жеңіп шығады.

### **Ақбілек, Қарамұрт, Бекболат бейнелері.**

Негізгі кейіпкер Ақбілек – роман басында уайым-қайғысыз жүрген ерке қыз. «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айыкүні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл, жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген ед» [11, 145 б.].

Ақбілек екі кештің арасында бақытсыздыққа ұшырайтынын қайдан білген. Тауды паналап жүрген қашқын ақтар Мұқаштың көрсетуімен Ақбілекті тауға алып кетеді.

Бірінші рет көріп тұрған өңшең орыстардың ортасында Ақбілек қара мұрт орысқа назар аударады. «Олар күліп жаңылдап отырғанда, төрде жатқан ұзын бойлы, аққұба, қара мұрт орыс оянып, қырынан жатып, Ақбілекке көз салды. Ол өзгелердей сөйлескен де, күлген де жоқ, көп күліп жатқанда, біреу сазарып отырса, оның жаны жұмбақ қой. Жұмбақ нәрсе адамды құштар қылмақ қой. Әлде өзіне бастас

қылғысы келді ме, немесе одан бір жылы сөз күтті ме, болмаса әйелге біткен жеңсікқойлық мұны да жеңді ме, әйтеуір қапаста қапаланып, жалынарға жан таба алмай отырған Ақбілектің көзі еріксіз қара мұртқа түсті».

Ақбілектің қара мұртқа үмітпен қарауы одан бір көмек күткендікті білдіреді. Проф. Қ.П.Жүсіп өз дәрісінде осыны Л.Толстой айтқан «жан диалектикасы» деп түсіндірді.

Кейін өзі үшін екі орыстың жекпе-жекке шыққанын естігенде Ақбілекті мақтаныш сезімі билейді: «Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз... сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты. Қазақ тұрсыз, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты... орыс біткен бұған бола қырқысты...» [11, 160 б.]. Ақбілек бұл істің Мұқаштан келгендігін білмегендіктен осылай ойлады.

Ақбілек басында орыстарды құбыжық көргенімен, кейін оларға үйренісуге тура келеді. «... анасын, ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып, бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады. Өмір шіркін неден сонша тәтті болды екен! Адам дегеніңіз «Басқа түссе, баспақшыл» болады екен. Абақты екеш абақтыға да, зынданға да, соғысқа да жүре-жүре адамның еті үйреніп көндігіп кетеді деседі, өлім жазасына бұйырылғанын естіген адам да тамақ жеп, ұйқы ұйықтап, өмір сүруден безе алмайды деседі. Дүниеде адамнан көнгіш мақұлық бар дейсіз бе? Ақбілек те бірте-бірте тұтқынға еті өлгендей, бойы үйренгендей болды» [11, 170 б.].

Жазушы осында жалпы адам баласының өмірдің кез келген жағдайына көндігетінін айтып отыр.

Ақбілектің көзқарасынша Қара мұрттың өзіне бәйек боп, жас баладай күтуі ерсі, таңсық. Қазақ ғұрпында еркектің әйелге олай кішіреймейтінін білетін Ақбілек Қара мұрттың мінезін оғаш көреді. ұлттық ерекшелікті көреміз.

Ақбілек жас болса да ширақтығымен өзін қара мұрттың мылтығынан аман алып қалады.

– Мені өлтірме! Қасықтай қанымды қи! Мен саған тағы керек болмасымды қайдан білесің? Мен түсімде саған еріп қала барып жүр едім. Сен бұл жолдан аман-есен қайтасың, елге аман барасың...- деді [11, 173 б.].

Ақбілектің қасқырларды көргенде ойына бірден от жағу келмейтіні нанымды берілген. Қолындағы таяғын сермеп, айналып жүр-

генде аяғы күлге тиіп кетіп, шоқ шашырағанда ғана есіне от түсуі жазушылық шеберлікті білдіреді.

Еліне қарай кетіп бара жатқан Ақбілектің сезімін жазушы психологиялық параллелизммен шебер жеткізеді: «Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Аяқ астында томардай томпиып қостар тұр. Анау тау жылғасындағы ағаш, анау көгал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға көзі түскенде күйінген, өкінген, жиренген - әйтеуір өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды. Төрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшікті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізең, қандай жеріп, қыңсылап, кейін шегінеді. Артына қарағанда, Ақбілек те сол күшік тәрізді болды. Қарағысы келмеді, теріс айналды» [11, 177 б.].

Осы үзінді роман жанрының психологиялық екенін айқындай түседі. Намысы тапталғаннан кейінгі қыздың қорлануын жазушы бейнелі суретпен көз алдымызға дәл келтіреді.

Ақбілектің аяғы ауыр екенін жазушы әуелі нақты айтпайды, жанамалай білдіреді. «... тағы бір өрге шыққанда аяғы қорғасын күйғандай ауырлап кеткен тәрізденді; сүйектері сынып бара жатқандай болды. Ақ сүйек ойнағанда ор қояндай орғып, бір қажымайтын аяғы түскірге не болды? [9, 177 б.]. Қыз тәжірибесіз болғандықтан екіқабат екенін білмейді. Қыздың аяғының ауырлап кетуі – деталь. Жазушы Пушкиннің «бәрін айтпау» деген қағидасын ұстанған.

Жолда бір ауылға тоқталғанда да қыз кедейдің үйіне барғанды қалайды. Себебі көпшіліктің көзіне күйсіз қалпында түскісі келмейді, бейсауат жүрісінен де қысылады. Мұнда да қыздың байыптылығы, ақылдылығы білінеді. Аулына келе жатып Ақбілек өз-өзінен жирене бастайды: «Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып, арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз, аппақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді; күнә-сұмдықты білмейтін ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы қатын боп қалған тәрізді: бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді. Өз аулының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен-өзі ұялып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер-ақ жармасқан екем деген өкініш пайда болды; ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де арам деп білді...» [11, 194 б.].

Бұл монолог Ақбілектің ішкі арпалысын, тартысын білдіреді.

Ақбілек аулына келгенде біраз уақыт ауыл адамдары оған бәйек боп, жаны ашитындай, сыйлайтындай көрінеді. Ақбілек «жұрттың

көзқарасы маған өзгермепті, менен ешкім жиренбейді екен» деген ойда болады.

Сіңлісі Сара мен інісі Қажікенді күтіп, бауырмалдығын көрсетеді.

Бірақ Ақбілекте басқа қайғы пайда болады. Әкесі бұрын қызы дегенде өліп тұратын болса, енді қарамайтын, сөйлемейтін болған. Онсыз да қорланып жүрген Ақбілекке әкенің суып кетуі ауыр тиеді. «Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?» – деп сарылып, сарғайып күтеді. Жар дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен кімге сыямын?» деп қайғырды» [11, 242 б.].

Ақбілек қанша қайғырғанмен, әкесі қарамайды, қызы да күдерін үзіп, үй шаруасымен айналысады.

Жеңгесі Ұрқия Ақбілекке жұрттың «орыстар не істеді екен, орыстан кейін не боп қалды екен?» деп ойлайтынын айтады. Ұрқияның өз ойы да осы болатын. Ақбілек жеңгесіне бастан - аяқ баяндап береді.

«Оңаша болса: жеңгесі Қарашат жайынан оны-мұны сұрап қояды. Ақбілек дүние көрген кісі боп, кейде қарамұрттың қылықтарын асыңқырап айтатын да болды. Өткен күндер бір түрлі жиренішті болса да, айта-айта жиренішті жақтары ұмытылып, сұлу жақтары көбейіп, ертегі тәрізденіп кетті». [11, 244 б.].

Кеше ғана арын таптап жұртқа масқара қылған қарамұрт туралы Ақбілектің кексіз, тамсанып әңгімелеуі туралы Б.Майтанов былай дейді: «Ажал тырнағынан құтылғанына қуанған Ақбілектің Қарамұртты мүлде естен шығара алмауын көрсетуде көлгірсушілік жоқ» [12, 37 б.].

Қайткенде де Ақбілек Қарамұртқа ызаланбайды. Тіпті Бекболат келгенде де оның саусақтарын Қарамұрт саусақтарымен салыстырады. Сөйтіп жүргенде аяғы ауыр екені білінеді. Ақбілекке бұл жаңа дерт болады.

Ақбілекке өгей шешесі Өрік қатты өштеседі. Әсіресе аяғы ауыр екені білінгенде қуанғаннан жүрегі жарыла жаздайды. «Бұ хабарды естігенде, Өрік өлген байы тіріліп, екі баласы қолына тигендей қуанды. Дүниеде әйел бір-бірімен өштеспесін. Әйел өштесе, аяу дегенді білмейді. Қайдағы жараның аузын жұлып алатын нәзік, жанды жерді аңдиды. Әйел шақса, шаяннан бетер шағады. Әйел өмірі кешірмейді» [11, 279 б.].

Жазушы әйелдер психологиясын жетік біледі. С.Шаймерденов үнді жазушысы Тагордың «Күйреу» романын аударғанда былай депті: «Мен өзім оқыған классикалық әдебиетте әйел жанын дәл осы Тагорша терең түсініп, нәзік те, шебер суреттей білген жазушыны білмеймін», – дейді. Жүсіпбекті Тагордан кем түседі дей алмаймыз.

Ақбілек ұзақ азаптанып, Көркембай кемпірдің жаман үйінде ұл босанады. Бірақ оған қуанатын Ақбілек емес. Аналық сезімін туғанға дейін көрген азап, қорлығы тұмшалап тастағандай. Кемпірге баланың көзін жоғалт дейді.

«Ақбілек те Ескендірден (сәбиін білмей тұрып) қашқан. Ұяттан қашқан. Моральдық фактор үстемдік көрсеткен. Бәрінен бұрын өзін сүйген. Өзін аяған, әкесін, жақынын аяған. Ақбілек бейнесі сонда да тартымды. Оған себеп – жазушының ұлттық орта, психология талаптарын айқын сезіне біліп, кейіпкерін жағдай мен мінез бірлігі тұрғысынан сенімді түрде суреттеуі» [12, 38 б.].

«Жығылған үстіне жұдырық» дегендей Бекболат та «екіқабат екенің рас болса, түңілейін» деп хат жазады. Әйтпесе ол Мамырбайдың бермеймін дегеніне қарамай Ақбілекке үйленбек боп жүреді. «Бір қайғының үстіне бір қайғы жамылып, Ақбілек ең соңғы алданышынан айрылғандай, ойын қара тұман басты; кешегі баладан неге өліп кетпедім екен деген ой тағы келді. Өзін бұл дүниеге керексіз, артық адамдай көрді» [11, 283 б.].

Бұдан кейінгі Ақбілектің өмірі бес жыл өткен мезгілден кейін шегініс арқылы Кәмиламен диалог арқылы баяндалады.

Ауылдағы жанашыры жеңгесі Ұрқия болса, қалаға оқуға келген соң туған жеңгесі Мағиша қамқоршы болады.

Ақбілек Семейде, Орынборда төрт жылдай оқиды. Басқа қыздар секілді жігітпен қыдырмайды. Жеңгесінің ақылын тыңдайды. Жеңіл жүріске салынып кетпей, білім алып шығады. Ол салмақтылық, шыдам, ерік-жігер көрсетеді.

Ақбілек әуелі Ақбала деген оқығанға көңілі кетіп, екеуі үйленбек боп жүреді. Бірақ Ақбала Ақбілектің жағдайын естігенде бас тартады. Балташ деген оқыған жігіт Ақбілектің басынан өткенін білсе де үйленеді.

«Сенің өткен күндегің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің», – дейді Балташ [11, 313 б.]. Ақбілек Балташпен некеге тұруға барғанда баяғы Қарамұртты көреді. Ақбілек оған кештім дегендей басын изейді. Қарамұрттың да өкінген сыңайы байқалады. Ал Ақбілек Балташқа ешнәрсе сездірмейді. Сыр сақтай

білетіндігі, кейбір нәрселерді айта беруге болмайтынын жас та болса байыптай алатыны аңғарылады.

Ақбілек Балташпен еліне бара жатып жолда бір ауылға түседі. Кірген үйлері Бекболаттікі боп шығады. «Бекболатпен жолыққан күндер замат көз алдына елестеп өтті. Әйтсе де өткен күнге өкінген жоқ. Бұрынғы арман қылатын тұрмыс енді аяқ астында қалғандай, өзі басқа бір жаңа, жарық дүниеге көшкендей. Бір жоғары көңіл пайда болды. Бекболат бұрынғыдай емес, сақал, мұрты да көбейіп, бет-аузы да ажымданып, бойы да аласарып, қораш боп қалғандай көрінді» [11, 319 б.]. Жазушының Ақбілекті Қарамұртпен, Бекболатпен кездейсоқ кездестіріп отыруы Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы кейіпкерлердің бір - біріне жолығып қалып отыруларына ұқсайды. Толстой да Наташа мен Андрей Болконский, Болконский мен Анатолий Курагин, Пьер Безухов пен Долоховтарды өмірлерінің әр түрлі соқпақтарында ойламаған жерден кездестіріп отырады. Бұл тәсіл кейіпкерлердің өмірге деген көзқарастары өзгеріп, өздері не биіктеп, не төмендегендерін дәлелдеу үшін қажет болған.

Ақбілек бұрын үйінде жүргенде Бекболатқа қосылсам деп, көз алдына бақытты тұрмысты елестетуші еді. Енді уақыттың өзі оларды қайта жүздестіріп, Ақбілектің жоғарылап кеткенін, Бекболатты менсінбейтіндей халге жеткенін көрсетіп отыр.

Кезінде қорлық көріп, Ұрқиядан басқаға керек болмай кеткен Ақбілек енді оқыған, жар тапқан әйел боп келе жатыр. «Ақбілек Алтайға шыққанда, баяғы апасын өлтіретін, өзінің абұйырын алатын, өгей шешенің қорлығын шегетін, Көркембай кемпірдің көр үйшігінде жаны көзіне көрінетін, алай-түлей, қараңғы күндер барса келмеске біржола кеткендей, анау алыста, етекте біржола қарасы өшкендей боп көрінді. Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнәдан құтылып сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңа туғандай тәрізді. Оның жүрегін жуып, тазартқан леген – аяулы жаны, Қаратаудай қайратты, ай мен күндей ғылым еді» [11, 320 б.].

Бұл үзінді – роман идеясы, түйіні. Ақбілек оқудың арқасында жаңа адам боп өзгерді, көзі ашылды, жар тапты. Бұрынғы күйіктен із де қалмады.

Ескендірдің өз баласы екенін білгенде Ақбілекті аналық сезім балқытады, өлтірмей алып қалғанына Ұрқияға риза болады. Кейін өз қолына алмақ болады. «Кезінде көзін құрттыға санаған Қарамұрт пен өзінен туған баласы – Ескендірге деген махаббат – аналық ұлы мейі-



рім шуағы. Қасірет тозағының аспанынан бақыт жұлдызы шыға ма? Әкесін сүймей, оның перзентін шаттық көру қандай ғажап! Түсініп бағыңыз. Адам жаны неліктен төзімді, неге жұмбақ? Небір қияметті көтеретін адам жүрегі қандай берік?! Қаншама қайшылық бір адамның жанына қалай сыймақ? Керемет қасіреттен кейін баянды қуаныш табыла ма? Бүгінгі қуаныш кешегі қасіретпен қайтіп үйлеспек? Ақбілек тағдыры алдымен осы тақылеттес жан жүйе болмысына тән кермек сауалдарды алға тартуымен нанымды» [12, 38 б.].

Жазушы Ақбілек бейнесіне қатысты оқиғалардың бәрін логикалық, психологиялық дәлелдермен бере білген. Ақбілек бейнесін С.Қирабаев пікірімен қорытуға болады: «Әрине, Ақбілектің бұл күйге жетуі оңай бола салған дүние емес. Жазушы оның қайшылықты тағдырын жеңілдетпей, үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтере білді.» [11, 15 б.].

Автор кейбір кейіпкерлердің өзін сөйлетіп, кім екендіктерін өздеріне айтқызады. Соның бірі – Қарамұрт. Қарамұрт байдың баласы, әскер академиясын бітірген, құл-құтанға бағынбаймыз деп қашқандардың бірі. «Мал-мүлкімді талады, кісімді өлтірді, қызымды алып кетті деп, бізді бұзық адам көріп, қазақтар жазғырады-ау... аңсықылды жайылған қазақ, біздің неғып мұндай күйге түскенімізді қайдан білсін?» [11, 150 б.].

Ол да өздерін ақтайтын дәлелдер келтіреді. Жетіскеннен тау паналап жүргеміз жоқ дейді. Өңшең еркек болғандықтан бізге де әйел керек болды дейді. Оның бір дұрыс ісі – Ақбілекті көпке ортақ етпей, өзі иемденуі, сол үшін өлімге бас тигуі. Бір оғаш ісі – кетерде Ақбілекті атып кетпек болуы. Алдыңғысы – адамшылығы болса, кейінгісі – тасжүректігі. Адам өлтіру тауық өлтіргендей болып кеткендігі. Ол өзін емес, заманды айыптайды.

Бекболат та өзі туралы өзі баяндайды. «Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт шүңірек көз жігітпін» [11, 149 б.].

Бұрын бір байдың, осы күні орта шаруаның баласы екенін, Ақбілекті елден таңдап айттырғанын, қалыңдығына жасырын келе жатқанда Ақбілекті әкетушілердің оғы тиіп жараланғанын айтады. Ауруханада жатып Ақбілекті ойлайды. «Ол осы күнде не күйде екен? Әлде тұтқында екі көзі жаудырап, жасын бұлап жүр? Әлде орыстар өлтіріп тастады? Әлде бір сары орыспен құшақтасып отыр? Әлде бәрі жабылып ... деген ойға келгенде, шауып келе жатып, биік жардың ернеуіне төніп қалған кісіше, денесі шіміркеніп, жүрегінің астыңғы жағындағы бір нәзік қыл үзіліп кете жаздағандай болды» [11, 196 б.].

Жазушы Бекболат басындағы үрейленуді бейнелі түрде көз алдымызға елестетеді. Бекболат Ақбілекті алғаш көргенін есіне алады: «Маңдайы қасқиып, мойны қаздиып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, үріп ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау! Тал бойында бір міні жоқ, жаңа шығып келе жатқан сүйріктей еді. Шашбауын сылдыр еткізіп, сып етіп түрегелгені, тізесімен ақ көйлегін серпе тастап, аяңшыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, дауысы күмістей сыңғырлап тәптәтті күлгені, ... нәп-нәзік торғын қолымен қолтықтап көтеріп аттандырғаны, – бәрі-бәрі сондағыдай сайрап көз алдына келді» [11, 200 б.].

Ақбілектің сұлулығы, сымбаттылығы, нәзіктігі, әдептілігі, ақылдылығы, Бекболаттың көз алдынан кетпейді. Таразы басына сезімі мен жұрт талқысы қатар салынады. Қандай шешім қабылдарын білмей, біраз құбылады. Бәрін сарапқа салады: «Орыстардың талқысынан қалған қызды бұл ала ма? Алмай ма? Дүйім елге әйгілі боп, абиұры кеткен қызды қалай алады. Екі сөздің бірінде құрбы-құрдас бетіне басады ғой. Бірақ құдайшылыққа келгенде Ақбілек сорлыда не жазық бар? ...Ел өсегінен қорқып, шынымен алмай кетпегі ме? Қой, өмірде қызық болмас. Өзге қызды алса да, оның суреті көз алдынан кетпес. Өмір бойы өкінер де жүрер» [11, 201 б.]. Сөйтіп Бекболат қабырғасымен кеңесіп, Ақбілектің жолында бәріне көнуге тоқтайды. Мұнда Бекболаттың ішкі тартысы көрінеді.

Ақбілектің хабарын зарығып күтеді, табылғанын естігенде қуанғаннан оның орысқа маскара болғанын ұмытып кетеді, боранда адасып кетіп табылғандай болады.

Досы Ақбергенге де соңғы байламын айтады. Ақбілекпен де кездесіп қайтады. Бірақ аяғы ауыр екенін естігенде қазақшылығынан аса алмайды.

Кейін Ақбілектер жолда Бекболаттың үйіне тоқтағанда Бекболаттың Балташтан төмендігі, оқымағандығы білініп қалады.

«Ақбілек трагедияның ішкі жаны болса, Бекболат – сыртқы кескіні. Бекболат – оқиғаның дүмпуі, жаңғырығы, қасіреттің зардабы, жағдаяттың қисынсыз құрбаны. Бекболат еш нәрсеге айыпты емес. Бірақ ол кінәлі жандай абыржиды» [12, 46 б.].

### **Мұқаш, Балташ, Ақбала бейнелері.**

Ақбілекті орыстарға көрсетуші – Мұқаш. Ол да өзін былай таныстырады: «Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жар қабақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым отыз

бесте. Әкем Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы, аузым асқа, ауым атқа жарыған емес» [11, 153 б.].

Өмірі жарып көрмеген Мұқаш кейін әр түрлі кәсіп істеп, орыстармен араласып, тіл үйренеді. Кеңес өкіметі орнағанда мылтық асынып, яшейкенің жұмысын істейді. Өзіне пайда түсіріп, кегі бар кісілерден өшін алады. Болыс болмақ боп жүргенде Мамырбайдың Төлегені үстінен арыз түсіріп, сайлатпай қояды. Қашып жүрген ақтармен араласып, оларға Ақбілекті көрсетіп кегін алады. Жолда келе жатып: «Япыр-ау, мен қазақпын ба? Қазақ болсам өз қаныма неден мұнша өшіктім? Ағасы болмаса, бұ қызда не жазық бар еді? Тегі, мен өлерімді білмейтін, ақымақ шығармын. Әйтпесе, елді осынша шапқыншылыққа ұшыратып, осынша қан қақсатып, зарлатып, қарғыс алып, жексұрын болғанда, қайда сиям, қалай тіршілік етем деп ойладым екен», – деп ойлайды» [11, 161 б.]. Істегенін таразыға салып сараптайды. Біресе мен болмасам да, басқа біреу істер еді, байларды аямау керек деп құбылады.

Осы ойлармен үйіне келгенде ұлына жақындағысы келмейді. «Күнәға батпаған періштедей сәбиге жаман қолын, арам демін, арам ернін тигізуге батылы бармады. Молдадан да, ұйықтап жатқан нәрестеден, нәресте емес өзінен ұялғаны күштірек тәрізденді» [11, 163 б.]. Жамандық істесе де, жүрек түкпірінен ұят, өзінен жирену сезімдері қылт етіп бой көрсетіп қалады. Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романында да кісі өлтірген бір кейіпкер балаларынан қысылып, былай дейді: «Оларды сүйеге, оқытуға, тәрбиелеуге қалай ғана дәтім шыдайды, оларға ізгілік жайында қалай айтпақпын: мен кісі өлтірдім ғой» [13, 382 б.].

Адамның ішкі психологиясын суреттеу жағынан Жүсіпбек пен Достоевский арасынан ұқсастық көруге болады. Достоевский өзінің шығармашылық мақсаты туралы былай деген болатын: «При полном реализме найти в человеке человека» [14, 400 б.]. Адамның ішіндегі адамды тауып, тану үшін жазушыда ерекше қабілет болуы керек. Ондай қабілет Жүсіпбекте ерекше дамыған.

«Жалшыдан көтерілмек болған Мұқаш біресе қызыл, біресе ақ жағында жүріп, Ақбілек трагедиясына жол ашып берді. Жеке басының араздығы үшін елінің намысын таптады. Ақбілек үшін өкінуі көп талықысынан сескену ғана. Мұқаш қызмет таңдайды, әліне қарамай болыстыққа жүгіреді. Төңкеріс Мұқаш тәрізді түйсіксіз шолақ белсенділердің мансабына бола жасалып па еді? Мұқаш солай ұғынады.

Талай кедей байлықтың көзі айла, аярлық тіпті ақыл-сана биіктігімен сабақтас екенін біле қойды ма екен?» [12, 41 б.].

Сондай аласапыран кезде талай Мұқаш секілділердің мансапқа ұмтылып, ебін тауып біреуге жағынып беделді орынға ие болмаққа жанталасқандарын жазушы әдейі көрсетіп отыр. Мұқаш секілді қай бейне болмасын, бәрі де заман сырын аңғартатын типтік тұлғалар.

Сол Мұқаш ақтарды қызылдарға ұстап беріп, жақсы атты боп, болыстыққа сайланғысы келгенмен жаман істері ашылып, елге жексұрын болып, өкіметтен жақсы ат ала алмай, пұшайман болып еліне қайтады.

Балташ бейнесі көбіне Ақбаламен салыстырыла беріледі. Ақбаланың қасында ол онша көзге ілінбейді. Бірақ Бекболаттан жоғары. Романда Балташ былай суреттеледі: «... енді бірі келбетті де, киімі де қоңырлау, жүріс-тұрысы да солапаттау Балташ деген жігіт еді;» [11, 217 б.]. Оның түсінігі таптық тұрғыда. Әбен деген бай туралы: «Бай неліктен бай болады дейсің? Елді жеумен, нашардың қанын сорумен, солардың еңбегімен бай болады. Матайдың Әбені, меніңше, елді құртқан, барып тұрған сыболыш кісі, ең зиянды элемент. Меніңше, оның көзін жою керек», – дейді [11, 221 б.] Өзін кедейшіл етіп көрсетеді. Айтысу жағына келгенде Ақбаладан білімі кем. Балташ, Ақбала, Төлегендер саяси-әлеуметтік жағынан, жаңа өкімет талаптарына көзқарастары жағынан көбірек бейнеленеді. Қазақ оқығандары арасында үш ағым болады. Үшінші ағымның айта-тыны: бізде тап жоқ, тап тартысы деген орысқа еліктегендік. Біздің кейіпкерлер бұл ағымда жоқ. Мұнда Жорғабек пен Тыпаң бар. Тыпаң сол үшін Әбен байдың елге жасаған жақсылықтарын айтып, жақтаған болатын. Балташ қолдайтын бірінші ағым: «қазаққа төңкеріс жасау керек: байдың жер-суын, мал-мүлкін, жазаласа артық қатынына шейін кедейлерге тартып әперу керек; пышақ үстінен бөліп беру керек, бай, кедей деген айырманы жойып, қолма-қол теңгеру керек» [11, 228 б.].

Кеңес өкіметі орнаған соң осы ағым іске асырылды. Көпшілік Балташ секілді кедейшіл боп, осы ағымды жақтады. Жазушы романда қазақ ұлтының тағдыры осылайшы көкпарға тартылған серкедей болғанын алдымызға жайып салады.

Ақбілектің айтуынша: «Балташ көп сөйлемейді. Ақбаладан гөрі қоңырлау, бұйығылау, білімі де Ақбаладан төменірек пе деп ойладым» [11, 296 б.]. «Балташ менің ойлағанымдай емес, недәуір білетін, артық желігі жоқ, сыпайы, есті жігіт көрінді» [11, 298 б.].

Ақбаламен салыстырғанда Балташтың Ақбілекке деген махаббаты күшті боп шығады. Қыздың басынан өткерген оқиғасын естігенде Ақбала тайқып шыға келсе, Балташ Ақбілекті сүйетінін айтып:

– Сенің өткен күндегің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің. Сен тисең, мен сені аламын, – деді [11, 313 б.].

Балташ бастапқыдай емес, бірте-бірте өсе береді. «Өйткені ол Ақмола, Семей, Орал, Бөкей губернелерінің бәрінде қызмет етіп, жалпы қазақ жайымен, әр алуан жағдайымен, оқығандарымен әбден танысып, ақыл ауданы, дүние тануы кеңейген еді. Ол өзінше әркімге сын беруге жарайтын, біреудің атағына, беделіне, сөзіне сатылмайтын, өзінше жол тұтынған жігіт еді» [11, 314 б.].

Ақбілектің жары осындай болуға тиіс қой.

Ақбала да оқыған, үлкен қызметкер, сөйлесе жұртты аузына қаратады. Оның саяси көзқарасы екінші ағым бойынша: ондай төңкерістен мін шықпайды, онымен кедей теңелмейді дейді. Осы күнде байдың малын тала десе, бұзақылар талап кететін, кедейлер байдың малын пайдаға асыра алмай, жау малындай ішіп-жеп қоюы; сөйтіп жалпы мемлекеттің байлығы кемуі, байды кедей қыламыз деп жүріп, кедейді бай қылып алу қаупі, кедей оңай олжаға қызығып еңбекке үйренбей кетуі, кедей ақыл-ой, сана-саңылау жағынан теңелмей тұрып, жалаң малмен теңеле алмайтыны [11, 228 б.].

Қайсы ағым болсын сол кезде қазаққа зияннан басқа пайдасы болмады. Конфискация, ашаршылық, колхоздастыру, т.б. саяси науқандар қазақ жерінің ойран-ботқасын шығарды.

Ақбаланың сипатталуы: «Бұ келген төрт жігіттің бірі: қошқар туған қозыдай келбетті, бітімді Ақбала еді» [11, 216 б.].

Ақбілекке де Ақбаланың білімі, сөйлегені, жүріс-тұрысы ұнаған болатын. Ақбаладай жары бар кісінің арманы бар ма деп жүретін. Ақбілектің бағалауынша: «Балалар шешен, білгіш деп мақтайтын. Орта бойлы, маңдайлы, аққұба жігіт еді. Көзқарасы, сөйлесі сабырлы жігітке ұқсайды» [11, 296 б.].

Ақбаланы Ақбілектен бас тартқаны үшін жазғыруға да болмайды. Себебі уақыт ыңғайына қарай қазақ психологиясы әлі өзгерген жоқ. Абыройы жоқ қызға үйлену ол кезде үйреніспеген нәрсе, сұмдық боп есептелінді. Ақбала үшін махаббаттан ар-намыс жоғары тұрады. Махаббат үшін құрбандыққа бармайды. «Қыз тарихын білген Ақбаланың кешірім сұрап, бастапқы райынан қайтуы – алдамшылық

емес, адамшылық. Оның тарапынан кінәлау, қорлау да, табалау да жоқ» [12, 48 б.].

Бұл пікірдің дұрыс жағы да бар, бірақ жар таптым деп, жүрегі алып-ұшып жүрген Ақбілек үшін оның бас тартуы – ауыр соққы.

### **Мамырбай, Бозінген, Алтынай, Өрік, Ұрқия бейнелері№**

Ақбілектің әкесі Мамырбай бұрын да тұйық адам болады. Ақбілекке бұрын шешесінен артық бәйек боп жүретін. Орыстардан келгелі Ақбілекке қарамайды, сөйлеспейді. Ақбілектің өзінен болса бір сәрі, кінәсыздығын біле тұра қатыгездік көрсетеді. Онсыз да қарабет боп жүрген қызының қайғысын ауырлата түседі.

Мамырбайдың салқындауының себебі: «Бұрынғы нәрестедей бала, ақ қағаздай таза көріп жүретін Ақбілегі енді күйе жаққан қағаз, бала емес қатын боп қалды. Ақсақал баласын құдай қосқан күйеуінен де қызғанатын іші тар кісі еді, баласы кірсіз, таза болғанын қалаушы еді. Енді Ақбілек баласы емес, бөтен әйел іспетті. Кімнен қалған әйел десейші! Қазақ, қазақ болса бір сәрі ғой. Ол о ма? Келген-кеткен кісінің көзі Ақбілекте болатынын алдымен әкесі сезеді. Бәрі де: «Мамырбайдың орыс талқылаған қызын қара!» деп, ақсақалды көзге шұқыған тәрізденеді. Енді Ақбілегі әкесіне масыл болды. Бала ұстаған емес, жұртқа тамашалауға маймыл ұстап отырған кісі тәрізденді. Ақбілектің қырсығынан ақсақал масқара боп абыройынан, адамдығынан айрылғандай болды» [11, 246 б.].

Шешесі болса, бұлай теріс қарамас еді, «әкенің жақындығы жездедей-ақ» деген сөзді Мамырбай расқа шығарды. Қызын емес, өз қара басының намысын ойлап жүр. Өгей шешенің қатыгездігінен де балаларын арашалай алмайды.

Өзі екінші әйел алу үшін Бекболатты қызынан айыруға көнеді. Ақбілектің аяғы ауыр екенін естігендегі Мамырбай күйініші: «Бүйтіп масқара болғанша, неге баласын түсіріп тастамады екен? Бұл – орыстың баласы ғой. Орыс түгілі, өз күйеуінің баласын оң жақта тапқан қызды кім естіген? Одан масқара нәрсе бар ма? – деп азуын шайнады. Ақбілекті тауып әкелген кездегі жиренгені, қынжылғаны – мынаған астар болмай қалды. Япыр-ай, бұ қызды енді қайтсе екен? Көзін қайтіп жойса екен? Буындырып өлтірер ме еді... Таспен атып өлтірсе қайтер еді? Қол-аяғын байлап, суға тастап жіберсе, нетер ед?» [11, 281 б.]. Мүмкін, Мамырбайдың осындай күйде болғандығы шынайылық, солай болуы тиіс нәрсе шығар. Бұрын естіп-біліп көрмеген масқаралықпен бетпе-бет келу кімге болсын оңай тимесі анық.

Осындай қатыгез ойларда болған Мамырбай кейін қызын басқа түрде көрем деп ойлаған жоқ еді. Ақбілек оқу оқып, жар тауып, бес жыл дегенде еліне келгенде ақсақал өз қызын өзі танымай қалады.

«Ақбілек баяғы емес, өзгерген: өнер тапқан, жетілген, ысылған, әйелдерге көсем болған. Бұрынғы бұйығы, ұялшақ, сызылған, мұңайған Ақбілектің ізі де жоқ. Ақбілектің қызығын, ісін көргенде ақсақал таңданады: «Бұл қалай боп кеткен? Қаланың не қасиеті бар? Жұп-жуас, ұялшақ бала емес пе еді!» деп ойлайды. Қалайда Ақбілек жат. Енді ақсақал одан именеді. Баяғы өзінің қаталдығын ойлағанда, өзінен-өзі ұялады. Кешірім сұрасам қайтер еді деп бір ауық ойланады. Бірақ әке басымен балаға кішіреюді лайық көрмейді» [11, 323 б.].

Ақбілек басына іс түскенде әкесі демеу бола алмады. Сонда да қызы әкесіне кектенбейді, табысқанына қуанады.

Романда жазушы әр түрлі әйелдер бейнесін шеберлікпен жасаған. «Ж.Аймауытов сомдаған әйелдер бейнесінің нанымдылық күші жоғары. Жазушы түсінігінде әйелдер жақсылықтың да, жамандықтың да бастау-бұлағы. Жазушы негізінен қазақ жағдайындағы жаулық жамылған жандардың тіршілік-дағдысын сыйына дәріптеу орнына сыни көзбен мысқылдай, әшкерелей, сықақ ете суреттеуге бейім» [12, 39 б.].

Бұл жағынан Жүсіпбек Бейімбеттен қалыспайды.

Мысалы «Саулы Бозінген» деген әйел оқиға желісінде Ақбілек ақтардан қашып келе жатып бір ауылға тоқтағанда көрінеді. «Бозінген» бүкіл ауылды құлақтандырып барып, Ақбілекті көруге келеді. Өзінің екіқабат боп ұзатылған Айтжанымен салыстырады. «Бозінген отбасының әйелі емес, бір болыс елдегі әңгімені үйде отырып біліп отыратын, еркектердің партиясына да, дау-шарына да кірісіп кететін, сақ құлақ, еті тірі көшелі кісі ғой. Және біздің «Бозінген» еркектермен дойбы, карта, асық ойнайтын, насыбай ататын, қонаққа өлең айтқызбай жібермейтін, бозбала келсе, екі езуі жиылмайтын сері кісі ғой. ... таза көрпелері салтақ-салтақ боп, төсек-орны жуырда жиналмай, қоқып, ыбырсып жатар еді» [11, 190 б.].

Жазушы Бозінгенді мақтап отырған жоқ, кекетіп отыр. Жақсы әйел «Бозінген» атанбайды ғой. Бозінген - әйелдер арасында кездесе беретін шаруаға қыры жоқ, өсек-аяң, қыдыруды жақсы көретін, еркекке жеңілтек әйелдердің бір үлгісі.

Ал Өрік – нағыз тасбауыр өгей шешелердің жиынтығы. Оның портретінің өзі сөйлеп тұрғандай: «Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. Көзі тікшиген, жұқа қабақ, қаймақ ерін, таңқы мұрын, тымы-

райған, қайқандау, қара сұр адам екен. Үйге жылан кіріп келгендей Ақбілектің жүрегі су ете түсті» [11, 273 б.].

Өріктің қандай адам екенін түрі айтып тұр. Ауыл әйелдері де оның шеше боп жарытпайтынын, көк долы екенін аңғарады. Өрік келе шаруаны қолға алады, бір сабақ жіп бермейтін сараңдығын көрсетеді. Балаларға мейірімсіз болады. Ара түскен Ақбілек:

– Ойбай-ау! Ұят қой! Пәленшенің қатыны дейді ғой, – деп тағы бірдеңе айтпақ болып еді, Өрік одан жаман дәуірлеп:

– Қатыны болсам, не ғыппын? Ойнас қылыппын ба? Өтірік айтыппын ба? Құдайға шүкір, оң қолым таза, аузым оймақтай? Құдай сендей абиыры кеткеннен, орыс салдақылағаннан сақтасын! – деп бастырмалатып, аузынан көбігі бұрқырап жатқанда, Ақбілек шыдай алмай, еңіреп шыға жөнеледі» [11, 277 б.].

Өрік Ақбілек пен әкесін араздастыра түседі. Ақбілектің аяғы ауыр екенін білу үшін түйменді салып шық деп өтірік қамқорсыған болады. Өзіне камзол пішпек боп, Ақбілекке «түйменді салшы, қиғанын көрейін» деп аярлық істейді. Тіпті болмаған соң Ақбілек ұйықтап жатқанда ішін ұстап көреді. «Ақбілекпен өштігі әуелде өткен күнін көксеуден туса да, жүре-жүре ол себеп ұмытылып, енді тек өштіктің қызығына түскендіктен өшігуші еді. Жығылғанды жұдырықтау оған өнер, мақтан есепті көрінуші еді. Үйткені адам – айуанның айуаны ғой. Кімнің басына күн туса, соны табалауға, мұқатуға, одан әрі батпаққа батыруға құмартып тұрады: табаласа, аяғымен таптаса, сонда айызы қанады. Әсіресе, ел мақтаған, кірсіз адамды кірлеуге жаны өш болады. Үйткені кір көңіл адам кірсізді көре алмайды, күндейді; өзіндей қылуға тырысады» [11, 280 б.]. Жүсіпбектің «Адам – айуанның айуаны» дегені де Достоевскийдің адамның қатыгездігі туралы айтатын тұжырымымен үндес келеді.

Әйелдердің кешірімсіз болатыны туралы да Достоевский мен Жүсіпбек пікірлері бір жерден шығады: «Дүниеде әйел бір-бірімен өштеспесін. Әйел өштессе, аяу дегенді білмейді. Қайдағы жараның аузын жұлып алатын нәзік, жанды жерді аңдиды. Әйел шақса, шаяннан бетер шағады. Әйел өмірі кешірмейді» [11, 279 б.]. Достоевский «Ағайынды Карамазовтар» романында кейіпкеріне былай айтқызады: «Әйелге кінә менде, кешіре гөр деп кінәнды мойындап көрші: кекетіп-мұқату міне сонда басталады! Бұл сылтыңсыз жай кешіре салмайды, әбден жер-жебіріңе жетіп, болмағанды болды деп, жоқты бар деп мысыңды құртады, ештеңені де ұмытпайды, бірдеңені ойлап шығару-



дан да тайынбайды, сонсоң кешірсе, осыдан кейін ғана кешіреді» [13, 711 б.].

Өрік келте ойлайтындығын, ақылы шолақтығын көрсетті. Кейін Ақбілек оқыған боп өзгеріп қайтқанда Өріктің қарауға беті болмайды. Қалай қарасын? Ақбілек жаны қысылып толғатып жатқанда Мамырбай екеуі үйлерінен қуып шықпады ма? Сонда Өрік: «Сені жайратып отыра алмаймыз, сенің қағанағыңды жуатын адам жоқ» деген болатын.

Ақбілектің жеңгесі Ұрқия – адамгершілігі мол, жүрегі таза, адал, кеңпейіл әйел. Ақбілектің шешесі қызын Ұрқияға ғана сеніп, ойынға жіберетін. Ақбілектің қиын күндегі серігі, сырласы Ұрқия ғана болады. Ақбілек үшін Ұрқия өтірік екіқабат боп, жазықсыз сәбидің көзге түрткі болмай өсуіне себеп болады. Бірақ сондай жақсы адам бір балаға зар болады. Зар болса да Мағжанның Шолпаны секілді күнә жасамайды, күйеуінің көзіне шөп салып, бала табуға ұмтылмайды. Ұрқия – баяғы замандағы жақсы, адал жеңгелердің үлгісі.

Мұқаштың әйелі Алтынай – жоқтан бар жасайтын, үнемшіл, шаруақор әйел. «Алтынай малын сауады, өргізеді, көздейді, байлайды, отынын тереді, отын жағады, суын әкеледі, күлін шығарады, тамағын істейді, киімін өзі тігеді, үйін жаяды, сыпырады, қорасын тазалайды. Жұмыстан қалт етіп қолы босаса, есік алдына шықса, ауыл-үйді қыдырса, болмаса абысын-ажындарымен әңгімелесе, қолынан ұршығы түспейді. Не дегенмен Алтынайдың қолы берекелі қатын. Жылына тістей қатып, тырнақтап жүріп, үш сиырдан үш-төрт қарын май алады» [11, 165 б.].

Тұрмысы оңды болса, Алтынайға одан басқа ешнәрсе керек емес.

### **Романның көркемдік ерекшеліктері.**

Жанры жағынан роман – психологиялық шығарма. Оны жоғарыда кейіпкерлерді талдағанда көз жеткіздік.

Арасында ақ өлең үлгісімен жазған. Сюжеттің басталуы, аяқталуында, композициясында артық боп тұрған кейіпкер де, оқиға да, сөз де жоқ. Юмор, сарказмды көп қолданады.

«Романның сюжеттік құрылымы жүрдек. Ол кезекті (хроникальны)] және себепті (концентрический) сюжеттердің бірлігіне негізделген. Орама (кольцевая) композицияның белгілері бар. Тартысының шарықтау шегінен (бұл – кең көлемдегі, екінші реттегі тартыс)

кейінгі шешімін күтетін сәтте «Махаббат» атты төртінші бөлім арқылы шығарма бастамасы (экспозициясы) пайда болады [12, 32 б.].

Жазушының бейнелеу құралдары көбінесе ауыл тұрмысынан алынады. «Ықаң шылымын тұтатқанда әуелі аузын толтырып, түтінді жөдемелете будақтатып жіберді. Оны көргенде Бекболаттың көзіне кешке таман басына күл шашқан бұқа елестеді» [11, 215 б.].

Темекі тартқанды көрмеген Бекболаттың есіне бұқа түсуі нанымды болса, оқырман үшін күлкілі, жазушы қолмен ұстағандай жанды сурет жасай қойған.

«Мұртын тазының құйрығындай ширатқан, шашын енесі жалаған бұзаудай тарап, жылтыратқан ақ киімді дәрігер де матүшкелерге орысшалап, ауру жатқан үйлерді нұсқап, бірдеңе тапсырып жүр» [11, 196 б.].

Автор ауылда өскендігін білдіріп, қазаққа таныс көріністі шебер қолданған. Байқағыштық, ұқсатқыштық шебер жазушыға ғана тән қасиеттер. Дәрігердің қандай адам екенін білмесек те, оны да сықақтан автордың құр қалдырмағанын аңғарамыз.

«Пароход сорпа жалаған кәрі төбетше суды сылп-сылп ұрып қозғала бастады» [11, 314 б.].

Мұнда да ауылға тән көрініс пен техниканың жанды сурет жасағанын көреміз, тіпті пароходтың жүзіп бара жатқаны естілгендей әсер береді.

Мұндай суреттер көптеп кездеседі.

«Тыпаң орған шабындының түбірі бейнелес шашын бір сипап, шылымын жілік тістеген Майлыаяқша бір езуіне ырсиита қыстырды» [11, 214 б.]. Тыпаң шашын сипаттап жазуға жазушы көп әуреленбей-ақ, бізге таныс орылған шабындының түбірін келтіре салады. Жазушы көп айтылатын «кірпі шаш» деген сөзге басқа теңеу тапқан. Темекіні езуіне қыстыруы да иттің сүйек тістегеніне ұқсатылып күлкінді келтіреді.

«Бекболат қаңылтыр аяқтағы сылдыр сорпаны жеріген жылқыша тамсап, ұрттаған болды» [11,200б.]. Ол кездегі қазақтар қаланың, аурухананың тамағын ішіп үйренбегендіктен, жылқының лай судан жерігеніне теңеуі дәл шыққан.

«Қонақтар қызарып-қызып сөйлегенде бірінің иығына бірі асылып, көздері кішірейіп, бірін-бірі тізеге салып қап», – деп, қонақтардың мас болғандағы қимылдарын бейнелейді. Осындағы «көздері кішірейіп» деген тіркес – деталь. Адамның көп ішкенде көзінің кішірейіп кететінін аңғартады. Ғ.Мүсірепов «Сөз жоқ, соның іздері»

әңгімесінде де маскүнем Айдарбектің көзін «үшбұрыштанған» деген сөзбен береді.

«Етті үстелге әкеп қойысымен, Төлеген төргі үй жақтан ішіне тығып бірдеңе алып кеп еді, Тыпаң жымың ете түсіп, білмегенсіп:

– Сенің қолыңдағы не? – деп өңірінен тартты.

Кішкене «Бозжорға» еді, – деп Төлеген сыпайы қонағына қарап жымыды» [11, 219 б.]. Мұндағы «бозжорға» – арақ. Б.Майлиннің «Желдірбай Жындыбаев» әңгімесінде Желдірбай ауылнайдан «көкмойының бар ма?» деп сұрайтын. Бұл сөз де сол кездегі арақтың сыпайы атауы болған.

«Бекболат та қалақтай алақанын қырынан жапсырып жатыр» [11,217], – деп Бекболаттың қонақтармен амандасуын жай сөзбен айта салмай, көз алдымызға суретін елестетеді. «Қалақтай» деген сөз Бекболаттың ауыл баласы екенін, қолының жалпақ екенін айқындай түседі. В.Набоковтың «Қапас құрсауы» романында осыған ұқсас мысал бар: «Кречмар, мұнда кімнің қожайын екенін аңғара алмай, қолын жуып жатқан адам құсап ысқылап тұрған Горнге қарсы жүрді. Горн қолын әлі ысқылап сабындап тұр, басын сәл ғана изеп қояды» [15, 273 б.]. Бұл мысал ыңғайсызданып тұрған адамның қимылын нақтылай түседі.

«Өзіне дейін қазақ прозасында роман дәстүрі терең тамыр жаймағанына қарамастан, «Ақбілек» романы стильдік, композициялық тұрғыдан, сөз жүйесі бойынша іргелі көркемдік талаптарға қысылмай-қымтырылмай жауап береді» [12, 31 б.].

## **Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы**

### **XX ғасырдағы қазақ романының дамуы**

«Қартқожа» романы 1926 жылы Қызылордада жарияланды. Әдебиет-тегі алғашқы қадамдарын ақын ретінде бастаған Ж. Аймауытовтың өз өмірі де, Қартқожа сияқты бас кейіпкер өмірі де үндесіп жасқан сияқты. Жазушы өзі туралы сауалнамасында: «Ақат ағамыз екеуіміз әрі молда, әрі етікші алғашқы, шимайшы, домбырашы болып өстік» - деп баяндайды. Сондықтан да роман сюжетіндегі оқиғалар өмінің өзіндей нанымды, шыншылдығымен шырайлы, жазушының білімі, стильше бірлігі айқын көрінеді.

«Жүсіпбектің «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнекейдің жазығы» сияқты көлемді прозалық туындыларының кейіпкерлері - әлеуметтік арпалыстар кезінде, тулаған толқынның үстінде өзіне жол тауып,

жаңа өмірді жасауға ұмтылған жаңа қаһармандар. Қартқожа – жасынан қағажу көріп өскен, теңсіздіктегі ортадан шыққан қарапайым қазақ ұлы» деп жазады академик С.С. Қирабаев.

«Мен мұндай шешен, сөзге бай, ұшқұр жазушыны ешқашан көрген емеспін... Өз басым қазақта мұндай білімді. Жан-жақты дарынды жанды әлі кездестіргенім жоқ. Мен білетін Жүсіпбек тамаша жазушы, тұңғыш роман жазған драматург, ақын, аудармашы, режиссер, әнші, музыкант, ғалым, сынның негізін салған дарын» деп бағалайды Б. Майлин.

Жүсіпбек Аймауытов - шығармашылық еркіндікті жақтаған қаламгер еді. Сонымен қатар жазушының өмір сүрген дәуірі- тар жол, тайғақ кешкен қатерлі кезең, алмағайып, аласапыран уақыт еді.

Сол себепті Ж. Аймауытов та саяси қуғын құрбаны болды, ондаған жылдардан кейін, қайта құру идеясы нәтижесінде ақталған болатын.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының көркемдік ерекшеліктері туралы талдамас бұрын, роман жанры туралы әдебиет зерттеуші ғалым, Алаштың ардақтысы, ұлт көсемі А.Байтұрсыновтың сөзіне жүгінелік. «Ұлы әңгіме, яки роман деп, тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезі, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек -деп айқындайды ғалым.

### **Роман тақырыбы, идеясы.**

«Бұл – қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы көлемді шығармасы» [11, 9 б.].

Мұнда ақ патша заманынан бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, елді біресе ақтар, біресе қызылдар билеп, аласапыран болған кез, жұрттың малын тартып алу, байларға қысым секілді әлеуметтік ірі оқиғалар кең көлемде баяндалады.

Осындай жағдайларды суреттеуде Жүсіпбек өзінің реалист жазушы екендігін дәлелдейді.

Қазақ жерінен тыныштық кетіп, дүние астаң-кестең боп жатқанда Қартқожаның оқуға ұмтылуы, оқудың арқасында көзі ашылып, мұқтаждықтан құтылып, елге жаны ашитын, ел қамын ойлайтын азамат боп шығуы – роман идеясы.

Роман 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап боп басылып шығады.

### **Қартқожа бейнесі**

Негізгі кейіпкер Қартқожа шығарма басында былай сипатталады: «Со кезде қожадан талай бала оқиды. Сол балалардың ішінде босаға жақта – астында бір жапырақ тай тері, мұрнын қос-қостан тартып, қожасының ақ сабауына қарай түсіп, шиге шанышқан бір жапырақ қағазына үніліп, құнысып, бір бала отыратын еді. Жасы 10-11 шамасы болар ма екен, қалай... Екі жеңі де сауыс, бетінің бір жағы да сатпақ, көзінің былшығы да бір тазармайды. Со баланың қақсоқпен ісі жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып, аузын ашып, мұрны қоңқиып отырғаны. Жасында болпиган сүйкімді бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді [11, 32 б.].

Балалар да, осындай момынды басынады, ыза қылғысы келеді. Бірақ Қартқожа оларды елең қылмайды. Қағазын шұқылаудан жалықпайды, ойын баласы боп асыр салуды білмейді. Ерекше оқуға құмарлығы, ынтасы байқалады.

Қартқожаның әкесі Жұман да момын адам: кісіден тіленбейді, кісіге жағынбайды, бес уақыт намазын оқып: «А, құдай, бергеніңе шүкір» деп, барға қанағат, жоққа сабыр ететін бір бейуаз. Ол сұғанақтық етіп біреудің дүниесін пайда қылған жан емес... Үзіп-жұлып шығатын артық білімі де жоқ, әйткенмен бір қазақтан ақылсыз да емес, желікпен, бұзықтықпен ісі жоқ» [11, 33 б.].

Әкесі қандай болса, балалары да соның ыңғайымен, тәрбиесімен өскендігі байқалады.

«Қартқожаның шешесі де бір түрлі момын, біртоға жан. Күйбеңдеп шаруасын істеп, балаларының үсті-басын бүтіндеп, анаған да, мынаған да «қарағым, шырағым» дегеннен басқа, бар дәмін кісіге бергеннен басқа бөтен мінезі жоқ. Кей қатын аузы сүйреңдеп өсек айтады; енді біреулер ауылды басына көтеріп, шаңқылдап баласын, байын қарғап жатады. Ондайдың бірімен ісі бола ма екен?! Жо-жо-жоқ» [11, 34 б.].

Әке-шешесі бір-біріне сай, сабырлы, мінездері жақсы болса, Қартқожа олардан асып қайда барсын?

Қартқожа жастайынан кедейліктен қорлық көреді. Бай балаларынан өзі талай қорлық-зорлықты көрсе, әкесі де бай, тілмаш, ауылнай, шабармандарға малын жегізеді. Қартқожа осылардан кек алсам деген арманмен өседі.

Қартқожа молда болып, жаназа шығарып, құран оқитын болды. Бірақ бәрібір өзін де, әкесін де зорлықтан құтқара алмайды. Намаз оқып, құдайға, пайғамбарға, әулиелерге де жалбарынып көреді. Одан да түк шықпайды.

Ол оқыған тілмаштарды көрсе қызығатын болды. Мектепке түсіп оқығысы келеді. Медреседе оқитын бір шәкіртке жолығып, оқуға деген ынтасы одан сайын арта түседі. Сөйтіп жүргенде шаруалары қырын кете бастайды. Аты мен биесі өлгенде әке-шешесі жылайды, үйді айналып, Қартқожа да жылайды.

Мұнан Қартқожаның үй ішіндегі жағдайға көңіл бөліп, жаны ашып отыратыны, көңілі бос, сезімталдығы көрінеді.

Жұт жылы әкесі қарызға астық әкелем деп, суық тиіп, қаза табады.

Қартқожа бір байдың үйінде бала оқытады. «Кісі жоқта бие де сауа салады. Қонақ келсе, шай жасап, төсек салып, даяршы да болып кетеді. Молда басымен даяршы болғанына қорланса да, сыртына шығармай, шыдап жүр» [11,48 б.].

Ол кісінің көңілінен шыға біледі, күй талғап жатпайды, кеуде көтеруді, шалқаюды білмейді, әлі де өзін байдың қасында төмен санайды.

1916 жылғы июнь жарлығында Қартқожа он сегізде болса да, тізімге он тоғызда болып ілінеді. Тізімге ағасы да ілініп, үйде еркек кіндік қалмайтын болған соң, уайым күшейеді. Қара жұмысқа кететіні белгілі болған соң, ауылға деген қимастық сезімі арта түседі: «Қартқожа үйге сүйеніп, ашамайды шынтақтап, ауылға қарап отыр. Оған ауыл бір түрлі жылы, бір түрлі қызықты, еттен ет бауыр болып көрінді. Қоңырсыған сүт, қаңсыған қазан, қайнатқан қаймақ иісі де тәтті. Күлімсі шуаш иісі шыққан қойлар да бірге туғандай, түтіннің иісі күндегіден жағымды тәрізді, ала бұзауын қуалап, құйрығынан алам деп, домалап жатқан Кенжетайы да бір түрлі жарастықты» [11,58 б.].

Мұнда Қартқожаның туған жерге деген елжіресі, тіпті малына дейін ыстық көруі нанымды суреттелген. Кіндік қаны тамған жерден жырақта жүрген қай адам болмасын осындай күй кешері сөзсіз. Бір жағынан Қартқожада ауылды қайтып көремін бе, көрмеймін бе деген де алаңдаушылық бар.

Қартқожа аулының жігіттері өздерінше көтеріліс ұйымдастырады. Қартқожа да көптің бірі боп ішінде жүреді. Көпшілік оған

желік бітіреді. Астында бір байдың жүйрігі, қасында қарулы жігіттер болған соң уайымын ұмытып, қыза түседі.

Жасақта жүргенде жұбаныш болар ойларға кетеді: «Дәрмен сықылды ерлері тұрғанда, Алабас сықылды таулары, гүл аңқып маса-тыдай құлпырған жерлері тұрғанда, әлекедей жаланған жасөспірім жігіттері тұрғанда қазақты ешбір жау ала алмайтындай көрді. Біресе бұл жарлық әншейін қазақты шошытуға, тәубесін есіне түсіруге, ұйқысын ашуға жіберген «құдайдың сыны» шығар, ел боз қасқасын айтса, құрмалдығын берсе, жарылқайтындай көрінеді. Қайтсе де осынау сар далада асыр салып сайрандап, сай сүйекті сырқыратып жатқан жаны бірге жастарды ертең жоғалады деуге көңілі жібермеді, өлімге қимады» [11, 76 б.].

Бұл – Қартқожаның елі туралы алғашқы ойы, жеке басынан гөрі жұртын ойлай бастағаны. Қайткенде де ол уайымшыл, ойшыл, жүрегі жұмсақ. Басында бір үйдің баласындай болған жігіттердің арасында алауыздық туып, бірлік кете бастағанда Қартқожаның көңілі су сепкендей басылады.

Жасақ отрядпен соғысқанда быт-шыттары шығып, қаша жөнеледі. Қартқожа да жан сауғалайды.

Ауылға келсе, жасаққа қатысқаны үшін бір сиырын алып кетіпті. Қатысқандардың өзін ұстап жатыр дегенді естіген бір отағасы:

– Сендерді іздейтін болса, шырақтарым, қашам деп, ауылды масқара қып жүрмендер. Алдымен өзіміз ұстап береміз, – деді.

Мына сөз Қартқожаның өңменінен атып жібергендей болды. Туысқанның, ауылдың түрі мынау. Енді қайда барғанда жан қалады? Ағайыннан, ауылдан қайранның жоқтығын, қазақтың береке, ұйымның бас паналатқандай ешбір тиянақтың қалмағанын, қиын-қыстау күн туса, әркім өз басын қорыштап кететінін Қартқожа сонда білді» [11, 92 б.].

Бұл үзінді қазақта ынтымақ, береке, ұлттық намыс жоқтығын көрсетеді. Қолдаудың орнына қайта кері тартушылық кездеседі.

Қартқожа ағасының орнына бүкірді жалдап, өзі майданға аттанады.

Майданда жүзбасы болады. Талай техниканы көреді. «Қартқожаға «парақод», «пойыз», «аптамабел», «айырплан», «окоп», «бомба», «гранат», «пулемет», «самолет» деген сөздер ауылдағы Сәрсембай, ала сырмақ, қара кебеже, тор байтал дегенмен бір есеп болып кетті» [11,97 б.].

Жазушының жеңіл юморы байқалады, Қартқожаның ауылдағы мал мен үй жабдықтарынан басқа ештеме көрмей, басқа дүниеге топ ете қалғанын, оған да үйренгенін әзілдей отырып баяндайды.

Қартқожа бір татармен Рига қаласын аралайды. Дүниенің қызығын көруге ақша мен ғылым ғана керек екен деген түйін жасайды.

Майданда танысқан Андрейдің оған көп көмегі тиеді, орысшаға үйретеді.

Қартқожа майданнан еліне қайтқанда туған жердің қадірі туралы жазушының өзі де шалқып, толғанып кетеді: «Туған жердің кәдірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?

Туған жердің кәдірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін?

Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?

Туған жердің асылын қараңғы үйге қамалып, қара нан мен қара шай жүрегін кесіп жатқанда, қазы, қарта, сары қымыз көзінен бір-бір ұшып есіл елін сағынған, бір көруге зар болған тұтқын білмесе, кім білсін?

Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әженің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін?» [11,103 б.].

Қартқожа көзінің жасы мөлтілдеп, туған жерімен аман-есен табысады.

Ауылда жүріп Андрейдің оқы дегені есіне түсіп, оқу іздеп Баянға келеді. Үй ішін кәсіп қыламын деп алдап кетеді. Орыстың байына малай боп, қора тазалайды, ат суарады, су әкеледі, отын жа-рады, тақтай да тіліседі.

Мектепте орын болмайды. Бір мұғаліммен танысып, содан газет, кітап алып, елдегі болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістермен таныса бастайды.

Сөйтіп жүргенде ауылдан бір жігіт келіп, ағасының жылы біткенін, жеңгесіне әмеңгер болу керектігін, жеңгесі кетсе, кәрі әжесіне қиын болатынын айтады.

Қартқожа іштей ақылға салып, безбендейді. «Әжесінен соңғы үлкен көріп, сыйлайтын, сыпайы сөйлесетін жеңгесін, өзінен жасы үлкен апасындай жеңгесін, ағасының қойнында жатқан жеңгесін Қартқожа қалай қатын қылып алады? Ағасының аруағынан ұят қой! Өлгенді сыйламайтын заңды кім шығарады? Адамшылыққа лайық па



деп бір ойлады. «Жоқ, оның балалық, шешенді, жетімдерді аямағандық. Әмеңгер болған жалғыз сен бе? Жеңгенді алмасаң, кемпір қалай жан сақтайды? Ағаңнан қалған тұяқтар қайда қалады? Оларды кім күтеді? Қаның, бауырың емес пе? Сен оқығанда үйдегі шаруанды кім ұқсатып отырады?. –деп тағы біреу айтып тұрғандай болады» [11,109 Б.].

Қартқожа жас басымен өмір сынына түседі, ұят пен туысқандық борыштың қайсысын таңдарын білмей, қыс бойы басы қатады. Жеңге қойнына бармақ түгілі ол әлі бір қызға көңіл білдіріп көрген жоқ қой. Жасынан қызды ауылды торып өскен, әккі жігіттердей болған жоқ, қыз емес, оқуды ойлады.

«Түн қасарғанмен, күн еркіне қояр ма? Қыз қасарғанмен, күйеу еркіне қояр ма? Өмір қасарғанмен, өлім еркіне қоя ма? Көнбейін десе де Қартқожаны тұрмыс еріксіз көндірді.

Қартқожа бала еді. Жаны да, тәні де әйелден таза еді. Көрмегенін көрді. Әйелмен «обалға» батты, жеңгесін «қатыным» деп айтуға батылы бармайды, көпке дейін «жеңгей» деп жүреді. [11,110 б.].

Жазушының шешендігі толғау, терме айтып отырғандай. Қартқожа басындағысын баяғының билерінше мақамдап жеткізеді.

Басында момын боп өскен Қартқожа қалай бұлтарсын? Кезінде ағасын қалдырып, майданға да кетті емес пе? Өз бақытын әжесі, жетім інілері үшін құрбандыққа шалады. Туысқа жанашырлығын, қамқорлығын жасайды. Өз қара басын екінші орынға қояды.

Баянға барғанда баяғы мұғалім жолығып, Семейде мұғалімдер курсы ашылып жатқанын, шығыны қазынадан екенін хабарлайды. Оқуды армандап жүрген Қартқожаның жүрегі жарыла жаздайды. Керек қағазын алып, көп шәкіртпен бірге ол да партаға отырады. Қала өмірімен танысады. «Өмір қызу. Қартқожаның жүрегі де қызу» [11, 112 б.].

Қартқожа бір жыл оқып, елге мұғалім боп шығады, Қарашолақ ауылына қызметке орналасады.

«Қарашолақтың арызы Қартқожаның қолынан шығады. Шелпекке құран оқып, молдалық та істеп қояды. Ерлі-байлы кісінің арасына бүтінші де болып қояды. Мұндай бесаспап мұғалім кімге жақпасын. Қарашолақ ауылы Қартқожаға қожадай қол беретін болды. Азды-көпті табысына құба төбел киім алып, көбін үй-ішіне керек-жарақ алып қайтуға сақтады. Жаз шыға Қартқожа еліне қайтуға рұқсат сұрады. Қартқожаның шолақ оқуы бітіп қалып, өзінен-өзі ұялып жүргенін Қарашолақ қайдан білсін...» [11, 115 б.].

Баяғы бай балаларына мазақ болатын Қартқожа бір ауылға сыйлы мұғалім болды. Ақша тауып, үйін асырайтын халге жетті. Бірақ шолақ оқуы бітіп қалғанына қарағанда бұл оқуы жеткіліксіз. Қартқожа көңілі тағы оқи түсуді қалайды.

Қалаға барса, большевиктер мен ақтар соғысы жүріп жатыр екен. Баянның жігіттерін іздеп жүріп, подвалға тығылып жатқан өз болысын көріп қояды, кезінде 1916 жылғы жарлықта Қартқожа тізімге іліккені туралы білуге барғанда сөйлескісі келмей, «кет әрі мыжымай» деген болатын. Сонда Қартқожаның зығырданы қайнаған болатын. Сол болыс жампаңдап амандасып, тығылғанымды ешкімге айтпа!» деп тапсырады. «Дүние – кезек» деген осы.

Қартқожа елге келіп, інісін, жиенін, туыстарын оқыта бастайды, жастарды оқуға үндейді.

Апасының ауылына барғанда ақтар келіп қалады. Қартқожа жолда солдаттарға тап болып, оларға лаушы болуға мәжбүр болады. Солдаттардың ауылды тонап, әйелдерін зорлағанын көреді.

Бір офицер қазақтың сұлу қызын арбасына салып әкетіп бара жатқанын көріп, аяйды.

Қартқожа Семейде ашылған қазақ институтына түседі. Қыстай отыны болмай, оқу аспабы жетіспей оқу нашар болады.

Қартқожа елге келіп, оқуға қаражат табуға бала оқытады. Осы кезде байлардың малын алу туралы хабар шығады. Мал жиюшы отрядтың көзге түскен малды айдап кеткенін, малына ара түскен біреуді атып тастағанын көреді.

Семейге оқуға бара жатып, Қартқожа жолдағы ел жайын байқай отырады: «Мына жерге не ғып мал бітсін? Мал не ғып тұрсын? Бұл ел қалай күн көріп жүрген» деген ой келеді. Бірақ бұл елдердің бір кезде бай болғаны анық, малды мыңдап айдағаны анық. Мал кеткен соң, елінен сән кетіп, жерге кінә қоясың. Әйтпесе қазақ жерінің көбі-ақ осындай емес пе? Әлде қазақ ұзын өріс кең жайлаудан, көк шалғыннан, қалың таулардан айрылған соң, түйеге қом, атқа үйек, қойға шайыр, сиырға әуке бітпей, малдан шұрай кетіп, мәйектене алмай, өңі жұқарғаннан қысқа шыдамсыз болды ма? Әлде малға сүйеніп күнелтетін қазақтың дәурені кеткелі тұр ма?» [11,129 б.].

Қартқожа осындай ойларға беріліп, елдің өткеніне, келешегіне көз жібереді. Қазақ отырықшы болып та күн көре алмайтынын өзі болған Қарашолақ аулынан біледі. Оның үстіне қазаққа жер жете ме деп ойлайды.

Қартқожа елі үшін қызмет ететін азамат болатындығын, ел қамын ойлайтындығын, ел тұрмысына алаңдайтындығын, өз руы емес, жалпы қазағы үшін қам жейтінін байқатады.

Қалаға жақындағанда қазынаға алынған малды көреді. Өңшен арық-тұрық, қотыр мал. Жұрт жақсыларын айырбастап алыпты.

«Малдың алуын білсе де іс қылуын білмеген екен. Мал кім көрінгеннің қолында кетіпті. Не елге, не қазынаға пайда келтіре алмай, есіл малдың бей-берекет болғанына Қартқожаның жаны ауырады. Амал не?» [11,131 б.]. Мұнда авторлық позиция да байқалады.

Семейге келіп, қазақ институтына түседі, қосымша бала оқытады.

Басшы мекемелерде, оқу, сауда орындарының бәрінде қызмет етіп жүрген қазақтар екенін көрген соң Қартқожаны ұлттық мақтаныш сезімі билейді.

Қартқожа гезеттен қазақтың үштен екісі аштан қырылып жатқанын оқып уайымдайды. Жазушы сол кездегі көптеген саяси-әлеуметтік мәселелердің шет-жағасын көрсетіп отырған.

Қазақша оқу Қартқожаның білімге деген шөлін қандырмайды, орысша үйренгісі келеді.

«Орысша білмесем, кісіге де, өзіме де пайда тигізе алмаймын. Орысша оқымасам, адам болып жүрмеймін, не де болса орысша оқудың соңында өлейін деп, Қартқожа өзіне-өзі серт қылды. Қартқожа біртоға, бірбет жігіт – сертінен қайтып көрген емес» [11, 134 б.].

Ол қасына інісін ертіп, жалғыз өгізі мен атын жегіп Омбыға жол тартады. Жолда аты өледі. Қырсықтың басы болып жүрмесін деп ырымдайды. Өйткені әйелін ренжітіп кеткен, әжесі де разы болмай қалған. Сонда да көнбістікпен шыдады. Шыдамаса, оңай жерден мақсатқа жетем деп ойласа, жолға шықпас еді.

Жолда 12 жасар шамасында қызы бар бір әйел бірге келе жатады. «Қартқожа байқап жүретін. Әлгі кішкене қызды түскен жерде тезекке, суға айдайтын, жөнді тамақ та бермейтін. Түн болса, көлік күзеттіріп қоятын. Байғұстың жөнді киімі де жоқ. Шашы білте-білте, түрі жүдеу, арық. Қартқожа әлгі қызды ішінен аяп келе жататын» [11,135 б.].

Әлгі әйел қыздың өгей шешесі екен, қалаға апарып біреуге сатпақ немесе жай беріп кетпек. Қартқожа қызды сұрап алады. Жолдастары мазақтап, күледі.

– Атың бір жерде, арбаң бір жерде қалды. Өзің жаяу келе жатырсың. Бұ қызды қайтпексің? Әй, Қожанасыр! – десті.

Қартқожа оны өзіне қарындас етіп, оқытатынын айтады. Қартқожаның кісіні аяғыштығы, мейірімділігі, бауырмалдығы көрінеді. Жетім қызға жаны ашып, өзіне бауыр етіп алды.

Қалаға барған соң өгізін сатып, пұл қылады. Құжаттарымен бірге ақшасын базарда ұрлатады. Қарындасы, інісі үшеуі далада қаңғып қалады. «Қартқожа тағы ойланды. Жан-жағындағы еңгезердей үйлерге қаранды. Мыңдаған үйі, миллиондаған жаны бар қала тым болмаса есігінен қаратпады-ау! Мұны білімнің, адамгершіліктің орны дейді-ау! Адамгершілігі қайда? Білімді ел тас бауыр бола ма екен? Мына тұрғандар үй ме? Жыртқыш, жалмауыз ғой. Ай, кеңпейіл қазағым-ай! Қадірің осындайда білінеді екен ғой» [11,138 б.].

Қартқожа өзі болса көшеде панасыз сандалып жүргендерге көмектесер еді. Қазақ даласының есепсіз қонақжайлылығы, мәдени орындары болмаса да жомарттығы қаламен салыстырылады. Қазақ ауылы кісіні далаға қондырмайды. Ақшаң жоқ екен деп үйден шығарып жібермейді.

Осылай қорланып жылап жатып, түс көреді. Әжесі қайда бару керектігін айтып, жұбатады. Қартқожа губерниялық атқару комитетіне барып, оқу бөліміне жолдама алады. Қанша қиындық көрсе де, төзіп, шыдап, армандаған оқуына қол жеткізеді.

«Қос қабат тас болат үйдің үстіңгі бөлмесінде электр нұрына шомылып, Архимед, Торилел, Пифагор, Ньютон, Богданов, Каутский, Уйпперлермен айналысып, терең ойға бойлап отырған қошқыл жігіт кім?

Үш қабат ақ үйдің аузында домалаңдаған, шолақ көйлекті қараторы қыз бала: «Ағатай-ау, мен пионер болдым!» деп жүгіріп келіп, мойнынан құшақтай алғанда: «Рас па, жаным?» деп, жымыып тұрған жігіт кім?

«Сабағыңды жақсы оқы! Ұқпаған жеріңді келіп сұрап алып тұр!» деп, он екі жасар балаға ақыл айтып, шығарып салып тұрған ажарлы жігіт кім?

Күштіден зорлық көріп, не жері, не жесірі кетіп, арызын қайда берерін білмей қаңғып жүрген қазаққа ақыл айтып, жөн сілтеп тұрған қайырымды жігіт кім?

Базарда ақшасын алдырып, зарлап келе жатқан қазақты есіркеп, қалтасындағы барлық тиынын ұстата беріп тұрған мейірімді жігіт кім?

Әкесі зорлап малға сатқанына көнбей, қаладағы бір таныс қазақтыкіне қашып келіп, мұңын кімге шағарын білмей, басына күн

туып отырған Гүлсімге ағалық міндетін атқарып, пәтеріне келіп оқытып тұратын қара жігіт кім?

Бала оқытып тапқан тебен-теңгесіне қырық шақты кездей нәрсе алып, елге баратын қалашыдан әжесіне сәлемдеме жіберіп отырған бауырмал жігіт кім?

Жаздыкүні Гүлсімнің ауылында 30 шақты үлкендерді оқытып, хат танытып, Гүлсім мен екеуі бірін-бірі сүйіп, күзге таман қалаға алып қашып келген ер жігіт кім?

Шәкірттердің жиналысында ұйымның ісі туралы баяндама қылып, кемшілікті тура айтып, өз міндетін дұрыс атқарып, сенім алып тұрған жігіт кім?

Қартқожа, Қартқожа, Қартқожа...» [11,139 б.].

Қартқожа өзін ғана ойлаған жоқ, інісін де, қарындасын да оқытты. Қиналған кісілерден көмегін аяған жоқ. Сүйген қызына үйленіп, жеңгесіне ерік беріп, бақыт тілейді.

Жазушы қазақ оқығандары Қартқожадай болса екен деген мақсатта болған. Әйтпесе, сол кездегі оқығандардың бәрі Қартқожадай елі үшін күйзелетін, басына күн туғанда қол ұшын беретіндей болған жоқ. Қартқожа қалада сандалып жүріп, адвокат Жайдарқанға көмек сұрап барғанда, ол үйінен қуып шығады. Ол да – қазақ оқығандарының бір үлгісі.

«Жазушы табиғатынан бұйығы, ұстамды, сабырлы, жоқ-жітік, кедей-кепшіктен шыққан адамның бірте-бірте оянып, жарыққа ұмтылып, зор қиындықпен білім алып, әлеумет күресіне тартылып, ақырын-ақырын өзгере жүріп, жаңа күрескерлерінің қатарына қосылуын психологиялық тұрғыдан сенімді бейнелеуін «Қартқожа» романының ең басты кемелді олжасы деп білеміз» [4,110 б.].

Қартқожаның өсу эволюциясы көз жеткізерлік. Қазақша, орысша білім алған Қартқожа елге қызмет ету үшін Баянға оралады. Елге пайдам тимесе, не үшін оқыдым деп ойлайды. Бұл да – жазушы идеясының бірі.

### **Дәрмен, Андрей, Полидуб, Сұлтанмахмұт бейнелері.**

Шығармада көзге түсетін кейіпкерлердің бірі – Дәрмен. Ол әсіресе 1916 жылғы көтерілісте, ақтардың елге бықпырттай тиген кезінде көзге түседі.

Ол – балуан, әнші. «Омырауды ашып тастап, әнмен бауырын жазып алған ақын әрі-беріден соң қара өлеңге басты.

Ол қазақтың еркін күнін, ескі дәуірін жоқтады, бұрынғы өткен ерлерді, батырларды, билерді жоқтады. Ол күндегі байлықты, берекені, бірлікті, ерлікті, серілікті өлеңге қосты. Бері таман келген соң қазақтың алты ауыз болып орысқа бағынғанын, елдің азғанын, жаттан көрген зорлығын, қала салғанын, жерді қақол алғанын, қол-аяқты кісендеп, жылдан-жылға өрісті тарылтып бара жатқанын сөйледі. Бір жағынан қазақтан шыққан жақсылар елдің қамын ойламай, шенге, шекпенге мастанып, елді қанап, пара жеп, жауыздыққа салынғанына кектенді. Елде қызық қалмады, өнері бар жігіт аз өмірін немен жұбатып өткізу керек? Бұ күнде қолдан күш кетіп, азамат басына күн туып, қазақтың басы қаңғырып, не болары белгісіз екенін сарнап, сары даланы басына көтеріп, күңіренді. Тыңдаушылардың сай-сүйегі сырқырап, көзіне жас алды» [11,72 б.].

Мұндай жоқтау, бұрынғыны аңсау Мағжан шығармасында көп кездесетін. Жүсіпбек те көптің көкейінде жүрген дертті Дәрменге айтқызған. Бұл – жазушының да мұңы, торығуы.

Дәрмен мен Бәтіш арасындағы махаббат хикаясы да қызғылықты баяндалады. Бәтіш – бір байдың қызы, ұрын келген күйеуінің түрінен шошып, қаңғып өлейін деп шыққанда Дәрменге жолығады. «Үлде мен бүлдеге оранған, ай мен күндей бір сұлу қыз! Хордың қызы екен деп ойладым» [11,74 б.].

Екеуі серттесіп, атқа қонады. Үш күннен соң қалың жылқыға тап болып, Дәрмен ат алмақшы болғанда ұсталып қалады. Бәтішті артынан іздеушілер алып кетеді.

Дәрменнің кейінгі істеген ерліктерін Қартқожа да естиді. «Ақтардың зорлығына жұрт тұяқ серпе алмады. Бірақ Дәрмен сықылды өжет ерлер кегін алды. Шашау шыққан солдаттардың, бастықтарын бас салып, қырып тастап отырды. 15 шақты жігіт іріктеліп алынып, күні-түні аттан түспеген. Оның бір жерде жетісін, бір жерде төртін бауыздап, атып, құдыққа тастағандары болған» [11, 120 б.].

Кейін Дәрмен бір ел бүлдіргіштің үстінен материал жинап, арыз жазамын деп, соның қолынан қаза табады.

Романда Сұлтанмахмұт Торайғыров бейнесі де көрініп қалады. «Сол жылы Сұлтанмахмұт деген жас ақын Семейден ауырып, еліне келген. Қартқожа Махмұтты білетін. Ол ақ жүрек, кедейшіл, жалынды жас ақын болатын. Елдегі байлардың, жуан атаның нашарға істеген қиянатын, зорлығын газетке жазып, күштілермен ұстасып жүретін. Сұлтанмахмұт жуандардан қорықпайтын, бетің-жүзің бар демей, көңілдегісін айтып салатын. Семейдегі жастар Сұлтанмахмұтты

қолдайтын, үлкендері адамгершілігін, турашылдығын, тазалығын, ақындығын бағалап сыйлайтын. Қартқожа ай-жай болған соң, әдейі іздеп Торайғыр ауылына келді.

Махмұт үйде екен. Қартқожаның келгеніне қуанып қалды. Бірақ жүдеу екен, жөтелі жиі ұстап, көп сөйлесе зорланып қалады екен. Қартқожаның қолын ұстасымен:

– Е, Қарт-екем! Күнің туды, балшабек табарыштарды көрдік, – деді күліп. Жөтелі басылған соң тасымалдап тағы сөйледі:

– Бұлардың тұтынған жолы, идеясы жақсы ғой, кедейге пайдалы. Түбінде қазақ ел болатын болса, балшабектердің арқасында болады. Тірі болсаң, көрерсің. Мен көрмеймін ғой...

– Неге? Олай деменіз?

– Қызық заман ғой! Не керек... Әттең 10-15 жыл өмірім болар ма еді!

Махмұттың көңілі бұзылайын деді. Қартқожа басқа сөзге жұбатқысы келді» [11,121 б.].

Мұнда жас ақынның өмірінің соңғы күндері көрсетіледі. Өмірі қысқа екенін ақынның өзі де сезеді. Ол большевиктерге сенеді. Қазаққа жамандық жасамайды деп үміттенеді.

Майданда жүргенде Қартқожаның көзін ашқан – Андрей. Қазақшаға судай, қазақ ішінде бес жыл тұрған, қазақтан көрген жақсылығын ұмытпайды.

«Қазақ қайырымды, кең, меймандос, зерек, ақылды жұрт. Ауыз әдебиеті, музыкасы бай. Оқыса, қазақ тез түзеліп кетеді. Оқу керек. Патша жаман. Қазақты ел қылмайды», – дейді Андрей [11,100 б.].

Қартқожаға Омбыда көмек беруші – губерниялық атқару комитетінің бастығы Полидуб. Жайдарқан секілді оқығаннан гөрі орыс та болса Полидубтың адамшылығы артық боп шығады. Ол да қазақпен, қазақ оқығандарымен таныс болады.

Мұнан автордың қазақтың да қазаққа қайырымсызы, басқа жұрттың да қайырымдылары болады деген ойы аңғарылады.

### **Романның көркемдігі.**

«Шығарманың шұрайлы тілі – жазушы шеберлігінің айқын көрінісі. Ондағы суреттер ел өмірін, дала тіршілігін, ондағы адамдар ұғым-түсінігін оқырманның көз алдына жайып салып отырады» [11, 13 б.].

Жазушы жұт болардағы халықтық жорамал, ұғымдарды келтіре кетеді: «Биыл жұт болады деп күн бұрын есепшілер де айтқан: шөп-

тің шығысы жаман, серейген-серейген еркек шөп, бұйдай бас, көде, боз қаптап кетті. Тышқанның шөп жинауы бұзық, інінің төңірегін тап-тақыр қып тастапты. Құмырсқаның илеу ортасы шұқырайып кетіпті. Сиыр далаға түнеп, жусамайды, кеш болса, ауылға жүгіреді. Жылқы аңырайып, тырандап, жатпайды. Малдың ындыны құрып барады, «атау кересін» жеуге асыққан немеше. Адал құс ерте қайтты» [11, 42 б.].

Жүсіпбек ел іші жағдайымен таныстығын, ауылда өскендігін білдіреді. Оқу-тоқуы болмаса да халық тәжірибеге сүйеніп, жыл мезгілдерін алдын-ала болжап отыратын болған.

Жазушы көбіне ауылда көріп өскендерін басқа нәрсені сипаттарда ұқсата қояды: «Қарашолақ азаматтарының ащы тері шықты. Шешендердің шеке тамыры білеудей болып, жыққан сиыр көзденіп, сөзге қонақ беріспеді» [11, 113 б.].

Қызыл кеңірдек боп, мәселені шеше алмай жатқан адамдардың сиыр көзденіп кетуі – сенімді. Жай сиыр емес, жыққан сиырдың көзі аларатыны рас. Мұнда әзіл, мысқыл да байқалады.

«Дауыл үдеді. Құтырған құйын шеттегі қараша лашықтарды доптай ұшырды. Үлкен үйлер де алдына таман итініп, ұйықтап тұрған қатынның жаулығы құсап, қисайып қалды» [11, 91 б.].

Мұнда қисайып қалған үйді айтып отырса да, жаулығымен ұйықтай салатын еріншек әйелдерді де қоса қағытып отырған тәрізді.

Жүсіпбек Бейімбет секілді ауыл әйелдерінің әр түрлі мінездерін көргіш. Қартқожаның жеңгесінің ашулы жүргенін былай көрсетеді:

«Бір жұмаға шейін теріс қарап жатып, қыран жапқандай қылып балаларын жылатып, отты өртеп жағып, сүтті суалтып, қыр көрсетіп жүрді» [11, 118 б.].

Ашулы әйел өшін балаларынан алатынын, істеген шаруасынан білінетінін жазушы дөп басқан.

Жұт болған жылғы қыстың суреті де жанды:

«Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей-ақ дидарын көрсетпеді. Қас қараяр-қараймаста, күнбатыстан шатынаған шақшиған, жалғыз көзді жан алғыштан жаман жарық жұлдыз шығады, күннен күнге шарықтап, көкке өрлейді, жел қасарып, Темірқазықтан таймай ызғырады да тұрады. Енді жұт болмағанда несі қалды?» [11, 42 б.].

Күннің жаңа түскен келіндей ақ пердеге жасырынуы күнде ақ түтек соғып, борандатуын, аяздың қатты болуын білдіреді.



Пейзаж да дала суретін, тіршілігін көз алдымызға жайып салады:

«Мидай жазық, кең дала, жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар. Деген шеке қызып, ми қайнар уақыт. Инелік, шегіртке, бөгелек, масаның қалың шөптің арасынан ұшып, әуені қаптап, шарықтап, олай-былай жүйткіп, шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағанынан басқа, екі аттың пысқырып, құйрығы суылдап, аяғын тебініп, бөгелек жасқағанынан басқа, анда-санда шық-шық еткен торғайдың даусынан басқа жаңғырыққан ешбір тықыр не бір үн естілмейді.» [11,40 б.].

Көзге ыстық көрінетін, далада өскен әрбір қазақтың жүрегін елжірететін сурет. Бізге шегіркелердің ұшқаны, аттың пысқырғаны, торғайдың шықылы – бәрі құлағымызға естіліп тұрғандай әсер аламыз.

Кешкі ауылдың суреті Қартқожа көзімен суреттеледі, мұнда лиризм қоса беріледі:

«Кісі-місі көрінер ме екен деп, Қартқожа төбеге шықты. Көрінбейді. Құдық басында жылқы су ішіп жатыр. Желтен қара мал тырағайлап жайылып жатыр. Оты қанған бөдес тайлар бірін-бірі қуалап, шапқыласып, секірісіп, тістелесіп жүр. Кенже торы құлыны құйрығын тігіп алып, енесін айнала зырқырап шабады. Енесі қасында, тамағы тоқ, ойнамай қайтсін! Ойында түк жоқ! Менен де торы құлын ырысты-ау! Қарашы, бұлталаңдап, асыр салып жүргенін... Қандай жақсы! Бір күнде осыларды көруге де зар болармыз-ау! деп ойлап тұр Қартқожа» [11,58 б.].

Қартқожа өзін құлынмен салыстырып, өмірінің алаңсыз, шатшадыман болмағанына қамығады. Ауылдың сәні малымен екені, ауыл баласы үшін мал мінездері де ыстық екені аңғарылады.

Қорыта айтқанда, «Қартқожа» романы келелі тақырып, танымдық деңгейінің жоғарылығымен, толыққанды кейіпкерлер, бай тілімен жазушының шебер жазушы екенін айғақтайды.

### **«Қартқожа» романындағы әлеуметтік теңсіздік мәселесі.**

«Қартқожа» романының басты тақырыбы, көтерген мәселесі – ХХ ғасырдың басында қазақ даласында болған әлеуметтік, саяси төңкерістер, екі дәуірдің тоғысындағы қазақтың басынан кешкен сан қилы тағдыры. Жазушы өз романын: «жалынды жастарға арнаймын» деген эпиграфпен бастайды. Он бір жасар бала ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашады. Жасына қарамай соншалық ұстамдылығына

автордың өзі де қызыға қарайтындай. «Қартқожа» аты да жас балаға лайық та емес қой.» (11,25 б.). Қартқожаның үй-іші, отбасымен, әкесі Жұманның шыққан тегімен таныстырады. Есін біліп, көзін ашқаннан-ақ бала әлеуметтік теңсіздікті көріп, тұрмыс тауқыметін тартып, ерте есейеді. Еріккен бай балалары реті келсе болды, Қартқожаға әлімжеттік жасайды. «Әттең менің кедейлігім-ау? Әйтпесе солардың менен ақылы артық па? Зейіні артық па? Артық болса малы артық. Дүние шіркін-ай! Кегімді алатын күн болар ма екен?» деп, ішінен зығыры қайнап жүрді. Балаға жаны ашып отырған жазушыны осы жерде айқын танысың. Автордың өз кейіпкеріне деген сенімі де зор. Ол дүниеге де сол кейіпкер көзімен қарайды, соған арқа сүйейді, соны тірек ететін секілді. Сол Қартқожамен бірге мұңайып, бірге қуанады. Қартқожа аз ғана оқуын тамамдап, үлгілі ауыл молдасы атанады, құдайға барынша сеніп, дін уағыздарын да қатаң сақтайды. Бірақ қанша тырысқанымен әкесін де, өзін де кедейліктен құтқара алмады. Баяндаушы өз кейіпкерімен әлеуметтік бір сатыда тұрғандай. Бірақ біз романды оқи отырып Қартқожаның жаны таза, арманшыл, өзгеге де, өзіне де адал екендігіне сенеміз, жазушы бізді сендіреді. «Ол былтыр крестьянский нашалнктің перуатшігін көрген. Ол қандай еді? Үсті-басы аппақ! Сары ала түйме! Шашын қайырған».(11,28 б.) Бұл - көз алдымызда есейіп, өсіп келе жатқан сергек, еті тірі баланың сөзі. Қартқожа өз жолының айқындығын, дұрыстығын тағы бір дәлелдеп, өмірлік мақсаты – орысша хат тануды арман қалай армандайтынын көрсетеді. «Қартқожа» романы – классикалық үлгідегі тәрбиелік мәні бар романның тамаша үлгісін еске түсіреді. Мәселен ондай туындыларға С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Л. Толстойдың «Детство», «Отрочество», «Юность» сияқты роман үлгілерін айтуымызға болады.

Бұл романдардың ерекшелігі сол, адамның тиянақты түрде ер жетуінің, саналы азамат ретінде қалыптасуының эволюциялық даму жолын көрсетеді. Көпшілік романдарда кейіпкерді жетілген, дайын, қалыптасқан шақтағы басты қаһарман етіп көрсетеді. Ал Жүсіпбек Аймауытовтың басты кейіпкері - аяқ астынан әкесіз қалған ауыл кедейінің өмірін, отбасын асырау үшін підияға қатысқан он үш жасар баланың басына түскен ауыртпашылықтарды, кедейлер көтерілісі сияқты аумалы-төкпелі жағдайларды бастан кешеді. Роман оқиғалары оның тағдырын да өзгертеді, қоғамдағы орнын да өзгертеді. Кейіпкер үнемі өсу, өзгеру үстінде. Қартқожоның сана-сезімі өзгеріп, іс әрекет үстінде есейеді. Уақыт пен заман Қартқожа өмірі мен тағдырында

бетбұрыстар жасайды. Бұл - адамның қалыптасуы туралы роман. Ж.Аймауытов дүние мен адам өмірінің үндесуін, кейіпкердің өмір тәжірбиесінен үйренуін, сол өмірдің қатал мектебінен қалай шыңдалғанын, суреттейді. Бәрі де сол заманның, сол уақыттың шындығынан өрбиді. Жүсіпбек Аймауытов романының ерекшелігі қошаған өмір кейіпкердің сол заманға сәйкес бейімделуін, өмір заңын, өмірді тану мәселесін жан-жақты қамти алғандығында. Кейіпкердің есьюімен қатар, қоршаған өмірі де өзгеріп отырады. Қартқожа өмірдің өзімен бетпе-бет қалыптасады, сол өмірдің де салтанат құруына игі әсер етеді. Роман кейіпкері де, автор да - екі дәуірдің тоғысында, яғни бірінен-екіншісіне өту дәуірінде өмір сүрген жандар.

### **Кейіпкер тұлғасы: есею, ер жету, жетілу жолы.**

Кейіпкеріміз өзінің дәуіріне сай жаңа тип ретінде қалыптасады. Адам санасының өсуі - жаңа қоғамдық қатынасқа сәйкес келеді. Жазушы 1916-1920 жылдардың оқиғаларын тізбектеп сипаттайды. Біздің алдымызда бір қоғамдық құндылық талқандалып, жаңа, әлі түсініксіз құндылықтардың жинақтала бастағаны баяндалады. Революция туралы ашық ештеңе айтпайды, басқа жазушылар секілді бір жақты идеяларды ұсынбайды. Бұл дәуірдің ұлы оқиғалары Қартқожаның сезінуі арқылы өтелі.

Осыдан барып прозалық шығармада ерекше лирикалық психологизм: жеке бастың әр түрлі өткеруі, жеке уайым-қайғы, тербелістер, толқулар орын алған. Жалаулаған әсіре ұрандарға, патриоттық декларацияға шама да болған жоқ. Оларға өмірді түсінудің өзі де оңай болған жоқ. Қартқожа үнемі кедейлік құрсауынан қалай шығуды ойлап қамығады. Жоқшылық пен қорлықтан қамығады. Сол қамығу, жабығу бара келе оны шындап, ширықтырып, шынықтырып, өз өмірі үшін батыл шешімдер қабылдауға қадамдар жасатады.

«Іздесең, табасың» деген нақыл оның ойында үнемі тұрады. Қартқожа қазағын, елін сүйеді. Барлық адам баласының мінез-құлқын, жүрегін бір қалыпқа соғып шығаруға, сірә, бола ма?...

Адамдарды тұрмыс, күн көріс талқысы билеп, басын қосады, жаңа белестерге біріктіреді. Қол бостық, жатып ішер, жалқаулық емес, еңбек, бейнет, түзетер – деп, тағы ойға батып, тағы кітапқа үнілген Қартқожа ақыр аяғында надандықты жеңіп, «еңбекті елге қылуға» дайын, толымды кейіпкер болып қалыптасады.

### Диалог және монолог.

Өмір құбылыстарын кеңінен көрсеткен, әлеуметтік маңызы зор шығарманың көркемдік ерекшелігін де ауқымды талдауды керек етеді. Романда монолог, диалог, пейзаж, портрет, драма, лирика бірімен-бірі тығыз қабысып, шеберліктің әр алуан үлгісін бейнелейді. Жазушының портрет жасау, диалог құру шеберлігі оқырманды бірден-ақ баурап алады. Диалог үлкен шеберлікті керек етеді. Әр кейіпкердің, әр адамның өзіндік тілі бар және оны дер кезінде тоқтату бар. Диалог-кейіпкердің ішкі өмірін ашатын ой түйіні, оқиғаны әрі қарай дамытып отыратын күш. Шығармаға ерекше энергия, қуат береді. «Жайланып отырған соң Нұрмағамбет би иегін көтереді. Ол көтерген соң, бір нәрсе айтқалы отырғанын сезіп, жұрт та көтереді.

- Қойдың ғой? Қапың жоқ па?– деді қысық көз, қу жақ қара сұр жігіт.

- Қойғанда қайда қоясың?– деп қоңқақ мұрын, секпіл бет жігіт, тасты бармағына қыстырып, қолы дірілдеп отыр екен.

- Қорықпасаң қойшы!– деп өршеленді қара сұр жігіт күлімдеп.

- Нығыман, қойып-ақ жіберші!– деді қасындағы біреу.

Ал қырын кетсең де, қойдым,– деп Нығман тырс еткізіп ұзын үйге бір басты. Қара сұр жігіт мұртын бір ширатып, жымың етті де, дауысын созып:

- Қо-ош енді! Қойсаң, мен сенің әкеңді танытайын!– деп дойбыға төніп, қоқиланды.

- Омай шіркін! Таныта ғой!..

- Алай барамын, былай барамын...– деп қара сұр жігіт қолын шошайтын, план құрды ды: «Же мынаны!» деп, бір тасты сақ ете түсірді.

- Ойбай, оңдырмады! Кетті күріш базарына!– деп шуласып қалды жігіттер. –Тұра тұр!.. Не дейді!– деп Нығман сасқалақтап, қойған тасын қайта ұстады.

- Қозғама қайтыс жоқ.

- Жоқ, қайтпаймын... қайтпаймын...– деп Нығман тасты орнына қойды.

- Көшен, сайранды салсайшы!– деді бұ жақтан біреу.

- Салғанда, мен салайын!– деп Көшен күліп, көзі жұмылып кетті.

- Мынау не қылайын деп отыр, ә?– деп Нығман бөгелейін деп еді.

- Же, же! Қоңқиған ит! Атаңның басына айналамысың?– деп гуілдесіп алды. Еркіне қоймады, жегізді. Нығман тағы бір жүрді. Енді

жүргенде Көшен екі беріп, үш алып биге шықты. Жігіттер ду ете түсті. Нығманның басын уқалап жатыр.

- Ой, мұрның құрсын! Ой, аңғал ит!- десіп жатыр.

- Шақша қайда? Шақшаны әкел!- Шақша ұстаған қара жігіт шақшаны Көшенге берді. Насыбайдан айырылып, Нығман шоңқиды. Жігіттер олжа насыбайды таласып атысып, қарық болды.

- Ой, мұрның құрсын! Ой, аңғал ит! десіп жатыр.

- Уа, бозбалалар! Түстерің бұзылып, жүректерің алқынған көрі- несіңдер. Шырықтарым, алқынбандар, аптықпаңдар. Жүректеріңді басыңдар! «Ашу кәпір, ақыл дос» - деген. Аптыққан адам ақыл таба алмайтын... – деп бір қойды. ... «Қайтіп ел-жұрт боламыз?...деп келе жатқанда, манағы сары ала қамшылы қара сұр жігіт ұшып түрегелді:

- Майда тілдің бізге бір тиынға керегі жоқ! Кінеге қайда? Спесік қайда? Қолымызға берсін! – деді.

- Кінегені берсін! – деп топ ду етіп түре келді...

- Кінегені неге көрсетпейді?

- Байлардың баласы наге жасын бұзады?

- Біз де бұзамыз, өзіміз жасырамыз.

- Болсы қайда? Алдымен соның басын мұжу керек. Кінегені қолымызға берсін!... Көреміз! Өртейміз! – деген дауыстар тұс-тұстан күжілдеді. Анда-санда ақсақалдардың да дауысы шығады.

- Жарықтарым-ау! Кінегені түзеткен кісі жоқ.

- Болыстың басы екеу дейсіңдер ме?

- Не қыл дейсіңдер?

- Болмайтын жұмысты айтпаңдар! Ақылға түсіңдер! Жігіттер тоқтамайды.

- Қан төгілсін демесе, кінегені қолымызға берсін! Қырғын қылымыз!...

- Нұрмағамбеттің баласы бара ма екен?

- Қабылдың інісі нешеде екен?

- Болыстың баласы неге бармайды? – деп шулайды жігіттер. Ақсақалдардың аузына құм құйылды.»

-«Е, әйда! – деп Қартқожаны дедектетіп ортаға алып барды. Кінегені қолына ұстатты. Қартқожа судыратып кете алмады. «Посемейный список» деген жазуды әрең дегенде тасымалдап шығарды.

- Сыртын қойып, ішін оқы! Менің атым бар ма екен? Мені қарашы! – деп жабырласты. Қартқожа ішін ашты. Кіліккен жерден оқыды.

- Жылқайдар Малбагароп...

- Жылқайдар бар ма? Жылқайдар... – деп дауыстады қасындағы жігіттер. Жоқ. Қартқожа: Жненья... Күн... Жамал...

- Күнжамал бар ма?

- Қатынның аты емес пе? – Қартқожа: «Мат... Жения...»

- Тәйірісі, қатынды қойып, еркенті оқысайшы! – деп жігіттер анталап, алқымнан алды...

- Бәсе, Жұманның баласы қайдан жетіліп қалды десем...

- Осы не білуші еді... десті жұрт.»

Романда осындай жанды суреттер, өткір де ұшқұр диалогтар көптеп кездеседі. Жазушы диалогтың ең жанды жерін береді де, сөз жалғасын өзі саптайды. Диалогтар адам характерін, кейіпкер бейнесін ашудағы тімді де, сәтті шыққан сөз жүйесі екендігі айқын да анық көрінеді. Небір шебер әңгімешіге, яки баяндаушыға да осындай жанды диалогтың берері мол.

Жүсіпбек Аймауытов кейіпкеріне манологты да ретімен бере білген, оған дәлел Қартқожаның майданнан қайтқан сәтіндегі алып ұшқан, көңіл күйі, туған елге, үй ішіне деген сағынышты, леп үрген жүрек... Ертісті бойлап кемеде келе жатқан жас жігіттің жан дүниесіне автор да қосылғандай, лирикалық тебіреніспен толғайды.

«Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?... Ыстық қой, шіркін туған жер! Туған жерге жеткенше қайтып дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймес өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз... Туғалы түзге шықпаған, бауырмал, әжесінің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүрек, Қартқожа қайтіп сүймесін?» Кең далада еркін өскен қазақ жұрты ел десе ішкен асын жерге қояды. Жүсіпбек Аймауытовтың кейіпкері де елжанды, қаны да, жаны да қазақты ту еткен адал адам.

### **Жазушының пейзаж жасау шеберлігі.**

Романның көркемдік ерекшелігінің бір қыры – жазушының пейзаж суреттері. Қартқожаның әкесі Жұманның аяқ астынан қайтыс болуының алдындағы қыстың басталуы-ақ бір сұмдыққа бастағандай сыңай танытады. Табиғат...

«Жаз өтті. Жауындатып, қара желдетіп, шөпті қуратып, жапырақты сарғайтып, елді әбігер қылып, ала сапырандатып күз өтті. Үстібасы қырауытып, қылышын сүйретіп шықыр-шықыр етіп қыс келді. Биылғы қыс қатал болды. Боқырау болды, боқ қатты. Қарашаның қарын қаңтарға қосты. Ұдайымен алай-түлей ақтүтек боран соқты.

Боран ашылса, шартылдаған саршұнақ аяз қысты. Жер сіреу қар. Жер көк сең,... малдың аяғын қызыл жосын қылып қиып тастады. Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпеді.» Жыл мезгілдерінің суреті бір ырғақпен, бір әуезбен, теңеу, эпитет, ассонанс, аллитерациялық өрнектермен жып-жинақы, әрі шымыр жасалған сурет жазушының шын дарын иесі екендігін тағы бір көрсетеді. Көтеріліс алдындағы түнді жазушы: «Ай, қараңғы. Бұлт. Желтең қолды күпінің ішіне алын, бұйығып, күзетшілер тәтті ұйықтайтын жақсы түн. Қартқожа да ескі күпісін айқара жамылып, басын тұйықтап қорылдап жатыр еді.» - деп сипаттайды. Шырт ұйқыда жатқан жұрттың ойламаған жерден көтеріліске кісісуі де адам өмірінің табиғатпен етене үндестігін бейнелейді. Табиғат адам баласының өмір сүру ортасы десек, жазушының пейзаж жасау ерекшелігі халықтық сипатында жатыр. Қазақ халқы – табиғатқа өте жақын, оны тез түсінетін, табиғатпен тығыз байланыста өмір кешкен халық. Жазушы да сол табиғатты халық тілімен сипаттап, халықтың ойымен талдап, табиғат құбылыстарына халықтың көзімен қарайды.

Жүсіпбек Аймауытов жан-жақты зерделі адам ретінде, романда қазақ халқының жұлдызшылық, есепшілік қасиеттерін де ретімен бейнелеген. Жазушы жұттың боларын алдын-ала болжайтын, халықтың көнекөз білгірлерінің, түс жорығыш сәуегейлерінің сөзімен нанымды етіп баяндайды. «Қас қараяр-қараймаста, күнбатыста шатынаған, шақшиған, жалғыз көзді жан алғыштан жаман жарық жұлдыз шығады, күннен-күнге шарықтап, көкке өрлейді, жел қасарып, Темірқазықтан таймай ызғырады да тұрады.

Енді жұт болмаған несі қалды?

Биыл жұт болады деп, күні бұрын есепшілер де айтқан: шөптің шығысы жаман, серейген-серейген еркек шөп, бидай бас, көде, боз қаптап кетті. Тышқанның шөп жинауы бұзық, інінің төңірегін таптақыр қып тастапты. Құмырсқаның илеуінің ортасы шұқырайып кетіпті. Сиыр далаға түнеп, жусамайды, кеш болса, ауылға жүгіреді. Жылқы ақырайып, тыраңдап жатпайды. «Малдың ындыны құрып барады, атау кересін» жеуге ассыққан немеше. Адал құс «ерте» қайтты... Биылғы жыл «Қоян» екенін де білді.»

Ала жаздай алаңсыз болып, қысқа дайындық жасамаған ел жұтқа ұшырайды. Табиғаттың осы тосын мінезі Қартқожаның да басына қара күн тудырып, әкесіз қалдыратындығын күні бұрын сездірген хабаршыдай болды. Оқиға желісі нанымды, ешбір боямасыз

суреттерге, кейіпкердің басынан кешкен оқиғалардың шынайылығына шүбә келтірмейсің. Халықтың зердесі, бақылампаздығы, алғырлығы, дүние танымы оқырманға да ой салады.

Қазақ әдебиетінде пейзаждың классикалық үлгісін жасаған ұлы Абайдың әсері, өзіміз талдап отырған романда да «кездесіп», ел өмірінің суреттерін көз алдына әкеледі. ... «Шілде. Шағала көлдің ин тірескен ауыл, бықырлаған мал, жердің жүзін, көктің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың нұрлы қызыл күні белеңнен асыа, шеті қылтиып барады. Шаңдатып, топырлатып, жылқы шауып суға түсті. Жамыраған қой, азынаған сиыр, өкірген бұқа, айқайлаған бала, ауқаулаған қатындардың дауысы қосылып, көлдің басы ың-жың, у-шу, ауыл – ауылдың түтіні ұрандасып, ұласып, көл арнасын көк тұман басып тұр.

Жадыраған жаз елді де жаңғыртты. Ел мужыраған. Елде ес жоқ.» Ауыл өмірі, ауыл суреті үнемі қозғалыста, тіршілік қозғалысында.

Көшпелі тұрмыстың, еркіндіктің қазақ жұртының өтіп кеткен өркениетінің үздік бір суретін жазушы осылай сипаттайды.

«Батыстан шыққан шекпендей қара бұтл желді ішіне тартып, уілдей бастайды.

Торғай ұясына, тышқан ініне тығылып, жан-жануар бас сауғалау қамында... Жаулығы басына тірелген қатындардың айғайын дауыл жұлып әкетеді... Қозылар айрылып, бұзаулар бұға бастады. Иттер арба астында, ашамайдың панасына кірді... Жауын сабап тұр. Қартқожаның үйі жайрап жатыр... Төгілген айран, жарылған қарынды иттер жеп жатыр...» Осы үзіндіде жасаққа қосылған жігіттердің де басына қара күн туып, майданға қара жұмысқа алынатынын, қазақтың басына да қара бұлт үйіріліп келе жатқанын табиғаттың дүлей құбылысымен қатар алады.

«Қартқожа» романындағы сәтті жасалған деталь – жазушының портрет жасау шеберлігі.

«... Жасы 10-11 шамасы болар ма екен, қалай... Екі жеңі сауыс, бетінің бір жағы да сатпақ, көзінің бұлшығы да тазармайды. Сол баланың қақ-соқпен шаруасы жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып, аузын ашып, мұрны қоңқиып отырғаны. Жасында болпиган, сүйкімді бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді. Құдай оңдап, аты да түріне сай бола кетер ме? Қартқожа...»



Сол бала Қартқожа айналасын да бағдарлай біледі, көкейге әр нәрсені тоқи да біледі. Жазушының сипаттап отырған кейіпкері Әбілда перуатшік Қартқожаның көзімен баяндалады.

«Үсті басы аппақ! Сары ала түйме! Шашын қайырған. Аяғында әмірқан етік. Нашалніктің алдында аузы-аузына жұқпай судыратқанда, кісілер таң қалмаушы ма еді?! Әбілда перуатшіктің стражникті жеңіп кеткеніне Қартқожа қатты сүйсінген. Қазақта да мұндай жетік, орысшаға судай жетік кісі болады екен ау! – деп таңданған... Оның таза көрпе, жастықтың үстінде шынтақтап жатқаны, шылымын бұрқыратып, шай ішкені де бір керемет болып көрінген. Оның аты жоқ қолындағы алтын жүзігі де, ақ желеткесінің омырауындағы сағатының күміс бауы да, омырау қалтасынан қылтиып көрініп тұрған қара тарағы да бір түрлі жат болып көрініп, есінде қалған» -деп, арманшыл Қартқожаны Әбілда перуатшікке қаратып, қызықтыра түседі.

### **Портрет – кейіпкер жан дүниесінің айнасы.**

Жазушы портретті тек сипаттау үшін, сырт бейнені көрсету үшін емес, кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашу үшін пайдаланады. Көркем портрет соған «көмектеседі». «Ай далада аттарын тұсап жіберіп, кітап оқудың қызығына түскен Қартқожа бейнесінде жазушы кейіпкерін тағы бір қырынан көрсетеді... Қартқожа сайын далада киімін шешіп, жайрап, көйлекшең, жалаң бас, көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайының тері шып-шып шығып, кітәбін оқып жатыр. Оның кітапқа ынталанғаны сонша, жан-жағына қарамайды, анда-санда мұрнын да тартып қояды, демін де білдірмей алады... ауылын да, басқа дүниені де ұмытқан. Оқыған сайын ажарланады, бет-аузы балбырап, иегін созып, көзін қадап, қағазды жеп қоятын тәрізді...» Оқуды арман етіп, сол мақсатын естен еш уақытта шығармайтын адал, ақ жүрек Қартқожаның жан дүниесі сондай сезімді бір қазыққы байланғандай, үмітін үзбей «оқимын» деп тағы да түйіндейді.

Кейіпкер оқырманды да өмірдің жақсылығына, қара түнектен кейін ағарып арайлы таң ататынына сендіргісі келеді, келешекке жетелейді.

Әдебиеттің адамға берер ұлы күші де осында болуға тиіс.

Роман кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайтын, қайталанбас бейнелер. Қартқожаның әкесі – Жұман, Жүніс, Шәмкеш, Мұқаш, Нұрмағамбет би, Имақан, Дәрмен, Шәкіман, Өмірзақ, Әдепбай, Андрей, Әбден, Қасен, Гүлсім, Сұлтанмахмұт, Бәтіш тағы басқалары.

Жұманнан бастасақ, «Жұман – аз, нашар атаның тұқымы, момын адам, бес уақыт намазын оқып, шүкіршілік етер, иманды адам... Нұрмағамбет би – сезімтал, сабырлы, қара басын алыстан ойлайтын, қу...»

Міне, осындай әркімге де өзіне лайық түр, сипат берілген.

### **«Қартқожа» романындағы психологизм.**

Әдебиетте сыртқы форма, ішкі мазмұн секілді түсініктер бар. Жүсіпбек Аймауытов романы - психологиялық роман. Романның стильдік өзгешелігі адамның жан дүниесі, ішкі дүние құрылымы тереңнен қамтылғандығында. Драмалық шиеленіс ширыққан шығармада кейіпкердің сезім толқындары қозғалыста, үнемі өзгерісте, дамуда, жетілуде беріледі.

Уфадан келе жатқан шәкіртке Шідербай оны-мұны ұсақ сұрақтарды жаудырта кісімсіп отыр еді, Қартқожа: «Құдайдың күдіреті-ау» Оған қалың берген, бермегені Шідербайға неге керек? Әншейін сөз таба алмағандық-ау!» деп ойлап отыр. Себебі оған оқу, мектеп жайлы сөздер жағымды еді, оның жетіле бастаған ой-санасы үнемі іс-әрекет үстінде көрініс табады.

Әкесі Жұман шаңырағының құт-берекесі болған, көк биесі өлген соң –ақ бірінен соң бірі қырсық шала береді. «Әкесі төмен қарап: «Қол-аяғымызды кестің бе?» деп еңкілдеп қоя беріп еді... «таңдайды бір жола ағартайын дегені ғой» деп, тағы да егіліп, зарланып жылап жіберді. Кімге айтылған? Аллаға ма? Өліп бара жатқан жануарға ма, болысқа ма? Өсіп келе жатқан Қартқожа көз жасын көрсеткісі келмейді, үйді айнала барып жылайды...

Бұл – мінездің қалыптасу кезеңі, ерте есею, жанындағы жақындарының осалдығын түсіну, сыйлау еді, яғни басқа адамның жан дүниесін білуге сергек қарайтын, нәзік жанның ерекшелігі. Ол кездегі прозада бұндай кейіпкер бола бермейтін.

Жазушы, яғни, баяндаушы романда өмірге өзінше бір жеке оқиғаның куәгері ретінде Қартқожаның сөзімен, Қартқожаның көзімен қарайды. «Ауыл маңы отта жүрген ерттеулі аттар. О жер, бұ жерде үйме-жүйме топтанысқан, бүкшендеп дәрет алысқан кісі... Дәуде болса, Әлімбайдың кемпірі тырапай асқан болар. Айтамын ғой, әнеки, кемпірді арулап, сүйекті қатындар алып бара жатыр. Мінеки, бақайына сүйінген шынжау ала жабағыны ала жіппен жетелеп, тоқты, торпақ арық саулықтарын сүйретіп, міне, біреулер де киіз үйге таман келе жатыр». (38) «Олардың артынан солбырайып,... бала мода жүрді.

Аяғын баспай, неден құты кетіп барады? Кемпірдің өлгені осыған бата ма?... Ол не ойлап келеді? (38) Міне, сезімтал, мұсылманша білім алған Қартқожа «підияға» қатысқысы келмейді. «Ол қазыр сексенге келген кемпірдің күнәсін мойнына көтермек... кемпір болғанда қай бір жөні түзу, сүйкімді кемпір? Ауылды безер қылған бір қақпас. Япыр-ау, шынымен осы мыстанның күнәсін арқалағаны ма?» Осындай стильдік суреттер, кейіпкердің ішкі жан дауысын, оның өз-өзімен іштей құрған диалогы да бар: «Підиясы» құрысын! – отырмай қойсам қайтер еді? Онда бірақ үй-іші ұрсады-ау. әттең кедейлік-ай! Осы күнгі оқырманға ой салар небір салттардан көріністер берілген.

«Кемпірдің серейген сүйектері білеуленіп, сорайған түрінен шошып бала молда кіруін кірсе де, босағада қалшыып тұрып қалды... Ала сақалдың нұсқаған орнына, кемпірден аулағырақ, қоқиып отырды. Көзі бажырайып кемпірге қарап шығып барады. Қартқожаның балаң көңілі орнығып, енді өзінің молдалық міндетін мойындап, өзіне-өзі сеніп, тек өзі ғана осы сәтте жауапты екенін сенеді.»

Жазушы оқырманын естен бір сәтте шығармайды, оны бағалайды, оған сенеді. Кейде сол Қартқожа бастан кешкен дүние – әңгімешінің де өз басынан өткені, өзінің күйінгені, сүйінгені Қартқожа арқылы берілетін сияқты. Кейіпкер арқылы жаңа дәуірге белсене араласа бастаған қазақ интеллегенциясының қалыптасуын, даму, жетілу жолдарын баяндайды. Оқырман да «ардақты оқушылар» ретінде шындықтың көркем суреттерінің белсенді қатысушысына айналып отырады.

Жүсіпбек Аймауытов Жүніс мұғалім мен Шәмкештің түнгі кездесуіне «көмек көрсетіп» екі жас үшін жанын «шүберекке» түйгендей болып «А-құдайлап!» Қартқожа отырғанын әрі сүйсіне, әрі қалжындай суреттейді.

Қартқожаның жан дүние серпілісі де, өмір құбылысын қабылдауы да -өзінше бір дүние.

«Түнгі дауыс жаңғырып, қандай анық естіледі! Қартқожа құлағын түрді. Анда-санда бір жерін естіп қалады «Патша жарлығы», «Ой, алла-ай!», «Бұ не деген сұмдық?» деген дауыстар естіледі. «Айқай молайды» (43). Жазушы өзі баяндап қана қоймады, жанды оқиға кейіпкерлерінің дауысымен сөйлейді. Майданға жігіттер алына бастаған кезде: «Қартқожа ойланды, өңкей қылқан кескендей қыршын жасты әкеткенде, бала-шаға, шал-кемпір неге тұлға болады?... 19-бен 31... Менің жасым кінегеде әлде нешеде жүр... 18... 19-ға таяу тұр-ау өзі... Тұңғышбай екен ғой, ол 25-те. Ойпырым-ау, ол кетсе, не бол-

дық? Жоқ бірге туған бауыры, қуаты... ағасы өлмеу керек... Құдай! Сақтай гөр! Жаман сұмдықты ойламайыншы...» (46) Біздің алдымызда жай ғана баяндау ғана емес, ізденгіш, ойшыл жанның жүрек сөзі.

Жазушының шыншылдығы да сыршылдығы да осылай өрбиді. Кейіпкердің іс-әрекеті мен ішкі жан тербелісі, ой - пікірлері қабысып қатар өріледі. Кейіпкер жақсылыққа шақырып, үміт отын сөндірмейді.

### **«Қартқожа» романының тіл ерекшелігі.**

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының жүгін өз дәрежесінде көтерген «Қартқожа» романы – тіл байлығы мол, көркем туынды. Шығарманың стильдік құрылымы, көркем сөз кесте-өрнектері ұлттық тіл байлығын барынша шеберлікпен пайдаланған. «Қартқожа» романының өзіндік ерекшеліктері мол. Бұған дейін жарық көрген М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалын», Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» сияқты шығармалардан Жүсіпбек Аймауытов романы мүлде өзгеше дүние.

Өзгешелігі тек оқиға сюжетте емес, осы тіл байлығы мен баяндау стильінде, кейіпкерлерінің сөйлеу мәнерінде.

Жазушы характерді ашу мақсатында көбінесе сөз бояуын кейіпкердің өз аузымен, өз сөзімен келтіреді.

Жүсіпбек Аймауытов алғашқылардың бірі болып ұлттық сананың оянуын осы романға арқау еткен.

Өмір шындығын барынша көркемдеп жеткізуде жазушы да кейіпкерге өзіне лайық «сөз береді». Бозбала жігіттің сөзі баяндаушының, ересек адамның сөзінен айрықша. «Солдат алатын болыпты» деген суық хабарды естіген жігіттердің сөздері өздеріне лайық, жанып тұр. «Жар қабақтау келген жаурынды қара сұр жігіт, көзі қасқырдың көзіндей қып-қызыл, омырауын ашып, келдектей сары қамшысын білеп:

- Егер бермеді бар ғой, қамшының астына алыңдар! – деді... Жігіттер болыстан кінегені тартып алуға бел байласты, шу етіп ашулы,. Ал ел ағасы Нұрмағамбет би:

- Он сегіз мың әлемді билеуші бір құдай. Дүниеде құдай күшті. Құдайдан соң патшаның әмірі күшті... Арыстан айға шабамын деп, аяғын сындырыпты»... Бұл бір көпке келген селебе. Азамат басына түскен ауыртпалық. Бәрің де тістің суындай, көздің қарашығындай,

жаңа пісіп келе жатқан көк өрім азаматсындар, баламызсындар, інімізсіндер. Сендер кетсеңдер қабырғамыз қайысады, бүйіріміз бүгіледі... Саулық қойдың жасындай жасымыз бар, мына отырған бурыл сақалдар неге тұлға боламыз?» - деп келе жатқанда, манағы сары ала қамшылы қара сұр жігіт ұшып түре келді:

- Майда тілдің бізге бір тиынға керегі жоқ! Кінеге қайда? Спесік қайда? Қолымызға берсін! – деді.»

Міне, желдей гулеген жігіттердің «аузына құм құйылған ақсақалдардың» сөздері оқиғаның драмалық тартысын ширата түседі. Қарап отырсақ, Нұрмағамбет бидің сөзі де орынды, нанымды, имандылық сөзі, әрі көркем, мақалдап, небір теңеу, шендестірулермен бұлқынған боздақтарға басу айтады. Бірақ жүген-құрық тимеген асау мінез қырдың баласы «майда сөзге» құлақ аспайды, дүниені төңкеріп тастауға әзір, от-жалын боп шарпиды.

- Сабыр етіндер! Болысқа айтайық,! Айтқандарыңды істейік, - деп, топты тоқтатып болыстың үйіне кетті. Жігіттер желдей гулейді, судай толқиды, ду-ду етеді.» Жазушының стильдік ерекшелігі: халықтың мінез-құлқы, тілі мен ділі, ұлттық рухани дүниесін көркем бейнелейді. Сөз саптау, сөйлем құрұлысында иірімдері дәлдігімен, өткірлігімен жинақылығымен ерекшеленеді. Қазақ тілінде жиі кездесетін «отыр, тұр, жүр, жатыр» деген көмекші етістіктер жағаласып көп қолданылмайды. Жүсіпбек Аймауытовтың эстетикалық талғамы, тілінің байлығы қайнаған халықтың өз аузынан алынғандай, ара-тұра юмор, жеңіл сатираға да орын беріп қояды. Мысалы, Әлімбайдың «тырапай асқан кемпірі», «Оңбағанның саяғы түзде жүріп тебіседі» деген жолдар ауыл қазағының мінез-құлқын бейнелейді.

Романда халықтың өмір салты да нанымды бейнеленген. Әрі әнші, әрі балуан Дәрменнің өнеріне ел қызығады, батылдығы, ер мінез өрлігі қазаққа тән қызулығы қайды жатыр! Сол сияқты сапарға аттанған жігіттерге бата беру, аруақтарға дұға арнау, тасаттық беру сияқты жоғарғылардың суреттері бар. Жазушы «Жауынды күні ит пен бала құтырады», «Ел құлағы елу», «»Көппен көрген ұлы той» деп тағы сол сияқты мақал-мәтелдерге де орын береді. Табиғат көрінісін сипаттаудың бұрынғы әдістері авторды қанағаттандырмайды. Сондықтан жаңаша бір бояулар енгізеді, өрнектер-өреді. «Шағала көлдің беті айнадай. Сұлу құшқан жігіттей ай сәулесін құшақтап, көл жымың-жымың етеді. Көлді біреу көшіріп кететіндей, әлсін-әлсін қиқылдап, әлек болып қызғыш жүр. Кабинетінде отырып әмір еткен коми-

сарша маңғазданып, оқта-текте аққу сұңқ-сұңқ етеді. Кәдеге таласқан қатындарша ию-қию болып, бажылдасып қаздар жартыр.»

Нәзік иронияға келгенде жазушының «ептілігі» байқалмай қоймайды. «Бұрынғы Қартқожа емес. Сымдай орысша киім, аяқта қу табан, Әбілдә тілмәш тәрізденіп шашын қайырып қойыпты. Орысша тілді де біліпті. Көшеде өтіп бара жатқан орыстарға қалпағын алып «іздрәсти» деп амандасып жүр, танымал кісідей олар да Қартқожаға басын шұлғып барады.» Сол сияқты, «Қара тақтайсыз мұғалім – тебенсіз кемпір... Үшкөлдiң қара тақтайы болушы едi... Соны мен қай үйден көрдiм? – деп ойшылар ойға жүгiрттi.

- Кәзiбенiң апасы үлкен қазанына қақпақ қылдырып алған... – дедi бiр бала.

-Бәсе, сол үйде көрдiм! Кәзiбенiң апасының үлкен қазанның қақпағын қазынаға алуға тура келдi», - деген жолдарын нағыз қазаққа тән қалжың деп түсiну керек.

Қорыта келгенде Жүсiпбек Аймауытов роман арқылы халықтың жаны таза, арманшыл, «еңбектi сүйген, елi үшiн күйген, iзгi тiлек, ер жүрек» өкiлдерiнiң бiрi Қартқожа бейнесiн жан-жақты, толымды етiп сомдаған. Сол Қартқожа арқылы әдiлетсiздiк пен зұлымдыққа қарсы, надандыққа, жiкшiл-рушылдыққа, қорлық пен зорлыққа қарсы тұра бiлген, қанша момын, төзiмдi болса да күнi туғанда дүр сiлкiнiп, сойқан мiнез де көрсете бiлетiн еркiндiктi сүйген, сұлулықты бағалайтын, батыл, батыр, (Дәрмен сияқты) ақын жанды, тәңiрi сиы деп бiлетiн әншiлiктi, серiлiктi серiк еткен қазақтың бейнесiн ашып көрсеткен. Роман авторы ән өнерiн ерекше бағалап, тәңiрiнiң сиы деп түсiнедi. «Ол қазақтың еркiн күнiн, ескi дәстүрiн жоқтады, бұрынғы өткен ерлердi, батырларды, билердi жоқтады. Ол күндегi байлықты, берекенi, бiрлiктi, ерлiктi, серiлiктi өлеңге қосты.» (68) Жазушы халық тағдырына алаңдайдайды. Бiр жағынан қазақтан шыққан жақсылар елдiң қамын ойламай, шенге, шекпенге мастанып, елдi қанап, пара жиып, жауыздыққа салынғанына кектенедi». Әңгiмешiнiң сөзi арқалы автор көкейiндегi небiр мұң-шерiмен бөлiседi. Жүсiпбек Аймауытов ойлары бүгiн де көкейтестi мәселе емес пе?!

Халықтың болашағы, елдiң ертеңiн ойлайтын кiмдер? «Жұрт жер шұқып қалыпты... Аузын ашып, қалшиып, көзiнен аққан жасы бетiн жуып отыр.» Бұл – рухани тазарудың белгiсi.

Жүсiпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы – қазақ әдебиетiндегi роман жанрына қосылған үлкен үлес, өз заманының жүгiн абы-

роймен көтере білген, уақыттың сынынан сүрінбей өтіп, халқымен қайта қауышқан асыл қазына.

Ойымды түйіндей келсем, Ж. Аймауытов XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс – психологиялық роман жанрының негізін қалаған шебер суреткер.

«Қартқожа» романы дәуірдің аумалы-төкпелі тарихының көркем көрінісі, әдемі жанры, тылсым сыры секілді. Басты кейіпкер Қартқожаның өмір жолы қарапайым қазақ баласының басынан кешкен хал-ахуал, жаңа заман адамының қалыптасу жолы. Жазушы өз кейіпкерін үлгі ете отырып, оны қоршаған ортаның да сыр-сипатын барынша нанымды түрде танытады. Әр заманның өз геройы бар. Халықтың қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтындар кімдер? «Ел үшін күйген, еңбекті сүйген» Қартқожа, Дәрмен сияқты жаны таза, арманшыл, иманды, батыр, батыл жастар қалай қалыптасады?

Азаттықты асыл деп бағалайтын, әншілікті тәңір сиы деп, серілікті серік еткен сахараның еркін ұлдары қандай еді? Көшпелі өмір өркениетінде алаңсыз күн кешкен қазақтың жаны - ән, өнер. Сол рухани өзектің жарқын сәулесі де осы «Қартқожа» романында жарқырап тұрғандай.

«Екі» дәуір тоғысында есейіп, толысып, өз өміріне өзі басшы болып қалыптасқан жаңа заман адамы ретінде Қартқожа – үлгі-өнеге боларлық бейне.

20-30 жылдардағы қазақ интеллигенциясының өз халқына көрсеткен өлшеусіз еңбегі бар. Ж. Аймауытовтың басты табысы – қазақ жұртының тарихи кезеңдегі рухани тыныс-тіршілігін қаз-қалпында ешбір боямасыз мәндерінде көркем етіп суреттеуінде. «Әдебиетті өмір танытатын қуатты құрал» деп бағалаған А. Байтұрсынов сөзі осыған айқын дәлел болып табылады.

## **БЕЙІМБЕТ ЖАРМАҒАМБЕТҰЛЫ МАЙЛИН (1894-1938)**

**Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин** — қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Сауатсыздықты толық жою ұранын алға тартты «Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабын» (1929); «Күш» - сауаттылығы төмендерге арналған оқулықты (1930); «Жаңаша оқы және жаз» құралын (1931)

және Ғабит Мүсіреповпен және А. Ситдыковпен бірге «Сауатсыздарға арналған әліппені» (1935-1936) жазып шығарды.<sup>[1]</sup>

Туып-өскен жері — қазіргі Қостанай облысының Таран ауданы. Бір жасқа толмай жатып әкесінен, алтыға шығарда шешесінен айрылған. Жетімдік зардабын шегіп, байларға жалданады. Алғаш ауыл молдасынан оқып сауат ашқан. 1911-1915 жылдар аралығында Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша қазақша мектепте, Уфадағы Медресе Ғалияда оқып білім алған. 1916-1919 жылдары мұғалім болады, жазушылықпен шұғылдана бастайды. «Қазақ», «Ауыл» газеттері мен «Айқап», «Садақ» журналдарына жазып тұрады. Бейімбет Майлин «Еңбекшіл қазаққа» «Еңбек туы» болып тұрған кезде-ақ атсалыса бастаған. Алғаш мақалаларымен қатысқан ол әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, хатшысы да болған, редакторлыққа дейін өскен. Бірақ көп істемеген. 1920-1922 жылдары газетті жасауға алғаш шығарушылар алқасы басшылық жасап, кейін жекелеген тұлғалар келе бастаған тұста басылымға Бейімбет Майлин секілді жеті-сегіз адам жетекшілік еткені мәлім. Содан соң, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет істеп (1922-1923), Қостанайдағы губерниялық «Ауыл» газетінде шығарды (1925). 1925-1928 жылдары қайтадан «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет істеп, Қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясын (ҚазАПП) ұйымдастыруға қатысты (1928-1932). Мұнан кейінгі 30-шы жылдарында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Ауыл тілі», «Қазақ әдебиеті» басылымдарының бас редакторы болып істейді.<sup>[2]</sup>

1938 жылы жазықсыз тұтқындалып, қызыл қырғын саяси репрессияның құрбаны болды.

### **Бейімбет Майлин шығармалары**

Бейімбет поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол «Садақ» қолжазба журналында (1913), «Айқап» журналында (1914), «Қазақ» газетінде (1915) жарияланған алғашқы өлеңдеріне ден қояды. Сахара жұртының мұң мұқтажын, арман аңсарын, әсіресе азаттық теңдік тақырыбын тілге тиек етеді. Бейімбеттің поэзиялық шығармаларындағы Мырқымбай типтік кейіпкер деңгейіне көтерілген жиынтық бейне. Мырқымбай бейнесі арқылы Бейімбет сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс бітімін, уақыт, қоғам



аясындағы тіршілік тынысын суреткерлік шыншылдықпен бедерлей алған.

Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі» «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.

Бейімбет Майлы дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер.

Бейімбет он беске тарта повесть, бұған қоса «Азамат Азаматович» атты роман жазған қаламгер. Оның «Қызыл жалау», «Қоңсылар» атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол ірілі ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийлердің авторы.

Бейімбет Майлиннің шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады.<sup>[3]</sup>

### **Б.Майлиннің «Қара шелек» әңгімесі**

Бейімбет Майлиннің әңгіме жанрының шебері екендігі туралы кеңес дәуіріндегі ғалымдар жеткілікті айтқан болатын. Т.Нұртазин : «Қазақ әңгімесі» дегенде алдымен Бейімбет Майлин есімі тілге оралады. Бұл қаламгер әңгімені сан жағынан да, сапа жағынан да жазушыларымыздың бәрінен көп жазды, келістіріп жазды. Бұл пікірді басты жазушымыз, көркемсөз шебері, әдеби теорияға жетік М.Әуезов сан реет пысықтап айтып жүрді» [16, 46 б.].

М.Қаратаев «Шеберлік шыңына» атты еңбегінде былай дейді: «Бейімбет Майлин прозасының қалыптасқан белгі, сипаттары мыналар: оқиғалары мен фактыларының нақтылығы, ақиқаттығы, шын тұрмыстан алынатындығы, образдарының айқындылығы, стилінің қарапайымдығы, суреттерінің шағын да болса шығарма көлеміне шақ, өрнектілігі, байырғылығы, сөйлемдерінің келте, қысқа болғанымен

оралымдылығы, диалогтарының мағыналылығы, әңгімелеу сарынында сезімталдық пен әзілшендіктің басымдығы» [17, 242 б.].

«Қара шелек» әңгімесі былай басталады: «Әңгіме қара шелектен басталды. Айшаның атасының басындай сақтап жүрген шелегі ғой. Үшінші жыл болып барады, Айша шелексіз қалып, шелек сұраймын деп абысын-ажынға жексұрын көрініп, ақырында Бірмағамбетті бүріп, Кәстеңкенің дүкенінен алдырған шелек еді. Айшаның жинақылығы, күтімділігі, бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім. Салақ қатындар Айшаны жаратпағанда, Айшаға мін таққысы келгенде:

– Көріне бірге алып кетсе көрерміз; әйтпесе кімнен қалмаған дүние, – деп бұрқылдасады.

Бұл жерде бірден Айшаның пысық, шаруақорлығы ашылады.

«Сол қара шелек бүгін майып болыпты. Қожағұлдың қара тоқалы біреуден нәрсе сұрамай, алған нәрсесін бүлдіріп бермей жүре ме, бүгін келіп қара шелекті сұрай қойды. Айша шелек сұраушыны жайшылықта маңына жүргізбейтін:

– Менен кедей емессіңдер ғой, керек болса, сатып алыңдар, дейтін.

Айшаның оңайлықпен біреуге шелегін бермейтіні көрінеді. Енді келіп салақ қара тоқалға шелекті қалай беріп қойған себебі мынау: «Бүгін сонысын айта алмай қалды. Айта алмай қалған себебі болды: бүгін айға толды, Бірмағамбет жоқ! «Аудан жұмсапты, науқанға өкіл қылыпты, 5- ауылдың байларын Бірмағамбет протоколдап ауданға айдап жіберіпті.» – деген сияқты хабар еміс-еміс естіледі. Науқаны несі? Байларда не жұмысы бар? Айлап қаңғырғандай, ай толғанша үй бетін бір көрмегендей не болды? Бұл не сұмдық? Қатын-баласынан безген адам бола ма екен? – деп бірер күннен бері Айша үздіксіз ойлаумен жүр. Күл шығарса да, от жақса да, жалғыз ала сиырды қақпаппа суатқа апарып суғарса да есі - дерті Бірмағамбет болады да жүреді». Айша осындай қалың оймен Бірмағамбетті уайымдап жүріп, оның үстіне жиылыста біреу коллективке қатысты:

– Әйелдерді де ортаға салатын болсақ екен, – дейді-ау. Шынымен солай болса, әйелдер де ортаға салынса... Айшаның ойына Бірмағамбеттің мінезі түсе қалды: қызғаншақ, күйгелек, томырық... «Сені жанымдай көремін, саған біреу тікелеп қараса, ішім күйіп кетеді...» дейтін Бірмағамбет кейде.

Бейімбеттің кейіпкері ой үстінде жүргенде іс-әрекетте суреттеледі. Жоғарыдағы мысалда Айша күл шығарып, от жағады, сиырын

суатқа апарады. Осындай үй жұмыстарын атқарып жүріп, Бірмағамбетті ойлаумен болады. Бұндай тәсіл Чехов әңгімелерінде де кездеседі. Оның «Святкиде» әңгімесінде қызын ойлап жүрген кемпір былай суреттелетін: «Кемпір сорлы таңертең ерте тұрып сиыр сауып жүрсе де, пешке от жақса да, түнде ұйқылы-оюу жатса да: Ефимьям не болды екен, аман-есен жүр ме екен деп қызын ғана ойлайтын» [18, 331 б.]

Коллектив туралы осындай алып-қашпа сөздерді ойлап отырғанда шелек сұрап қара тоқал келеді. Айша таза әйел болса, ол керісінше салақ: «Жаулығы салтақ-салтақ кір. Аяғындағы кебісі бір жамбастап қисайып кеткен. Жау қуып келгеннен жаман еңтігіп, қотыр малдай пешке сүйене тұрды да:

– Апырым-ай, Құдайдың күніне не болып кетті, түбі түсіп кеткен шығар, күнде боран, есті тандыратын болды ғой. Осы боранда ерігіп, жиылысқа келіп жүргендерін айтам-ау, «Шоққайыңның» 4-5 адамы үйге келіп, әкемдей болып сіресіп отырып алды. Соларға шай қойып беріп құтылайын деп едім, екі шелекпен бармасам, боранда қайта-қайта барып жүру қиын, шелегіңді бересің бе, келін? – деді.

Қара тоқалдың не айтып, не қойғанын Айша ұғынған жоқ, сөзіне құлақ та салған жоқ. Жалғыз-ақ «шелек» дегенін ұғынып қалды. Шелекті бермесе қара тоқал мылжындап мазасын ала беретін сияқты болды. Содан құтылғанша асықты. Өзі үйде оңаша қалып, істеген ісін тағы бір ойлап шықпақшы болды.

– Ана жақта тұрған шығар, ал! – дей салды.

Қара шелек қолынан осылай шығып кетіп еді.

Бейімбет – шағын әңгімеге барлық мәселені сыйғызып жіберетін шебер жазушы. Айшаның ойы арқылы коллективтендірудің қалай өтіп жатқанын, өзінің артель бастығы болып сайланғаны, мал ортақ болады дегенде әзер дегенде жинаған 2-3 малын уайымдағаны, әсіресе бір шелек сүт беретін ала сиырын уайымдағаны – бәрі бізге мәлім болады. Осындай нәрселерді ойлап отырып, шелекке мән бермеуі – логикалық дәлел.

Ал, қара тоқалдың шелек сұрап келуіне де себепкер – жиналысқа келген адамдар.

Қара тоқалдың салақ екені де айтылып қалады. Жалпы, Бейімбет әңгімелерінде әйелдердің салақтығы не көкдолылығы немесе тағы басқа мінездері қағыс қалмайды. Бірақ таза әйелдерден гөрі салақ әйелдер көбірек сыналады.

Бір ғана қара шелек арқылы сол кездегі жұрттың колхоздас-тыруға қатысты түсініктері, заманның астан-кестені шыққанын айқын көреміз. Шелек оқиғасы сюжетте байланыс қызметін де атқарып тұр.

«Кеш болып, үй-іші қара көлеңке тартқан соң, суға барайын десе, шелегі жоқ. Шелегін қара тоқалдың алып кеткені Айшаның есіне сонда түсті. Жаны шығып кете жаздады, өйткені, қара тоқалдың қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес: кесе алса, екі бөліп қайтарады, құманша алса, шүмегін сындырып қайтарады, шелек алса...

Айша шыдай алмай үйден шыға жүгірді. Екі үйдің арасына жалданып тұрған қарға тізесінен батып малтықты, оған да тоқтаған жоқ, қара тоқалдың үйіне жеткенше, қара шелекті көргенше асықты».

Айшаның қарға малтығып жүгіруі – деталь. Өйткені, тоқалдың ыдысты сау қайтармайтынын біледі. Уақытты кетірмей тез жету керек. Айша қара тоқалдың үйіне барса:

«Шашы обырап, күлді бұрқыратып қара тоқал пештің алдында отыр еді. Есіктен кірген Айшаны көрді де, ашуланған пішінмен шымшуырмен отты көсеп-көсеп қалды. Күл бұрқырап пештің аузынан көлбеп ұша берді.

– Шелекке келіп едім, – деді Айша әлденеден қорыққандай.

– Әлгі қағынғыр бала... өзінің де сыйын бердім... – деп қара тоқал отпен бола берді.

Айша шошынып, сезіктеніп, қара тоқалға төне түсті. Тоқал қаймыққан түрмен қарап:

– Неге төндің? Үлкенді сыйлап именсе қайтеді екен бұлар? Әне, жатыр шелегің, – деді.

Айша босағаға қараса, екі бүктетіліп, түбі аламайымен сөгіліп, қара шелек жатыр! Жаны шығып кете жаздады. Жалма-жан шелекті алып, қара тоқалға жіберіп ұрды. Ызаланып көзінен жасы ыршыпыршып кетті.

–Ойбай, өлтірді мына иттің баласы! – деп қара тоқал шаңқылдап, үйді басына көтерді».

Қара тоқалдың екінші рет салақтығы көрінеді: шашы қобырап кетуі, күлді бұрқыратып алуы. Айшаны көргенде бүлінген шелек есіне түсіп, соған өзі де ызаланып, бір жағынан Айшаның да құр кетпейтінін алдын-ала сезгендей – осының бәрі бір-ақ қимыл арқылы, шымшуырмен отты салып қалуынан байқалады. Ашуланып қимылдағаны соншалық, күлді бұрқыратып жібереді.

Айша шелектің «қазасын» естуге қорқып, күдіктеніп сұрағанда даусының да қалай шығатыны белгілі.

Тоқал бір-екі сөзбен ғана болған жайды аңдатады. Шелекті бүлдірген бала екенін, өзінің де таяқ жегенін аңғарамыз.

Айша шелектің бүлінгеніне көз жеткізу үшін тоқалдың жанына жетіп барады. Қара шелек жай майыса салмаған, жарамастай боп бүлінген. Сондықтан Айшаның жаны шығып кете жаздайды. Шелектің бүлінгені қатты батқаны соншалық, тоқалды шелекпен ұрады. Ызаланғанынан көзінен жас шыққаны – шелекке қолы әрең жетіп еді, ол кезде ыдыс қымбат тұрады, алу оңай емес.

Жазушы көлемі шағын диалог пен баяндаудан екі әйелдің образын, психологиясын өте дәл, ықшам, шебер түрде жеткізген. Қабдолов айтатын дәлдік пен ықшамдылық бар. Бір сөздің өзі кейіпкердің ішкі жағдайын ашып береді. Ауыл әйелдерінің мінез-құлқы айна-қатесіз нақты беріледі. Әйелдердің қандай жағдайда қалай сөйлейтіндіктерін жетік меңгерген.

«Шам жаға Қожағұл келді. Бет-аузына жабысқан қар еріп, сақалынан тамшылап тұр Екі үйдің арасы әжептәуір алыс екені, қар борап тұрғаны білінетін деталь.

– Келін шырағым, біздің әйелге қол тигізбей-ақ қойсаң болмай ма? – деп күрсінді ( тоқалының кінәсін біліп тұр).

– Сындырмасын, бүлдірмесін біреудің нәрсесін!

– Сындырмасын дегеніңіз дұрыс қой, бірақ «біреудікі» дегенді қойса да болады ғой. Мана өзіңіз бар емес пе едіңіз, не деп еді өкіл? «Керекті құралды ортақ пайдаланасындар» демеп пе еді? Сол құралдың бірі шелек қой. Бастық адам ұрмас болар, «бастығымыз осылай қылды, ұрды» деп арыз берсек, «потсот» кететініңізді білесіз бе?».

Мұнда адамдардың «ортақ мүлік» дегенді қалай ұғатындары байқалады.

Айша өзін тентекке санады. «Шынында, солай екен: ортақ мүлік, алып пайдаланды. Сындырса да еркі бар емес пе?», – деп ойлады. Ойлап еді, көз алдына жапырылған қара шелек елестегендей болды, шашы жалбырап, пеш алдында албасты құсап отырған қара тоқал елестеген сияқтанды» Айша колхоз заңына бағынса да, қара тоқалдың ісін мақұлдай алмайды. Кейіпкердің ішкі психологиясы көрінеді.

Бірмағамбет келгенде Айша болған жайды айтады. Қожағұлдың сотқа берем дегенін де айтады.

– Туу, содан қорқып жүргенің бе? Қожағұл сотқа беруші ме еді? Қожағұлдың кім екенін білесің бе? Ол – саудагер, ол – молда. Берікболдың жаназасын шығарып, қызыл бұзауды алғаны биыл күз емес пе еді? Ортақ мүлікке шелек қосылушы ма еді?

Сол кездегі саясат бойынша қайтыс болған адамға жаназа шығаруға тыйым салына бастағанын аңғарамыз. Атеизм қағидасы тұрғысынан мұндай істер кеңес өкіметіне жат боп саналды. Ол кезде саудамен айналысқан адамды алыпсатар деп айыптайтын.

Колхоз туралы жиылыс болып жатқанда:

– Иә, Алла, өзің медет бере гөр! – деп Қайралап ауыр күрсінеді. Осы Қайралапты колхозға алмаймыз деп, жиылыстан қуады.

Қайралапқа жоғарыдағы сөзді жазушының айтқызуында көп мен жатыр. Сол сөзді жазушының өзі айтып отырғандай.

## **СЕЙФУЛЛИН СӘКЕН (СӘДУАҚАС)** **(1894-1938)**

**Сейфуллин Сәкен** қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған. Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқыған. 1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен. Ақтар көтеріліс жасап, Ақмола совдепшілерін тұтқынға алған. Сәкен Сейфуллин атаман Анненковтың «азап вагонынан», 1919 жылғы сәуірдің 3-де адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шыққан. 1920 жылғы мамырдың 7-де Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезі делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық жасаған. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазақ КАСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы, Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым

Орталығының төрағасы, Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы, БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры, «Жыл құсы» альманағы, «Жаңа әдебиет» журналы басшысы, Қазақтың мемлекеттік институтының доценті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметтерін атқарған. Осы кезде жаңа өмір жолында күреске шақырған «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында» атты поэтикалық жинақтары жарық көрген. Жаңашыл ақын поэзия мен драматургияға көп жаңалықтар енгізді. Өлеңнің түрі мен мазмұнында түбегейлі өзгеріс жасап, қазақ халқының поэтикалық дәстүрін дамытты. С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. «Көкшетау», «Қызыл ат» дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Қызыл атта» 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеу оқиғалары сыналады. «Ақсақ киік», «Аққудың айрылуы» шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлерін суреттейді. С.Сейфуллин проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында көрнекті еңбек етті. «Жұбату» әңгімесі - Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. «Жемістер, «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» туындыларында замандастар өмірі бейнеленген. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгіге қарсы күресін «Тар жол, тайғақ, кешу» атты тарихи-мемуарлық романында көрсетеді. Публицистика саласының дамуына қосқан еңбегі баға жетпес. Қазақтың ескі әдебиет нұсқауларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен де шұғылданды. Оның қатысуымен «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаулары», «Батырлар», «Ақан сері - Ақтоқты», «Ләйлі - Мәжнүннің» қазақша аудармасы жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» кітабы - осы саладағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Халық әдебиеті материалдарын мол жинап, пайдаланған бұл зерттеуінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасайды. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінен мектептерге оқулық жазу ісіне де қатысқан. Қазақ әдебиетінің кадрларын даярлауға көп күш салды, сол тұста әдебиетке келген қаламгерлер М.Қаратаев., К.Бекхожин, Ж.Саин, тағы басқалары С.Сейфуллиннің көмегіне сүйенген. С.Сейфуллин олардың алғашқы кітаптарын бастыруға көмектесіп, алғысөздерін жазған. Жазушының

шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылған. Ол 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармалары туралы С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ.Мүсіреповтың «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағанбетов, Қ.Бекхожин, тағы басқалардың поэмалары, Е.Ысмаиылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, тағы басқа ғалымдардың әдеби зерттеулері, естеліктері жарық көрген. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, Алматыда атылды. 1958 жылы ақталған. С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. 1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы) С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істеді.

## **ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ (1894-1938)**

Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды. Ілияс Жансүгіров 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (қазіргі Тадықорған облысы, Ақсу ауданы) туған. Ескіше хат танытын, шағатай тілдеріндегі кітаптарды жинайтын, аңыз-ертегілерді, батырлық жырларды, тарихи оқиғаларды, әңгіме-шежірелерді жақсы білетін, көкерегі ояу, көзі қарақты, әр түрлі өнерді ұстаған әңгімеші, домбырашы, ұста, көшелі Жансүгір анасынан ерте қалған Ілиясты жетімсіретпей, еркелетіп, жақсы үлгі көрсетіп, тәрбиелеп өсіреді.

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған.

Өз үйінде, әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Ілияс біраз уақыт Карағаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектептен оқып, әр түрлі пәндерден сабақ алады. Бұдан кейін тұрмыс жағдайы билеп шаруа күйттеп, тіршілік қарбаласына араласып катеді. Жастық



қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері оның жүрегін қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастайды.

1920 ж. Ілияс Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсы бітіреді. Артынан Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанындағы қысқа мерзімді курсте бес-алты ай оқығаннан кейін, денсаулығының нашарлауына байланысты аулына қайтады.

Дауылды жылдардың тартысты тіршілігі жас мұғалімді өз толқынына тартады. Қазақ ағарту институтында, Жетісу облысының Қосшы комитетінде губерниялық оқу бөлімінде, «Тілші» газеті редакциясында қызмет істеу, экспедицияға шығып фольклор үгілерін жинау кешегі ауыл жігітін ширатып шыңдайды. Жас азаматтың қызметтен өзге уақыты түгелдей кітап, газет-журнал оқуға, өз көкірегіндегі сырларды қағазға түсіруге жұмсалады. Алғашқы өлеңдері «Тілші», «Кедей еркі», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдарында жарияланады. 1927 жылы «Беташар» атты үгіт өлеңі, 1928 жылы «Сағанак» деген тұңғыш кітабы шығады.

1927-1937 жылдар арасында поэзия, проза, драматургия, сын, аударма салаларында жиырмадан астам кітап шығарып, артына аса бай әдеби мұра қалдырды. Оның лирикалық шығармалары, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Турксиб», «Исатай-Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған өлмес туындылар. Он жылдың ішінде осынша шығарма берген қалам қайраты, талант табандылығы ғажап.

1928 жылы журналистика институтын бітіріп, елге оралған Ілияс Жансүгіров «Еңбекші қазақ» газеті редакциясында қызмет істеп, қазақ баспасөзінің қалыптасуына көп үлес қосты. Аршынды қаламгер, үлкен мәдениет қайраткері Ілияс Жансүгіров 1934-1935 жылдарда Қазақстан көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарады, ССРО Жазушыларының I съезінде сөз сөйледі, республиканың әлеуметтік өміріне белсене араласады. Жазашының М.Горькиймен шығармашылық байланысы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовпен достығы оның қаламгерлік жолында терең із қалдырған. Көзі тірісінде қазақ поэзиясының өрен жүйрігі, ақындықтың Құлагері атанған Ілияс Жансүгіров кесепат-кесел репрессияға ұшырап, 1938 жылы опат болды.

Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді. Ілияс

әдебиетке халық фольклоры дәстүрінен, аз оқуымен және біршама кештеу – 20-жылдардың басында келді. Бірақ ол сол кездің өзінде халық өмірін жетік білетін, қазақ тілінің байлығын тамаша меңгерген бозбала еді. Өте қабілеттілігі мен ізденгіштігінің, жігерлілігінің және жаңадан құрылып жатқан қоғамның қоңыртөбел ортадан шыққан талапты жастың оқып, білім алуына жылы қабақ танытуының арқасында, ол біршама қысқа уақыттың ішінде тез жетіліп, аршындап алға озды. Алматы, Ташкент, Мәскеу оқу орындарында жақсы мағынасындағы қомағайлықпен білім алды, өз бетімен де көп оқыды, орыс және әлем классикалық әдебиетін зерттей оқып, үздік туындыларын орыс тілінен қазақшаға аударды. Осы аралықта жазуға да төселіп, қоғамдық жұмыстарға, әдебиет ісіне белсене қатысты. Алғашқы жинағы 1928 жылы 34 жасында жарық көрген Ілияс 5-6 жылдың ішінде қатарынан арындап алға озып, Абайдан кейінгі дәуірдің аса көрнекті ақынына айналды. Прозалық, драматургиялық талантты кесек туындыларын айтпағанда, “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” сияқты классикалық шығармалар тудырды. Ілияс поэзиясы — ойға – қанат, сезімге нәр беретін, ешқашан ескірмейтін, мәңгі жас поэзия.

**Өмірбаяны.** Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды да арынды ақыны Ілияс Жансүгіровті, әдетте, өзі шалқар шабыт, керемет күштарлықпен көсіле жырлаған Ақан серінің Құлагеріне ұқсастырады. Айтты-айтпады, екеуінің дүлдүлдігінде ғана емес, тағдыр-талайында, қайғылы өлімдерінде де ұқсастық бар. Бәйгенің алдын бермейтін қас жүйріктерге ғана тән намыскерлікпен жанын сала зымырап бара жатқан Көктұйғынды омыраулап, кең тыныспен жүйткіп келе жатқан Құла пырақ межелі жер - Жыландысайға еңкейісте, үстіндегі баланың тізгінін босатып, тақымын сәл қымтып қалуы мұң екен, жұлдыздай аға жөнеледі. Сол сәтте қалтарыстан тап берген қарақшы кер құланы маңайдан айбалтамен періп өтеді де, қайран тұлпар қара жер қақ айырылғандай гүрс етіп құлап қала береді. Кемеліне келіп, ақындық бәйгесінде арындап алға шыққан шағында Ілияс та тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, мұрттай ұшты. Әйтсе де әмбебап дарын айналасы 10 жылда проза мен драматургияда, әсіресе поэзияда әдебиетіміздің алтын қорына жататын айтулы туындылар беріп, артына аса мол көркем мұра қалдырды. Болашақ ақын жерінің бетін жеті өзені өрнектеп, заңғар таулары көкке сұғынған көркем өлкенің әсем бір өңірі - бұрынғы Қапал уезіндегі ағынды Ақсу бойында 1894 жылы дүниеге келген. Анасынан ерте жетім қалған Ілияс әке бауырында тәрбиеленген. Әкесі Жансүгір арабша жақсы

сауатты, үйінде көнелі-жаңалы кітаптарды жинап, оқып отыратын, өлең-дастандарды, арғы-бергінің неше алуан қызық әңгімелерін көп білетін кісі болыпты. Оның үстіне домбырашы, ісмер, ұста екен. Баласына да өнерінің бәрін үйретіп, әке орнына — әке, шеше орнына — шеше болып, аялап, әлпештеп өсірген.

Ілияс алғашында әкесінің үйретуімен хат таниды, сонан соң ауыл молдасының алдын көріп, медресе үлгісіндегі мектепте де оқиды. Бұдан кейін біраз жыл ауылда тұрып, үй шаруасымен айналысады. Қара танысымен, кітапқа құмартқан Ілиясқа үлкен кісілер қиссалар оқытып, баталарын береді екен. Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, далалық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған. Тұтқыр зерделі, тумысынан өнерге бейім, зерек жас өспірім домбыра тартып, ән үйреніп, алдымен жаттап, соңынан жанынан шығарып, өлең айтатын болады. Келе-келе, бір өңірдің “жарып той бастап, таңдап әріптес алып” айтысатын, “түнгі тойды таңға таратпай, ауыл әлеуметін ауызға қаратқан” өлеңшісіне айналады. Сол шамада өлең де жаза бастайды. Бұл кезді талапкер ақынның елдің тарихын, өткен-кеткеннің қызықты хикаяларын, көне әдебиеті мен салт-дәстүрін біліп, халық тілінің байлығын меңгерген, яғни ” ауыл академиясында оқыған жылдары десе де болады. Қазақтың байырғы әдебиетімен, қисса, аңыз түрінде қазақшаланып жеткен Шығыс әдебиетімен ғана таныс Ілияс 22 жасында Абай өлеңдерін оқып, қайран қалады. “Оған дейінгі көрген, оқыған әдебиетімнің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай, қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде бір түрлі сергектік, сілкініс болды, жүрегім де жаңалық сезгендей” деп жазады Ілияс “Қысқаша өмірбаянында”. Ол енді данышпан ақын жинағын қолынан тастамай оқиды, жаттап та алады. Мұның бәрі ақындық талпынысына игі әсерін тигізеді, оның өзіне тән суретті тілі, арындата, нөсерлете жазатын стилі айқындала бастайды.

Талабына оқуының аздығы қол байлау болатынын сезінген Ілияс 26 жасында Алматыға келіп, қысқа мерзімді мұғалімдер курсы бітіреді. Одан кейін Ташкентке барып, онда Қазақ ағарту институты жанындағы курста жарты жылдай оқиды. Осы екі қалада шығып тұратын мерзімді басылымдарда өлеңдері жарияланады. Бірақ денсаулығына байланысты көп ұзамай еліне оралып, алдымен мұғалім, одан кейін облыстық, губерниялық мекемелерде, “Тілші” газетінде істейді. Қолы бос кезде бас алмай кітап оқып, өзін тебіrentкен жайттарды

өлең етіп жазады. Алғашқы өлеңдері “Тілші”, “Кедей еркі”, “Лениншіл жас” газеттерінде, “Жаңа мектеп”, “Әйел тендігі” журналдарында жарияланады.

I. Жансүгіров 1926-1928 жылдары Мәскеудегі журналистика институтында оқып, қоғамдық ғылымдар саласынан терең білім алады. Ақыл-ойы толысқан, өмір тәжірибесі мол, талантты жігіт, әйгілі ғалымдардың дәрісіне өздігінен оқуы қосылып, тез кемелденеді. Әсіресе, орыс және Еуропа әдебиетінің классикалық туындыларын күмартта әрі талдап оқиды. Институттың соңғы курсына оқып жүргенде – 1928 жылы “Сағанақ” атты тұңғыш жинағы жарық көреді. Елге оралған соң, ол республикадағы аға газет - “Еңбекші Қазақта”, 1934-1935 жылдары Қазақстан көркем әдебиет баспасында жауапты қызметтер атқарады. 1934 жылы КСРО Жазушыларының I съезіне делегат болып қатысып, сөз сөйлейді. Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып істейді. Ақынның М. Горькиймен шығармашылық байланысы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовпен достығы оның қаламгерлік жолына игілікті әсер етеді. Тұңғыш кітабы шыққаннан жазықсыз жазаға ұшырағанға дейінгі 10 жылға жетер-жетпес аралықта Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетін “Жолдастар” атты пьесаларымен байытады, әсіресе, поэзияда көптеген әсерлі өлеңдері мен “Жетісу суреттері”, “Гималай” атты керемет көркем жыр-толғауларына қоса, артынан “Дала”, “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” сияқты классикалық поэмалар беріп, ақындық шыңына көтерілді. Көзі тірісінде ақындықтың Құлагері атанған Ілияс Жансүгіров 1938 жылы жазықсыз жазаға ұшырады. Қандай шаттыққа, сенімге толы жыр еді! Осындай риясыз қуанышпен жыр-тұлпарының тізгінін тыймай, еркін ұстаған ақын құдырет-күш тәңірісіндей сымбатты, еңселі адам болып елестейді. Оның жүзі жарқын, жаны жазирадай кең, жанары жарқылға толы болса керек-ті. Ілияс Жансүгіров Талдықорған (қазіргі Алматы) облысының Ақсу ауданында туған. Алғаш Қарағаш ауылындағы мектепте жадитше оқып, өз бетімен оқи, жаза алатын дәрежеге жетті. 1919 жылы Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түсті де, оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болды. Онан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеді. 1922 жылы Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтына оқуға түсіп, оны 1928 жылы бітірді. Мәскеуден оралғанда «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке алынды. 1933-1936 жылдары ҚАССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Қазақстан Жазушылар Одағының председателі қызметін атқарып

жүрген есіл ақынға орынсыз жала жабылып, репрессияның жазықсыз құрбаны болды. Ілиястың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Ақын ретінде Ілияс шығармаларының шоқтықты шыңы – оның поэмалары. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэмалары қазақ поэзиясының інжу-маржаны болып табылады. Ілияс Жансүгіровтің прозалық шығармасының ішіндегі көлемдісі «Жолдастар» романы. Мұнда қазақ сахарасындағы еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігін, азаттықты көксеген арман-аңсарын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дүмпуін суреткерлікпен ашып көрсетеді. Ілиястың драма саласындағы «Кек», «Түркісіб», «Исатай-Махамбет» сияқты туындылары да қаламгер дарынына айғақ шығармалар. Ол әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.С.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ, М.Ю.Лермонтовтың, А.М.Горькийдің, Н.А.Некрасовтың, В.В.Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Ілияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі-өнеге.

Бүгінде Жансүгіровтің еліміздегі аса көрнекті жазушыларының қатарына қосылатынына, қазақ көркем сөз өнерінің асқан шеберлерінің бірі екеніне ешкім де шүбә келтіре алмайды. Ақын жырларын халық қастерлеп, жастайынан жаттап өсуде.

## ТЕОРИЯЛЫҚ СҰРАҚТАР

1. Мағжанның табиғат лирикасына тән стильдік ерекшеліктер ?
2. Мағжан романтизмі
3. Мағжан өлеңдеріндегі символизм
4. Мағжан поэзиясындағы мифопоэтика
5. Мағжанның философиялық өлеңдері
6. Мағжанның азаматтық лирикасы
7. Мағжанның махаббат лирикасы
8. Мағжанның «Қорқыт» поэмасының идеясы
9. Мағжанның «Қойлыбайдың қобызы» поэмасындағы бақсылық туралы ұғым
10. Мағжан «Жүсіп хан» поэмасында кеңес дәуірінің қандай саясатын әшкерелейді?
11. Мағжанның саяси-әлеуметтік өлеңдері
12. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы орыс әдебиетінде қай шығармаға ұқсайды?
13. Жүсіпбектің «Ақбілек» романының жанры
14. Жүсіпбектің «Ақбілек» романының идеясы ?
15. Жүсіпбектің «Ақбілек» романындағы Қарамұрт қандай бейне?
16. Жүсіпбектің «Ақбілек» романындағы Мұқыш қандай бейне?
17. Жүсіпбек кейіпкердің ішкі ойын беру үшін қандай тәсіл қолданады?
18. Жүсіпбектің «Қартқожа» романының тақырыбы не?
19. Жүсіпбектің «Қартқожа» романының идеясы не?
20. «Ақбілек» романында қандай детальдар кездеседі?

## ТАПСЫРМАЛАР

1. Мағжанның табиғат лирикасын Бальмонт өлеңдерімен салыстыр.
2. Мағжанның символдық өлеңдерін Блок, Брюсов өлеңдерімен салыстыр.
3. Мағжан шығармаларының тілі.
4. «Батыр Баян» поэмасын Гогольдың «Тарас Бульба» повесімен салыстыр.
5. «Батыр Баян» поэмасынан психологизмге мысалдар келтір.
6. Мағжан шығармашылығы туралы ғалымдар пікірін келтір.
7. Жүсіпбектің «Ақбілек» романынан портретке мысалдар келтір.
8. Жүсіпбектің «Ақбілек» романынан ақ өлең үлгісіне мысал келтір.
9. Жүсіпбектің «Ақбілек» романынан сюжеттегі байланысты көрсет.
10. Жүсіпбектің «Ақбілек» романынан шиеленісті көрсет.
11. Жүсіпбектің «Ақбілек» романынан жан диалектикасына мысал келтір.
12. Жүсіпбектің «Ақбілек» романы мен Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романынан ұқсастықты көрсет.
13. Жүсіпбектің «Ақбілек» романы мен Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романынан адам қатыгездігі туралы ұқсас пікірлерді тап.
14. Бейімбет әңгімелерін Чехов әңгімелерімен салыстырып, кейіпкер жасау тәсілдері мен юмор жағынан ұқсастықтарды тап.
15. Сейфуллин шығармашылығы туралы.
16. Сейфуллин поэмалары туралы.
17. Жансүгіров шығармалары.
18. Жансүгіров поэмалары.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

### 1-нұсқа

1. М. Жұмабаевтың Шығыс және Батыс елдері туралы философиялық өлеңдері:

- A) «Пайғамбар», «Тәңір», «Орал», «От»;
- B) «Толқын», «Сағындым», «Айға»;
- C) «Алдамшы өмір», «Көкшетау», «Ой»;
- D) «Мені де, өлім, әлдиле», «Жан сөзі», «Зар»;
- E) «Өмір», «Тұтқын», «Жатыр».

2. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының басты мұраты:

- A) Ел қорғаушы батыр мен хандарды дәріптеу;
- B) Ру тартысын сынау, ескі салтқа қарсылық;
- C) Махаббатты, сүйіспеншілікті жырлау;
- D) Еркіндікті, бостандықты дәріптеу;
- E) Ашу-ызаны, қан төгісті айыптау.

3. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының тақырыптық-мұраттық бағыты:

- A) Халыққа адалдық, жауға өшпенділік, биік адамгершілік;
- B) Махаббат еркіндігі мен бостандық жолындағы күресі;
- C) Жауынгерлік рух;
- D) Ұлттық әдет-ғұрпы пен озық дәстүрі;
- E) Ел басқару ісіндегі ақыл-өнеге және билік тапқырлық.

4. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының қаһармандары:

- A) Баян, Ноян, қалмақ қызы, Абылай хан;
- B) Баян, Ноян, қалмақ қызы, Абылай хан, Еспембет;
- C) Баян, Ноян, қалмақ қызы, Абылай хан, Ер Қосай, Ер Көкше;
- D) Баян, Ноян, Ардақ, Адақ;
- E) Баян, Ноян, Ардақ, Адақ, Бөгембай, Қабанбай.

5. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянына» тақырыптас шығарманы көрсетіңіз:

- A) В. Гогольдың «Тарас Бульба» повесі;
- B) М. Горькийдің «Хан мен ұлы» әңгімесі;



- С) Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романы;
- Д) Мамин-Сибиряқтың «Ақ боз ат» әңгімесі;
- Е) М. Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесі.

**6. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының жанры:**

- А) Лирикалық;
- В) Тарихи-әлеуметтік;
- С) Философиялық;
- Д) Мемуарлық;
- Е) Тұрмыс-салт туралы.

**7. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының көркемдік ерекшелігі:**

- А) Психологизм;
- В) Тарихи-әлеуметтік;
- С) Ұлттық болмысты философиялық тереңдікпен жырлау;
- Д) Халық басындағы тозық дәстүрді сынау;
- Е) Жеке адамдарды бейнелеу.

**8. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Баянның інісі мен қалмақ қызының соңынан қуу себебі:**

- А) Ақсақалдың «... бір маскара іс өткен болып қапты...», — деген сөзінің әсерінен;
- В) Қалмақ қызын қызғануы;
- С) Ноянға деген қимастық сезім;
- Д) Екі жасты қайтару;
- Е) Екі жаспен қоштасу.

**9. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянына» «симфониялық жыр» деп баға берген кім?**

- А) Ә. Тәжібаев;
- В) М. Әуезов;
- С) Ж. Аймауытов;
- Д) Ш. Елеукенов;
- Е) М. Базарбаев.

**10. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының оқиға желісіндегі шиеленісті көрсет:**

- A) Ноян мен қалмақ қызының бір-біріне ғашық боп, елден қашуы;
- B) Баянның қалмақ қызын алып қайтуы;
- C) Баянның інісін өлтіруі;
- D) Баянның жау қоршауында қалуы;
- E) Абылайдың қол жинауы.

**11. М. Жұмабаевтың романтизміне тән ерекшелік:**

- A) Тұспалдау арқылы қоғамға наразылығын білдіреді;
- B) Қоғамды ашық түрде айыптауды;
- C) Болашаққа деген сенімі мол;
- D) Өмірді жарқын жағынан көреді;
- E) Ерекше көңіл аударарлық оқиға басым.

**12. Мына сөздер көркемдік тәсілдің қай түріне жатады?**

Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті.

- A) Кейіптеу;
- B) Метафора;
- C) Метонимия;
- D) Теңеу;
- E) Эпитет.

**13. М. Жұмабаевтың сталиндік қуғын-сүргінді әшкерелейтін шығармасы:**

- A) «Жүсіп хан»;
- B) «Қорқыт»;
- C) «Қойлыбайдың қобызы»;
- D) «Тоқсанның тобы»;
- E) «Оқжетпестің қиясында».

**14. М. Жұмабаевтың табиғат лирикасы:**

- A) «Жел», «Қысқы жолда», «Жазғытұрым»;
- B) «Көбелек», «Күміс нұрлы ай», «Түн еді», «Батқан күн, атқан таңның жыры»;
- C) «Жұлдыздарға», «Жазғы түнде», «Жұмбақ»;
- D) «Күншығыс», «Орал», «Орал тауы»;
- E) «Жер жүзіне», «Бір күні», «Жоғалған алтын».

**15. М. Жұмабаевтың махаббат лирикасы:**

- A) «Сен сұлу», «Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін», «Сүйгенім анық», «Гүлсім ханымға»;
- B) «Менің тілегім», «Мен кім», «Өткен күн»;
- C) «Өнер-білім қайтсе табылар», «Домбыра», «Сыр сандық»;
- D) «Толқын», «Махаббат не?», «Жан сөзі», «Ой»;
- E) «Жаралы жан», «Өткен күн», «Сүйемін».

**16. М. Жұмабаевтың «Жүсіп хан» поэмасы кімнің шығармасымен үндес?**

- A) М. Ахундов;
- B) Низами;
- C) Хамза;
- D) Әлішер Науаи;
- E) Мақтымқұлы.

**17. М. Жұмабаевтың бұқарашылдық өлеңдері:**

- A) «Қазағым», «Түркістан», «Өнер-білім қайтсе табылар»;
- B) «Сен сұлу», «Батыр Баян», «Сағындым», «Мен жастарға сенемін»;
- C) «Толқын», «Сен сұлу», «Орамал», «Сәрсенбайдың жыры»;
- D) «Мұра», «Біздің жақта», «Сыр сандық», «Менің тілегім»;
- E) «Қойлыбайдың қобызы», «Совпарттағы қарындасыма», «Мені де, өлім, әлдиле».

**18. М. Жұмабаев «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңі орыс ақындарының қайсысымен үндес?**

- A) Бальмонт;
- B) Брюсов;
- C) А. Блок;
- D) Лермонтов;
- E) Есенин.

**19. М. Жұмабаевтың табиғат лирикасына тән ерекшелік.**

- A) Табиғат пен адам жан дүниесі бірге өріліп, астасады.
- B) Табиғат пен адам тіршілігі шыншыл түрде беріледі.
- C) Табиғатты ерекше суреттейді.
- D) Табиғат пен махаббат сезімі қатар алынады.
- E) Туған жерге деген сезім басым көрінеді.

**20.М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің тақырыбы:**

- A) Әйел тағдыры туралы.
- B) Қазақ әйелінің теңсіздігі.
- C) Жаңа заман шындығын көрсету.
- D) Әйелдердің теңдік алуы.
- E) Оқыған қазақ әйелдерін үлгі ету.

**21.Мағжанның қай шығармасынан алынған?**

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да.

- A) «Батыр Баян».
- B) «Оқжетпестің қиясында».
- C) «Қойлыбайдың қобызы».
- D) «Қорқыт».
- E) «Толғау»

**22. Белгіленген сөздер көркемдегіш құралдың қай түрі?**

Көрмесен жан-жарыңды өлгендей боп,  
Қайғырып күлден кебінкиген қандай?

[М. Жұмабаев, «Батыр Баян»)

- A) Метафоралық тіркес.
- B) Метонимия.
- C) Синекдоха.
- D) Теңеу.
- E) Символ.

**23. М. Жұмабаевтың аудармаларын көрсет:**

- A) «Жұртын сүйген жүрек», «Сұңқар жыры», «Хан мен ұлы».
- B) «Евгений Онегин», «Ревизор», «Отелло».
- C) «Асауға тұсау», «Ақсүйектер», «Дворян ұясы».
- D) «Полтава», «Маскарад», «Ана».
- E) «Бородино», «Вадим», «Қанжар».

**24. Асты сызылған сөздер көркемдегіш құралдың қай түрі?**

Арқаға аяқсалып түскен барып,  
Екі оттың – орыс, қытай арасына.

- A) Метафора;
- B) Метонимия;
- C) Тенеу;
- D) Кейіптеу;
- E) Эпитет.

**25. Мағжанның «Толқын өлеңі» орыстың қай ақынының өлеңімен ұқсас?**

- A) Бальмонт;
- B) Есенин;
- C) Чехов;
- D) Тургенев;
- E) Блок.

## 2-нұсқа

1. **М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының оқиға желісіндегі шарықтау шегін көрсет:**

- A) Баянның екі жасты өлтіруі;
- B) Баянның өлімі;
- C) Абылайдың қол жинауы;
- D) Абылай қолының кері қайтуы;
- E) Ноян мен қалмақ қызының елден қашуы.

2. **М. Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасының тақырыбы:**

- A) Тәуелсіздігі үшін күрескен елдер туралы;
- B) Туған жер табиғаты;
- C) Махаббат жолындағы қасіреті;
- D) Қазан төңкерісін көрсету;
- E) Қазақ әйелінің теңсіздігі.

3. **М. Жұмабаевтың «Оқжетпес қиясында» поэмасының мұраты:**

- A) Тәуелсіздік ерлерін жоқтау;
- B) Туған жер табиғатын дәріптеу;
- C) Салт-дәстүрді дәріптеу;
- D) Әйел теңсіздігіне қарсы бой көтеру;
- E) Кеңес өкіметінің қамқорлығын дәріптеу.

4. **М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Баян бейнесі:**

- A) Алаш намысы үшін күресуші;
- B) Адал махаббат, шынайы сүйіспеншілік құрбаны;
- C) Ұлы отан соғысында ерлік көрсеткен жауынгер;
- D) Халық тағдыры жолындағы күресте өсіп-жетілген ауыл азаматы;
- E) Ұлт-азаттық көтеріліс қаһарманы.

5. **М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпан бейнесі:**

- A) Ерлі-зайыптылық бақыт жолындағы құрбан;
- B) Бас бостандығы үшін күресуші;
- C) Шынайы махаббат құрбаны;
- D) Кеңес өкіметін орнатуға қатысушы күрескер;

Е) Жастықпен алданып, өмір тәлкегіне түскен студент.

**6. Ж. Аймауытов шығармашылығының басты бағыты:**

- А) Жазушы, драмашы, аудармашы, әдебиет сыншысы;
- В) Социалистік еңбек ерлерін бейнелеген қылқалам шебері;
- С) Қазақ кәсіби театрының аса көрнекті әртісі;
- Д) «Қазақ марсельезасы» әнұранының авторы;
- Е) Психология, педагогика маманы, даланың дарынды шипагері.

**7. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының тақырыбы:**

- А) Азамат соғысы ылаңы;
- В) Балық өнеркәсібі;
- С) Қой шаруашылығы;
- Д) Көмір өнеркәсібі;
- Е) Мұнай өнеркәсібі.

**8. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының қаһармандары:**

- А) Ақбілек, Балташ, Төлеген;
- В) Ақбілек, Еламан, Кәлен;
- С) Мырқымбай, Шоқпыт, Ақбілек;
- Д) Мейрам, Жанәбіл, Ардақ, Ақбілек;
- Е) Тайман, Қабен, Ақбілек.

**9. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының мұраты:**

- А) Қазақ қызының оқу-біліммен қиындықты жеңуі;
- В) Жастардың махаббат жолында жеңіп шығуы;
- С) Жаңа өкімет орнату жолындағы күрес;
- Д) Қазақ қызының теңдік жолындағы күресі;
- Е) Қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі.

**10. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының жанры:**

- А) Психологиялық;
- В) Тарихи-әлеуметтік;
- С) Мемуарлық;
- Д) Философиялық;
- Е) Этнографиялық.

**11. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиеттің басты өзгешеліктері:**

- А) Әдебиеттің сыншыл-реалистік бағытты дамытып, саяси-әлеуметтік және төңкерістік өзгерісті бейнелеуге бет бұруы;
- В) Қазақ елінің Қазан төңкерісі;

- С) Тарихи тақырып;
- Д) Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы жаппай халықтық ереуіл;
- Е) Жазушылардың, ақындардың ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік өзгерістерді жырлауы.

**12. Жаңа заман әдебиетінің тақырыптық-идеялық бағыттары:**

- А) Еңбекшілерді күреске, бостандық-теңдікке шақырған шығармалардың тууы және әдебиеттің жаңа кейіпкерлерін жасау;
- В) Қазақ ауылының шаруашылық күй-жайы;
- С) 1916 жылғы азаттық-бостандық жолындағы төңкеріс;
- Д) Кеңес өкіметі мен Компартияның қудалаушылық саясатын әшкерелеу;
- Е) Халық шаруашылығын индустрияландыру.

**13. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романының тақырып-мұраты:**

- А) 1916 ж. мен азамат соғысы кезіндегі ауылдағы әлеуметтік ахуал;
- В) Елде Кеңес өкіметін нығайту жолындағы күрес-тартыс;
- С) Болыс-билер әділетсіздігін әшкерелеу;
- Д) Жаңа өмір тұсындағы өнер-білім жорығы;
- Е) Ұжымдық шаруашылық.

**14. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы Қартқожа бейнесі:**

- А) Халық тағдыры жолындағы күресте өсіп-жетілген ауыл азаматы;
- В) Қазақ елінің бірлігі, жерінің тұтастығы үшін күресуші;
- С) Адал махаббат, шынайы сүйіспеншілік құрбаны;
- Д) Ұлы Отан соғысы майданындағы ерлік көрсеткен жауынгер;
- Е) Студент жастарды өрт құшағынан аман алып қалу жолында ерлік көрсеткен тұлға.

**15. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілекті ақтарға ұстап беруші кім?**

- А) Мұқаш;
- В) Бекболат;
- С) Орыс офицері;



- D) Балташ;
- E) Төлеген.

**16. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілек жаудан қашқанда жолыққан адам кім?**

- A) Дуана;
- B) Ақбала;
- C) Мамырбай;
- D) Балташ;
- E) Төлеген.

**17. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілектің жары кім?**

- A) Балташ;
- B) Қара мұрт;
- C) Бекболат;
- D) Ақбала;
- E) Төлеген.

**18. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек бейнесі:**

- A) Тағдыр тәлкегіне түсіп, оқу арқасында бақытына жеткен қыз;
- B) Сүйгеніне қосыла алмаған, теңсіздік құрбаны;
- C) Жаңа өкімет орнатуға қатысушы күрескер;
- D) Партия қызметкері;
- E) Жарқын болашағы бар студент.

**19. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілектің еліне қайтып келе жатқандағы психологиясын сипаттау:**

- A) Монолог;
- B) Баяндау;
- C) Диалог;
- D) Хат арқылы;
- E) Психологиялық параллелизм.

**20. Нәдір пері, Шайлан, Қараман М. Жұмабаевтың қай шығармасының кейіпкерлері?**

- A) «Қойлыбайдың қобызы»;
- B) «Қорқыт»;
- C) «Оқжетпестің қиясында»;
- D) «Батыр Баян»;

Е) «Жүсіп хан».

**21. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының оқиға желісіндегі байланысты көрсет:**

- А) Мұқаштың ауылға жау әкелуі;
- В) Бекболаттың Ақбілекке кешігіп келуі;
- С) Ақ әскерлердің ауылға аяқ астынан келіп қалуы;
- Д) Бекболаттың Ақбілекті айттыруы;
- Е) Ақ әскерлердің әйел іздеуі.

**22. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының оқиға желісіндегі шиеленісті көрсет:**

- А) Ақбілекті жаудың алып кетуі, аяғы ауыр болуы;
- В) Ақбілектің қасқырлар арасында қалуы;
- С) Ақ әскерлердің таудан кетуі;
- Д) Ақбілектің баласы туралы білуі;
- Е) Бекболаттың Ақбілекке үйленбек болуы.

**23. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының шешімі:**

- А) Ақбілектің іздеген мұратына жетуі;
- В) Ақбілектің қара мұртпен кездесуі;
- С) Ақбілек пен Бекболаттың табысуы;
- Д) Ақбілектің оқуға кетуі;
- Е) Ақбілектің қазақ табуы.

**24. Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінің тақырыбы:**

- А) Қазақ әйелінің тағдыры;
- В) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс;
- С) Октябрь революциясы;
- Д) Ұлы Отан соғысы;
- Е) Студент жастар өмірі.

**25. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында характер ашуда қолданған әдісі:**

- А) Сипаттау, ішкі монологтар, психологиялық параллелизм;
- В) Трагедия;
- С) Диалог;
- Д) Хат арқылы;
- Е) Романтизм.

### **3-нұсқа**

#### **1. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романының жанры:**

- A) Психологиялық;
- B) Тарихи-әлеуметтік;
- C) Мемуарлық;
- D) Философиялық;
- E) Этнографиялық.

#### **2. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиеттің басты өзгешеліктері:**

- A) Әдебиеттің сыншыл-реалистік бағытты дамытып, саяси-әлеуметтік және төңкерістік өзгерісті бейнелеуге бет бұруы;
- B) Қазақ елінің Қазан төңкерісі;
- C) Тарихи тақырып;
- D) Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы жаппай халықтық ереуіл;
- E) Жазушылардың, ақындардың XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік өзгерістерді жырлауы.

#### **3. Жаңа заман әдебиетінің тақырыптық-идеялық бағыттары:**

- A) Еңбекшілерді күреске, бостандық-теңдікке шақырған шығармалардың тууы және әдебиеттің жаңа кейіпкерлерін жасау;
- B) Қазақ ауылының шаруашылық күй-жайы;
- C) 1916 жылғы азаттық-бостандық жолындағы төңкеріс;
- D) Кеңес өкіметі мен Компартияның қудалаушылық саясатын әшкерелеу;
- E) Халық шаруашылығын индустрияландыру.

#### **4. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романының тақырып-мұраты:**

- A) 1916 ж. мен азамат соғысы кезіндегі ауылдағы әлеуметтік ахуал;
- B) Елде Кеңес өкіметін нығайту жолындағы күрес-тартыс;
- C) Болыс-билер әділетсіздігін әшкерелеу;
- D) Жаңа өмір тұсындағы өнер-білім жорығы;
- E) Ұжымдық шаруашылық.

**5. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы Қартқожа бейнесі:**

- A) Халық тағдыры жолындағы күресте өсіп-жетілген ауыл азаматы;
- B) Қазақ елінің бірлігі, жерінің тұтастығы үшін күресуші;
- C) Адал махаббат, шынайы сүйіспеншілік құрбаны;
- D) Ұлы Отан соғысы майданындағы ерлік көрсеткен жауынгер;
- E) Студент жастарды өрт құшағынан аман алып қалу жолында ерлік көрсеткен тұлға.

**6. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілекті ақтарға ұстап беруші кім?**

- A) Мұқаш;
- B) Бекболат;
- C) Орыс офицері;
- D) Балташ;
- E) Төлеген.

**7. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында Ақбілек жаудан қашқанда жолыққан адам кім?**

- A) Дуана;
- B) Ақбала;
- C) Мамырбай;
- D) Балташ;
- E) Төлеген.

**8. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілектің жары кім?**

- A) Балташ;
- B) Қара мұрт;
- C) Бекболат;
- D) Ақбала;
- E) Төлеген.

**9. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек бейнесі:**

- A) Тағдыр тәлкегіне түсіп, оқу арқасында бақытына жеткен қыз;
- B) Сүйгеніне қосыла алмаған, теңсіздік құрбаны;
- C) Жаңа өкімет орнатуға қатысушы күрескер;
- D) Партия қызметкері;

Е) Жарқын болашағы бар студент.

**10. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілектің еліне қайтып келе жатқандағы психологиясын сипаттау:**

- А) Монолог;
- В) Баяндау;
- С) Диалог;
- Д) Хат арқылы;
- Е) Психологиялық параллелизм.

**11. Нәдір пері, Шайлан, Қараман М. Жұмабаевтың қай шығармасының кейіпкерлері?**

- А) «Қойлыбайдың қобызы»;
- В) «Қорқыт»;
- С) «Оқжетпестің қиясында»;
- Д) «Батыр Баян»;
- Е) «Жүсіп хан».

**12. М. Жұмабаевтың Шығыс және Батыс елдері туралы философиялық өлеңдері:**

- А) «Пайғамбар», «Тәңір», «Орал», «От»;
- В) «Толқын», «Сағындым», «Айға»;
- С) «Алдамшы өмір», «Көкшетау», «Ой»;
- Д) «Мені де, өлім, әлдиле», «Жан сөзі», «Зар»;
- Е) «Өмір», «Тұтқын», «Жатыр».

**13. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының басты мұраты:**

- А) Ел қорғаушы батыр мен хандарды дәріптеу;
- В) Ру тартысын сынау, ескі салтқа қарсылық;
- С) Махаббатты, сүйіспеншілікті жырлау;
- Д) Еркіндікті, бостандықты дәріптеу;
- Е) Ашу-ызаны, қан төгісті айыптау.

**14. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының тақырыптық-мұраттық бағыты:**

- А) Халыққа адалдық, жауға өшпенділік, биік адамгершілік;
- В) Махаббат еркіндігі мен бостандық жолындағы күресі;

- С) Жауынгерлік рух;
- Д) Ұлттық әдет-ғұрпы пен озық дәстүрі;
- Е) Ел басқару ісіндегі ақыл-өнеге және билік тапқырлық.

**15. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының қаһармандары:**

- А) Баян, Ноян, қалмақ қызы, Абылай хан;
- В) Баян, Ноян, қалмақ қызы, Абылай хан, Еспембет;
- С) Баян, Ноян, қалмақ қызы, Абылай хан, Ер Қосай, Ер Көкше;
- Д) Баян, Ноян, Ардақ, Адақ;
- Е) Баян, Ноян, Ардақ, Адақ, Бөгембай, Қабанбай.

**16. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянына» тақырыптас шығарманы көрсетіңіз:**

- А) В. Гогольдың «Тарас Бульба» повесі;
- В) М. Горькийдің «Хан мен ұлы» әңгімесі;
- С) Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романы;
- Д) Мамин-Сибиряқтың «Ақ боз ат» әңгімесі;
- Е) М. Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесі.

**17. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының жанры:**

- А) Лирикалық;
- В) Тарихи-әлеуметтік;
- С) Философиялық;
- Д) Мемуарлық;
- Е) Тұрмыс-салт туралы.

**18. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының көркемдік ерекшелігі:**

- А) Психологизм;
- В) Тарихи-әлеуметтік;
- С) Ұлттық болмысты философиялық тереңдікпен жырлау;
- Д) Халық басындағы тозық дәстүрді сынау;
- Е) Жеке адамдарды бейнелеу.

**19. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Баянның інісі мен қалмақ қызының соңынан қуу себебі:**

- А) Ақсақалдың «... бір маскара іс өткен болып қапты...», — деген сөзінің әсерінен;

- В) Қалмақ қызын қызғануы;
- С) Ноянға деген қимастық сезім;
- Д) Екі жасты қайтару;
- Е) Екі жаспен қоштасу.

**20. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянына» «симфониялық жыр» деп баға берген кім?**

- А) Ә. Тәжібаев;
- В) М. Әуезов;
- С) Ж. Аймауытов;
- Д) Ш. Елеукенов;
- Е) М. Базарбаев.

**21. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының оқиға желісіндегі шиеленісті көрсет:**

- А) Ноян мен қалмақ қызының бір-біріне ғашық боп, елден қашуы;
- В) Баянның қалмақ қызын алып қайтуы;
- С) Баянның інісін өлтіруі;
- Д) Баянның жау қоршауында қалуы;
- Е) Абылайдың қол жинауы.

**22. М. Жұмабаевтың романтизміне тән ерекшелік:**

- А) Тұспалдау арқылы қоғамға наразылығын білдіреді;
- В) Қоғамды ашық түрде айыптауды;
- С) Болашаққа деген сенімі мол;
- Д) Өмірді жарқын жағынан көреді;
- Е) Ерекше көңіл аударарлық оқиға басым.

**23. Мына сөздер көркемдік тәсілдің қай түріне жатады?**

Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,  
Асығып екі жастың қанын ішті.

- А) Кейіптеу;
- В) Метафора;
- С) Метонимия;
- Д) Теңеу;
- Е) Эпитет.

**24. М. Жұмабаевтың сталиндік қуғын-сүргінді әшкерелейтін шығармасы:**

- A) «Жүсіп хан»;
- B) «Қорқыт»;
- C) «Қойлыбайдың қобызы»;
- D) «Тоқсанның тобы»;
- E) «Оқжетпестің қиясында».

**25. М. Жұмабаевтың табиғат лирикасы:**

- A) «Жел», «Қысқы жолда», «Жазғытұрым»;
- B) «Көбелек», «Күміс нұрлы ай», «Түн еді», «Батқан күн, атқан таңның жыры»;
- C) «Жұлдыздарға», «Жазғы түнде», «Жұмбақ»;
- D) «Күншығыс», «Орал», «Орал тауы»;
- E) «Жер жүзіне», «Бір күні», «Жоғалған алтын».



## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, Ғылым, 2001, 448 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана, Күлтегін, 2002, 528 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1995. – 1 т. – 15–30 б.
4. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. – Алматы, 1997. – 98–102 б.
5. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. – Алматы, 1994. – 41–197 б.
6. Жүсіпов Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар, 1999. – 194 б.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1995. – 105–155 б.
8. Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы, 1989. – 58 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1996. – 3 т. – 365–416 б.
10. Ысқақов Д. Сынсонар. – Алматы, 1994. – 177–185 б.
11. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1996. – 1 т. – 14–313 б.
12. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996. – 37–46 б.
13. Достоевский Ф. Ағайынды Карамазовтар. – Астана, 2004. – 382–711 б.
14. История русской литературы XIX века. – М., 1987. – 400 б.
15. Набоков В. Романдары. – Алматы, 2005. – 273 б.
16. Нұртазин. Т. Б. Майлин творчествосы. – Алматы, 1958. – 195 б.
17. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы, 1963. – 242 б.
18. Чехов А. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 331 б.
19. С. Қирабаев «Әдебиеттің ақтаңдақ беттері» Алматы 1995ж.
20. Оқушы анықтамасы – «Ж. Аймауытов».
21. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» - Алматы, 1993-280б.
22. А. С. Исмакова «Казахское художественное произведение», «Политика, жанр, стиль.» «Начало XX века и современность.» - Алматы, «Ғылым» 1998ж.
23. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1992ж.

- 24.Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 2002ж.
- 25.ХХ ғасыр басындағы ақын – жазушылар.Алматы, 1982ж.
- 26.Кәкішев.Т.Қазақ әдебиеті сынының тарихы.Алматы,1994ж.
27. 20-30ж Қазақ әдебиеті.Алматы,1997ж.
- 28.Қазақ әдебиетінің тарихы. II том.2 кітап.Алматы,1965ж.
- 29.Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы,1961ж.
- 30.Ысқақұлы.Д.Сын сонар. Алматы,1994ж.
31. Қ.Мумалиев, Стилль және өнер ерекшелігі,1996ж.
32. Ө.Тәжібаев Өмір және поэзия, 1998ж.
33. Сәкен Сейфуллин Шығармалар, алты томдар, 1966ж.
34. Сәкен Сейфуллин, Тар жол тайғақ кешу романы, Алматы.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
Ш.Құдайбердиев.....	6
М.Жұмабаев.....	9
Ж. Аймауытов.....	48
Б.Майлин.....	95
С.Сейфуллин шығармашылығы.....	102
І.Жансүгіров шығармашылығы.....	104
Теориялық сұрақтар.....	110
Тапсырмалар.....	111
Тест сұрақтары.....	112
Әдебиеттер.....	130

Тлеубекова Ботакөз Тұрғамбайқызы  
Еділхан Өміртай  
Әубәкір Зәмзәгүл Молдыраманқызы

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

*Филология мамандықтарының студенттеріне  
арналған оқу құралы*

Басуға қол қойылды 26.12.2019 ж. Пішімі 64x84/<sup>16</sup>.  
Шартты баспа табағы 8,3. RISO басылым.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №194.  
“ОНОН” баспасы.